

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 376.3-056.264(574)

Қолжазба құқығында

ИБАТОВА ГАУХАР БИРЖАНОВНА

**Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың
сөзжасам дағдыларын дамыту**

6D010500 – Дефектология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
Сатова А.К.,
п.ғ.д., проф.

Шет елдік кеңесші
Ева Мария Кулеша
п.ғ.д., проф.
Мария Гжегожевска ат.
Арнайы педагогика акад.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТАУЛАР.....	7
КІРІСПЕ.....	8
1 СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА СӨЗЖАСАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСПАУЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	19
1.1 Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері.....	19
1.2 Сөзжасамның зерттелуінің лингвистикалық және психолінгвистикалық аспектілері.....	26
1.3 Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасамның қалыптаспауы (әдебиетке шолу).....	43
2 СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗЖАСАМ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	60
2.1 Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың психологиялық- педагогикалық сипаттамасы.....	60
2.2 Зерттеу экспериментін ұйымдастыру.....	62
2.2.1 Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалармен түзету жұмысын жүргізетін логопедтермен сауалнама жүргізу және материалдарын талдау.....	64
2.2.2 Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтау, зерттеу материалдарын талдау	77
3 СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗЖАСАМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ..	97
3.1 Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі, іске асырылуы.....	97
3.2 Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту моделінің іске асыруда қолданылатын әдістемелік тәсілдер.....	112
3.3 Эксперименталды оқытуды талдау.....	126
ҚОРЫТЫНДЫ.....	135
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	141
ҚОСЫМШАЛАР.....	156

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>,

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, № 319. 2 шілде 2007 жыл. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>,

Бала құқықтары туралы конвенция. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы, – 1989 жыл 20 қараша. Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400>,

Балалардың өмір сүруі, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларация Нью-Йорк. 1990 жыл 30 қыркүйек. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O9000000003>,

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030183>,

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусым №56-VII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056>,

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашада № 941 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941#z14>,

Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021 - 2023 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 112-өкімі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/R2000000112>.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Алалия (гр.т.lalia — сөйлеу) — ақылы, есту қабілеті бола тұра, балалардың сөйлеу тілінің болмауы немесе жүйелі түрде дамымауы. Көбінесе, нәрестенің ми қыртысының органикалық жағынан зақымдануы, іште жүргенде немесе туа біткен, яғни туғаннан кейінгі алғашқы кезеңдерде алынған жарақатына байланысты ми қыртыстарының сөйлеу аймақтарының жетілмей қалуына әкеледі. Алалияның моторлық (сөйлем құрау қабілетінің, яғни эсперессивтік), сенсорлық сөз тұлғаларын түсіну және аралас түрлері болады.

Аналогия (гр.т. analogikos – ұқсас) – кейбір заттар, құбылыстар немесе түсініктердің араларындағы ұқсастықтар. Екі зат немесе құбылыстың ұқсастықтары негізінде олардың басқа жақтарының ұқсастықтарына қарап қорытынды жасаудағы ой тұжырымы. Әртүрлі ұрықтардан дамыса да және құрылыстары бірдей болмаса да, бір қызметті атқаратын, жүйелері әртүрлі топтағы организмдер немесе олардың мүшелері тіршілігінің жағдайына қарай бейімделуіне байланысты сыртқы ұқсастықтары.

Анамнез (гр.т.anamnesis – еске түсіру деген сөзі) — ауру адам тұрмыс жағдайы және оның сырқатының басталу себебі мен даму барысын білдіру туралы мағлұмат.

Аффикс (лат.т. affixus – жалғанған) — қосымша, түбірге жалғанып, грамматикалық немесе сөзжасамдық мағына тудыратын сөз бөлшегі, сөздің ең кіші құрылымдық элементі, көмекші морфема.

Грамматикалық категория — мағынасы ұқсас грамматикалық тұлғалардың бір-бірінен өзгеше жүйесі. Бұл жүйеде категорияландыратын белгі басты қызмет атқарады.

Денотат – айқын мағынаны немесе олардың жиынтығын білдіретін сөзді немесе таңбаны қолдану әрекеті.

Денотативті тіл – объективті түрде, факті немесе жағдай төңірегінде сөздерді нақты мағынасында қолданып, әдеби коннотациясыз, қосарлы мағынада айтылады.

Деривациялық мағына — өз алдына дербес қолданылмайтын сөзжасам жұрнақтары білдіретін үстеме мағына. Ол арқылы сөздің лексикалық мағынасына өзгеріс кіріп отырады: көл — көлшік, мал — малшы.

Дефиниция – ұғымның немесе заттың нақты белгілерін және басқадай ерекшеліктерін мазмұнын логикалық нақты анықтау.

Естіп қабылдау — дыбыстарды қабылдау және оларға сүйеніп, есту анализаторы арқылы қоршаған ортада бағдарлау білігі.

Жұрнақ – жалғанған сөзінен жаңа сөз тудыратын немесе сөзді түрлендіретін қосымша. Қазақ тілінде кез келген сөздің жұрнақсыз болуы мүмкін емес. Қазақ тілінде жұрнақтар қызметіне қарай екі түрге бөлінеді:

1. сөз тудыратын жұрнақтар өзі жалғанған сөзінен жаңа сөз тудырады. Мысалы, «етік-ші», «біл-ім», «жасы-қ», «таға-ла»;

2. сөз түрлендіретін жұрнақтар өзі жалғанған сөзге қосымша мағына қосып, сөздің тұлғасын өзгертеді. Мысалы, «қызыл-ырақ», «кіші-рек», «көк-шіл», «мықты-рақ», «кел-іп», «кел-ге-лі». Жұрнақтар сөзге белгілі бір жүйеде рет-ретімен жалғанады. Жұрнақтардың тағы бір ерекшелігі, олар түбірге де, туынды сөзге де жалғанады («қобыз – шы», «қобызшы-лық», «ұйым», «ұйым-дас-тыр-у-шы»).

Интуитивті меңгеру әдісі — тілді саналы түрде игеру арқылы емес, оқытушының сөзіне еліктеу және имитативті жаттығулар жасау арқылы, ережені түсіндірмей, ережелерді интуитивті түрде түсіндіру арқылы оқыту.

Интегративті тіл – қандай да бір ғылым дамуы оның өз ішінде саралану және өзге ғылым салаларымен ұштасу, тоғысу үдерісімен байланысты болғандықтан, қазіргі заман тіл білімі мен жалпы ғылым дамуынан қалыс қалып отырмауы аталады.

Когнитивті даму — (ағ. Cognitive development) – барлық психикалық процестердің дамуы, атап айтқанда, қабылдау, түсініктердің, қиял, ойлауының, тілінің қалыптасуы мен дамуы.

Корреляция – (көне лат. correlatio – ара қатынас) сәйкестілік, үйлесімділік.

Қабілет – білім, дағды, ептіліктерді игерудің мүмкіндік көзі, ал оның іске асу аспауы көп жайттарға тәуелді. Білім, ептілік және дағдылардың игерілуімен олардың қабілетпен тікелей байланысы көріне бастайды, яғни іс - әрекетті игеру барысында қатыса отырып, қабілет одан әрі дамиды, оған жаңа мазмұн мен сипат береді.

Қабылдау – заттарды, сыртқы ортаны, жағдайларды т.с.с. қабылдау, қабыл алу. Оларды бейнелейтін психикалық процесс.

Морфема – (гр.т. morfe – түр, тұлға) – сөздің мағыналы ең кіші бөлшегі, грамматикалық ұғым.

Мотивация – (ағ.т. motivation – ниеттену, талаптану) – адамдар мен жануарлар өздерінің мұқтаждықтарын қанағаттандыруға бағытталған қимыл, іс-әрекеттерін орындауға ұмытылдырып, қоздыратын ми құрылысының белсенділігі.

Омоним – (гр.т. homos –біркелкі, опума – есім) – шығуы жағынан да, мағына жағынан да басқа-басқа, айтылуы және жазылуы бірдей сөздер.

Онтогенез – (гр.т. on, ontos-болмыс, тіршілік) — тіршіліктің пайда болу кезінен аяқталуына дейінгі өзінің өзгеріске ұшырауын қамтитын организмнің дербес дамуы.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы – зияты мен есту қабілеті қалыпты дамыған жағдайда баланың сөйлеу тілінің дыбыс айтуы, мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі жүйесінің барлық құрама бөліктері (фонетикалық, сөздік қоры, грамматикалық жағы) қалыптасуының бұзылуы себебінен болатын әртүрлі күрделі тіл кемістіктері.

Сөйлеу тілін грамматикалық жағынан өңдеу — сөйлегенде халықтың тіл ерекшелігіне байланысты грамматикалық заңдылықтар мен ережелерді сақтау.

Сөзжасам — тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздер қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы. Зат не құбылыс туралы

ұғым тілде таңбаланып, сөзжасамдық процесс негізінде атау ретінде танылады. Сөзжасам зерттеу нысанына атаудың жасалуы, қалыптасуы, ұғымда қалыптасқан бейненің тілдік таңбасы, туынды сөздің жасалу сипаты, әдіс-тәсілдері, жаңа мағынаның ішкі құрылымы, т.б. жатады.

Сөзжасам дағдылары — бастапқы бірліктерді семантикалық түйсініп, тілдегі белгілі тәсілдер арқылы жаңа (туынды) сөз жасау процесі немесе нәтижесі. Сөзжасам – тілдің сөздік қорын молайтудың маңызды көзі.

Сөзжасам дағдыларын дамыту — сөз түбіріне тиісті жұрнақтарды қосып, жаңа мағыналы сөз жасау білігін дамыту.

Сөзжасау қабілеті — сөзжасау білім, дағды, ептіліктерін игерудің мүмкіндік көзі. Сөзжасауға қатысты іс-әрекетті игеру барысында қатыса отырып, сөзжасамдық қабілет одан әрі дамиды, іс-әрекетке жаңа мазмұн мен сипат береді.

Сөзжасамдық ұя — сөзжасамның негізгі ұғымы. Сөзжасамдық ұя дегеніміз – жаңа сөзжасамдарға негіз болатын, ортақ, өзек мағына қалыптастыратын сөздердің жиынтығы.

Сөзжасамдық мағына – сөзжасамдық үдерісте қалыптасқан туынды мағына. Сөзжасамдық тип деп бір сөз табынан белгілі бір жұрнақ арқылы жасалған ұқсас мағыналы туынды сөздердің жасалуы аталады.

Талдау (гр.т.analysis – талдау, бөлшектеу) – белгілі бір құбылыс жағдайдың мида талдануы, бөлшектеп, ұғу. Оған қарама-қарсы синтездеу – бөлшектерді қосып, бүтін күйде қабылдау, түсініп алу. Бұл екі ұғым бір-бірімен тығыз байланысты. Анализдеу барысында бөлшектердің бүтін толық қалыптағы затқа, құбылысқа, жағдайға қатынасы, тіпті бөліктердің бір-біріне қатынасы анықталады.

Түбір — сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең түпкі негізі. Бұл түпкі негіз сөз құрылысы да, мағынасының да негізгі ұйытқысы болып есептелінеді. Өйткені түбір морфема сөздің негізгі лексикалық мағынасын білдіреді. Түбір морфема қатыспаса, қосымша морфеманың бір де біреуі яки бірнешеуі қосылып та ешқандай мағынаны білдіре алмайды. Түбір морфема өздігінен жеке тұрып семантикалық жағынан да, қызметі жағынан да дербес сөз бола алады. Мұндай жағдайда түбір морфеманың мағынасы мен сөздің мағынасы бірдей болып шыға береді. Мысалы, *бас, тіл, жол, кел, жүр* морфемаларын алсақ, олардың әрқайсысы әрі түбір морфема, әрі жеке сөз бола алады.

Түбірлес сөз – бір түбір арқылы жасалған туынды сөздер. Макросемалы бір буынды түбірден түрлі сөзжасамдық тәсіл негізінде алуан түрлі семаларға жіктеліп, бір семантик. өріске жататын ортақ мағыналы туынды сөздер түбірлес сөздер аталады.

Туынды сөз – сөзжасам саласының негізгі ұғымы. Қазақ тілінің сөздік құрамында қолданылып жүрген қазіргі атау сөздердің бәрі дерлік туынды атаулар. Қазақ тілінде бір туынды ат, ақ, су, таң, қазақ тіліндегі бір буынды аң, ас, су, жар, там т.б. атаулардың өзі туынды сөз ретінде танылады. Бұл сөздер тұлғалық жағынан өзгермегенмен, мағыналық құрылымы семантикалық сөзжасам негізінде дамыған. Сондықтан да бұл атаулар іштей көпмағыналылыққа, антонимдік сыңарлар мен синонимдік қатарларға жіктеледі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
СТЖД	– сөйлеу тілінің жалпы дамымауы
СТЖД	– сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды мектепке дейінгі
ҮОБ	– тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
ҚР	– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары
ҒЖБМ	білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім
БСС ҚК	саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті
ҚР БжҒМ	ҚР Білім және ғылым министрлігі
МДББҰ	– мектепке дейінгі білім беру ұйымдары
МДБ	– мектепке дейінгі білім
МЖДБ	– мектеп жасына дейінгі балалар
ББ	– балабақша
БТ	– бақылау тобы
ЭТ	– эксперименталды топ

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Қазақстан Республикасында ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының, білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктерді белгілейтін 8-бабында «Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді» деп көрсетілген. Білім беру жүйесінің міндеттерін белгілейтін тарауында «...білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасалуы тиіс ...» делінген [1].

«Барлығына арналған білім беру» тақырыбындағы Юнеско баяндамасында да балаларды оқытуды туғаннан бастау керектігі басты орынға қойылады. Атап айтқанда, 1989 жылғы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «Бала құқықтары туралы Конвенцияда» ертеден оқыту қажеттілігі негізделген, осыны ойдан шығармасақ, мектепке дейінгі жастан оқытудың қажеттілігі негізделгенін ескеріп, мектепке дейінгі жастағы балаларды дамыту мәселесінің теориялық негіздерін зерттей түсіну қажеттілігі арта түседі [2].

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БЖҒМ 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығында «Оқу қиындықтарының себептеріне байланысты ... мектептегі белгілі бір дағдыларды меңгеруде қиындықтары бар балалар, сондай-ақ даму мүмкіндігі шектеулі ...сөйлеу қабілеті зақымдалған (1-3 деңгейдегі сөйлеу тілі жалпы дамымаған ... балалардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін қанағаттандыру ... қажет» делінген [3].

Осыған орай, қазіргі таңда маңызды проблемалардың бірі дамуында ауытқуы бар балаларға және олардың отбасыларына уақытылы кешенді көмек көрсетуге байланысты. Р.А. Сулейменованың пікірінше: «Қазіргі кезеңде дефектология дамуының аса тиімді және нақты бағыты болып табылатыны, ол ресурсты сақтаушы педагогикалық технология ретіндегі балалардың әлеуметтік дезадаптациясының алдын алу шараларын құру болып табылады» [4].

2022 жылдың 24 қарашасында ҚР Білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді, оған сәйкес, 2026 жылға қарай мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының барлығы тәрбие және оқыту сапасын бағалаудың халықаралық құралдарын енгізетін болады. «Білім берудің маңызды деңгейі — балабақшалар. Зерттеулерге сәйкес, балабақшалар балалардың зерде, эмоционалды, әлеуметтік, психологиялық дамуына ерекше әсер етеді. Осы орайда балабақшаларда балаларды дамытудың жаңа моделі, оқытудың әдістері мен бағдарламалары енгізілуде. Бұл мектепке дейін білім беруде ең үлкен өзгеріс. ... халықаралық тәжірибені ескеріп, тәрбие процесі ойын арқылы іске асырылады» - делінген [5].

Бүгінде, дамуында ауытқуы бар балаларға, олардың ата-аналарына деген қоғамның көзқарасы түбегейлі өзгеруде. Сондай-ақ, мүмкіндіктері шектеулі балаларға қатысты Қазақстанның бірқатар халықаралық құжаттарға қол қоюы, ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы, 2002ж. [6] оларға қатысты біршама мәселелерді шешуге ықпалын тигізеді. Сонын бірі ретінде, қазіргі кезде арнайы мекемелеріне арнап тағайындалған мемлекетіміздің маңызды заңдары бірінде көрсетілгендей инклюзивті білім беруді дамыту шаралары қолға алынуда. Инклюзивтік білім беру – мектеп жасына дейінгі әртүрлі мұқтаждықтағы даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды дамытуды, мектепке дейінгі білім алуға және дамытуға қол жеткізуді көздейтін кіріктірілген білім беру процесі [7].

Осыған орай, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау жөніндегі мемлекеттік саясаттың барлық стратегиялық бағыттарын негізге ала отырып, ҚР білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді дамытудың 2021 - 2023 жылдарға арналған Жол картасы әзірленіп, сол құжаттың аясындағы іс - шаралары жоспарында оқу - әдістемелік қамтамасыз ету, кедергісіз орта құру мәселелеріне ерекше көңіл берілуде [8].

Мемлекетімізде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың толыққанды білім алуы мақсатын көздей отырып, біздің зерттеуіміздің мәселесі мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктеріне арналады.

Сөзжасам мәселесін зерттеу, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастырудың негізі болып табылады және отандық ғылымда ерекше орынға ие, бұл бағыттағы көптеген зерттеушілердің еңбектерін атауға болады.

Тіл білімінде жүргізілген зерттеулерге сәйкес, сөзжасам мәселесі алғаш XI ғасырдан (Махмуд Қашқаридың «Диуани-лұғат ат-түрк» (XIғ.), Ибн Муханнаның «Китаб таржуман фарсы ва тюрки ва моголи» (XIҮғ.) еңбектерінен) бастауын алады. Аталған кезеңдердегі еңбектерде тұңғыш рет сөз құрамының жасалу жолы, сөзжасамға қатысты қосымшалары туралы мәліметтер ұсынылса, Қазан төңкерісіне дейінгі грамматика ілімінде сөзжасам тәсілдері (аффикстік, біріктіру, қосарландыру тәсілі) туралы өткен ғасырдың бірінші жартысындағы еңбектерде сөзжасам морфология саласында қарастырылды және түркі тілдерінде туынды сөзді жасау жолдарын ары қарай жалғастырылып, жетілдірілді (Б. Рысбай, Н. Егизбаева) [9].

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, халқымыз «ұлт ұстазы» деп атаған аса көрнекті ғалым А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушысы қазақ ғылым саласында негізгі ұғымдарды және олардың байланысын анықтап, қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін, әртүрлі сөз таптарының және жалғау, жұрнақ терминдерінің атауларын алғаш рет жасаған [10].

Қазіргі уақытқа дейін сөзжасам мәселесіне деген қызығушылық басылмаған, себебі сөзжасам біршама қызмет атқаруын белгілеп, (H.W. Catts [11], K. McGregor, R.M Friedman, R.M Reilly & R.M Newman [12], P. Stekauer [13], Viitso T-R. [14], E. Hamaan [15], B.B. Виноградов [16], A.H. Гвоздев [17], E.C.

Кубрякова [18], А.А. Леонтьев [19], Е.Н. Негневицкая [20], Ф.А. Сохин [21], С.Н. Цейтлин [22], А.М. Шахнарович, Д.Б. Юрьева [23], Е. А. Земская [24], М. Балақаев [25], А. Қалыбаева, Н Оралбаева [26], К. Құрманәлиев [27], А. Салқынбай [28], З.К. Ахметжанова [29], Қ.Есенов [30], Е. Жанпейісов [31], Ш. Сарыбаев [32], З. Бейсембаева [33], А.Р. Кошекова [34], А. В. Есипова [35]) ғалым – лингвисттер, психологтар, педагогтар, психолінгвисттер тілдің және сөйлеу тілінің онтогенетикалық дамуындағы сөзжасамдық мүмкіндіктердің заңдылықтарын, кезектілігін, даму деңгейін және сатысын зерттеуді жалғастырады.

Жоғарыда айтылғанға орай, біз тақырыбымызға сәйкес, мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың сөзжасамына жеке тоқталайық. «Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы – зияты мен есту қабілеті әдеттегідей дамыған балалардың сөйлеу тілінің барлық құрама компоненттерінің (фонетика, грамматика, лексика) бұзылуындағы сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары» делінген. Бұл термин ҚР БЖҒМ 29.12.2018 бекіткен №721 бұйрығында [36] «Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы» деп берілген.

Қазіргі кезде сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар санының көбею тенденциясы байқалады, ол турады көптеген ғалымдар айтуда (Л.Р. Муминова, М.С. Грушевская, З.А. Мовкебаева, М.Ю. Аюнова, Е.А. Бабаева, Қ.Қ. Өмірбекова, В.С. Балқыбекова, Сайдалиева, Л.Г. Парамонова, А.В. Семенович, Н.С. Жукова, Е.М. Мастюкова [37-46]). Сондай-ақ, соңғы жылдары СТЖД мәселесі әртүрлі тұрғыда қарастырылып, зерттеліп келеді: клиникалық, психологиялық, педагогикалық, психолінгвистикалық жағынан.

Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың сөйлеу мүмкіндіктері сапалық жағынан төмендігі туралы әртүрлі сала ғалымдары, атап айтқанда, психологтар (В.А. Валявко, Т.Г. Визель, Т.Н. Волковская, Е.Е. Дмитриева, Н.Н. Трауготт [47-51]), педагогтер (В.А. Ковшиков, С.С. Ляпидевский [52,53]); жақын шетелдің логопедтері (Л.С. Волкова, С.Н. Шаховская [54], Р.И. Лалаева, М.Е. Хватцев [55,56], Т.Б. Филичева, О.С. Орлова, Т.В. Туманова [57], Л.Р. Муминова, Р. Шомахмудова [58]), Л.Ш. Нурмухамедова [59]) және шетел ғалымдары (J.Rönnerberg, T. Lunner, A.Zekveld, P.Sörqvist [60], V. Clark E. [61], M. Kwiatkowsky [62], M.L. Rice [63], M. O. Orap [64], J.A. Eyer, L.V. Leonard, L.M. Bedore, McGregor [65]) зерттеп, анықтаған.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу тілі құрылымында, әсіресе, тілдің грамматикалық жағын меңгеруде тұрақты қиындықтар байқалып, оны жетілдіру, дамыту мәселесі логопедиялық жұмыстың маңызды бағыты болып саналады. Бұл балалар үшін сөзжасам дағдыларын меңгеру сөйлеу тілі дамымауының үшінші деңгейінен бастап қана қолжетімді болады. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың мәселесін, зерттеушілер олардың жаңа сөз түрлерін құрауда қиналатынын айтып өткен (Н.С. Жукова, Г.А. Каше, Л.Ф. Спирина, Р.И. Шуйфер, Л.Р.Муминова [66-70], М.Ю. Аюнова [40,с. 22], Е.А. Бабаева [41,с. 47]). Бұл әрекеттер СТЖД балалардың туынды атауларды өз бетінше өңдеуде сезінетін қиындықтарын анықтау сипатында болады.

Республикада арнайы оқыту саласында біршама жағымды өзгерістердің байқалуымен қатар, осы уақытқа дейін шешуін таба алмай келе жатқан мүмкіндіктері шектеулі балаларды ана тілінде түзете-оқыту, тәрбиелеу мәселесі Педагогикалық және арнайы әдебиеттерді талдау барысында сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөзжасам дағдыларын дамыту мәселесі бойынша ғалымдар мен ізденушілердің бұл бағытта біршама зерттеулер жүргізгеніне көз жеткіздік.

Кейінгі кезде, елімізде СТЖД балалардың әртүрлі аспектілерін зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, отандық ғалымдар мен логопедтер

СТЖД балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері, мектепке оқуға дайындығы, жазбаша сөйлеу тіліне әсері, фонетикалық - фонематикалық жағының ерекшеліктері, т.б. арналған зерттеулерді атауға болады (М.С. Грушевская [38,с. 41], З.А. Мовкебаева [39,с. 8], Қ.Қ. Өмірбекова, В. Балқыбекова [42,б. 18], Г.С. Оразаева [71], И.А. Денисова [72], Г.Н. Тулебиева [73]).

Ғалым М.С. Грушевская [38,с. 43] сөйлеу тілі жалпы дамымаған бастауыш сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің ерекшеліктерін ашып көрсеткен.

Отандық ғалым З.А. Мовкебаева [39,с. 171] ғылыми зерттеу еңбегінде СТЖД балалардың мектепте оқуға дайындығын қалыптастыру мәселелерін жан-жақты зерттеп, ұсыныстар мен тұжырымдамалар жасаған.

Мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілінің бұзылыстары бар, оның ішінде СТЖД балалармен логопедиялық жұмыста қазақ ұлттық ойындарын қолданудың педагогикалық шарттарын Г.С. Оразаева [71,с. 121] зерттеуінде айқындаса, И.А. Денисова [72,с. 78] СТЖД төмен сынып оқушыларының дизорфографиясын түзету және алдын алу мәселелерін қарастырған.

Осы орайда, қазақ балаларында кездесетін сөйлеу тілінің жалпы дамымауы мәселесін қарастырған отандық ғалым Қ.Қ. Өмірбекова мен В.С. Балқыбекова [42,с. 18] фонематикалық жағының жағдайын анықтап, ерекшеліктерін белгілеген. Ал, ізденуші Г.Н. Тулебиева [73,б. 28] мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар тілінің фонетикалық-фонематикалық жағын зерттеп, ерекшеліктерін атап көрсеткен.

Дейтұрғанымен, СТЖД қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларының жағдайын және дамуын зерттеу, дамытудың ғылыми негізделген әдістері де, құрастырылмағанын, осы үрдістегі спецификалық қиындықтарын нақтылауға бағытталған арнайы зерттеулер арналмағаның байқадық.

Сондықтан да, біздің зерттеу жұмысымыз отандық логопедиядағы әлі де толық зерттелмеген маңызды мәселе – мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың (яғни, сөйлеу тілі жүйесінің барлық құрама компоненттерінің бұзылысы бар балалардың) сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған.

Сонымен, мәселенің **өзектілігі** келесідей жағдайлармен сипатталады:

- СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларының даму ерекшеліктері жөніндегі зерттеулердің теория мен практикада болмауы;

- мектепке дейін басталған сөзжасамды дамыту түзету-педагогикалық жұмыс мектепте оқуға дайындығын арттырып, мектептегі үлгермеушілігінің көптеген себептерін болдырмауға мүмкіндік береді.

Айтып өткендегідей, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалармен түзете-дамыту процесін ұйымдастыру мәселелерін ашатын бірқатар зерттеулерді отандық ғалымдар мен ізденушілер жүргізген. Алайда, бұл ғылыми –зерттеулер мен еңбектерді талдау барысында, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балаларда сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтау және дамыту мәселесінің зерттелмегенін анықтадық.

Арнайы түзете-оқыту үрдісінде сөзжасам дағдыларын дамытудың қажеттілігі мен оның тәжірибеде тиімді қолдану арасындағы қарама-қайшылық туындайды:

- сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігі мен, оның қазақ тіліндегі теориялық негіздерінің зерттелмеуі;

- СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту қажеттілігі мен ғылыми негізделген бағдарламаның болмауы мен тәжірибеде тиімді қолданылмауы;

- СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға бағытталған түзету логопедиялық жұмыс жүйесінің қажеттілігі мен ғылыми-әдістемелік деңгейде жеткіліксіз қамтамасыздандырылуы.

Сонымен, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасам дағдыларын дамыту мәселесі бойынша ғылыми зерттеулердің болмауы, бүгінгі таңда сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасам дағдыларын дамыту жолдарының жеткіліксіз қарастырылуы, СТЖД мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасам дағдыларын анықтау әдістерінің жоқтығы, дамыту бойынша бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілмегендігін атай отырып, жоғарыдағы қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру біздің зерттеу проблемамызды айқындауға және тақырыпты «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты – логопедиялық жұмыс процесінде мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың педагогикалық жүйесін жасау және ғылыми негізін дәлелдеу.

Зерттеу нысаны – мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу тілінің даму процесі.

Зерттеу пәні – мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларының қалыптасу ерекшеліктері.

Зерттеудің болжамы - Егер мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларының қалыптасу ерекшеліктері айқындалып, оны дамытудың ғылыми негізделген педагогикалық жүйесі құрастырылып, логопедиялық жұмысқа еңгізілетін болса, онда:

- сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың туынды сөздер арқылы сөздік қоры молайып;

- сөйлеу тілінің грамматикалық жағы жетіліп;

- байланыстырып сөйлеуін дамыту мүмкіндіктері артады.

Зерттеудің міндеттері

1. Зерттеу мәселесінің отандық және шетел ғылымы мен тәжірибесінде қарастырылуын зерттеу және талдау.

2. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының даму ерекшеліктерін анықтау.

3. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау.

4. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін іске асыру, оның тиімділігін эксперименттік дәлелдеу.

Ғылыми зерттеу жұмысының жетекші идеясы: Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған логопедиялық жұмыс жүйесін құру қажеттілігі мен ғылыми негіздеу бала тілінің толыққанды дамуына тиімді болып табылады. Ұсынылып отырған педагогикалық жүйе сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының дамуына, сөздік қоры молаюына, сөйлеу тілі грамматикалық жағы жетілуіне және жазу бұзылыстарының алдын алуға ықпал етеді.

Зерттеудің теориялық- әдіснамалық негіздері болып жалпы және арнайы психологияның, педагогика, лингвистика мен психолінгвистиканың концепциялары табылады:

- сөйлеу тілі мен ойлауды зерттеудің теориялық концепциялары (Т.В. Ахутина, Т.Г. Визель, Л.С. Выготский, Н.И. Жинкин, А.А. Леонтьев, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия, Ж. Пиаже, А.А. Потебня, Ф. Соссюр, Т.Н. Ушакова, Л.В. Щерба, И.А. Бодуэн де Куртенэ, N. Chomsky, K. Sander, M.O. Ogar);

- онтогенезде сөйлеу тілінің қалыптасу заңдылықтары (А.Н. Гвоздев, Ф.А. Сохин, Д.Б. Слобин, А.М. Шахнарович, Б. Баймұратова, Т.Т. Аяпова);

- дамуында ауытқуы бар балаларды арнайы ұйымдастырылған оқытудың рөлі туралы (Л.Б. Баряева, С.А. Миронова, Р.А. Сулейменова, т.б.);

- қазақ тілі грамматикалық жүйесінің ерекшеліктері (М.Б. Балақаев, Р.С. Амиров, А.Д. Данияров, А. Ибатов);

- сөйлеу тілі жалпы дамымауының құрылымы мен белгілері жөніндегі заманауи көзқарастар (М.С. Грушевская, З.А. Мовкебаева, Р.Е. Левина, Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина, Қ.Қ. Өмірбекова, В.С. Балқыбекова, Л.Р. Муминова, М.Ю. Аюнова, Е.А. Бабаева, Л.Ф. Спирова, М.С. Жукова, Т.В. Туманова).

Зерттеудің көздері: мектепке дейінгі ұйымдарда оқу процесін реттейтін нормативті-құқықтық құжаттар; зерттеу тақырыбына сәйкес отандық және шетелдік ғалым дефектологтардың еңбектері, психологиялық-педагогикалық, диссертациялық зерттеулерді талдау; халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарына шолу жасап, талдау;

«№26 Сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақша» КММ, «Түзеу үлгісіндегі сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған №66 бөбекжай балабақшасы» ММ, «Көру және сөйлеу қабілеті нашар балаларға арналған №124 арнайы (түзету) бөбекжай-балабақшасы» ММ автордың өзіндік тәжірибелік-педагогикалық зерттеу жұмысы.

Зерттеудің әдістері

- теориялық: зерттеу тақырыбына байланысты психологиялық-педагогикалық, лингвистикалық арнайы әдебиеттерге, зерттеулерге ғылыми тұрғыда талдау жасау; білім беру бағдарламалары, талдау; теориялық негіздеу;

- эмпирикалық: сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балалар бақшасындағы тәрбие-оқу процесін бақылау, озат тәжірибелерді зерделеу; логопедтерге арналған сауалнама жүргізу; анықтаушы, қалыптастырушы эксперименттер жүргізу, оның нәтижелерін сұрыптау; алынған материалдарды математикалық-статистикалық өңдеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

1 - нәтиже. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың теориялық- әдіснамалық негіздері айқындалды.

2 - нәтиже. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларының даму деңгейі мен ерекшеліктері анықталды.

3 – нәтиже. Зерттеу барысында сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.

4 – нәтиже. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі іске асырылып, оның тиімділігі эксперименталды дәлелденді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы

1. СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктері айқындалып, осы санаттағы балалардың сөзжасам дағдылары туралы мағлұматтар нақтыланып, толықтырылды.

2. СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту жұмысы мақсатты түрде жүргізіліп, түзету-оқыту педагогикалық үдерісіне жүйелі түрде енгізу қажетілігі ғылыми тұрғыдан негізделді.

3. СТЖД III-деңгейдегі мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту жұмысының мазмұны, оқыту стратегиясы, педагогикалық жүйесі ғылыми - әдістемелік тұрғыдан негізделді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы

1. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту үшін логопедиялық жұмыстың тиімді жүйесі әзірленді, сынақтан өткізілді және тәжірибеге енгізілді.

2. Арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының логопедтері, тәрбиешілеріне және ата-аналарға арналған «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» оқу-әдістемелік құралы мен логопедиялық мультимедиялық жаттықтырғыш құрастырылды.

3. Зерттеу барысында анықталған деректер мен мағлұматтарды мектеп жасына дейінгі СТЖД балаларға арналған оқу-әдістемелік құралдарды құрастыруда басшылыққа алуға болады.

4. Жүйеленген әдістемелік құрал мен инновациялық мультимедиялық жаттығуларды логопедтер мен инклюзивтік білім беру жүйе мамандары түзетеді дамыта оқу процесінде пайдаланып, қолданудың тиімділігі сөзжасам дағдыларының экспериментті оқытуға дейінгі және кейінгі динамикасында дәлелденеді.

Диссертациялық зерттеудің негізгі қорытындылары мен нәтижелері Абай атындағы Қаз ҰПУ Педагогика және психология институты «8D019 – Арнайы педагогика бойынша мамандар даярлау» бөлімінің кеңейтілген мәжілісінде талқыланды (27.12.2022ж.).

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар

1. СТЖД қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдылары өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады: сөзжасам дағдыларының даму деңгейі төмен, сөзжасам процесінде әртүрлі бұзылыстар кездеседі, жұрнақтардың мағыналарын жеткілікті түсінбейді.

2. Мектеп жасына дейінгі СТЖД қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдылары мен біліктері бұзылыстары бастапқы операциялардың (мағынаны білдіретін сөздің морфемдік элементін бөлу операциялары, жеке морфемаларды талдауды іске асыратын және құрылымдық-мағыналық кешенді операциялар) қалыптаспағандығымен негізделеді.

3. СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балаларда сөзжасам дағдыларын дамыту қажеттілігі мен оларды дамыту және бұзылыстарды түзету бойынша түзету-логопедиялық жұмыстың ғылыми негізделген жүйесінің болмауы арасындағы қарама қайшылықты шешу қажеттілігінен тұратын ғылыми мәселе.

4. Түзету логопедиялық жұмыс жүйесінде сөзжасамның бұзылуын түзетуге және дамытуға бағытталған мультимедиялық тапсырмаларды қолдану, СТЖД мектеп жасына дейінгі балаларға тән ерекше қиындықтарды ескере отырып, сондай-ақ, оларды тудыратын механизмдерді ескере отырып, сөзжасам ережелерін игеруге, жаңа сөздер мен туынды сөздерді қолдану және түсіну көрсеткіштерінің артуына, сөздік қорын байытуға, сөйлеу тілі грамматикалық құрылымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеудің тәжірибелік –эксперименталды базасы

«№26 Сөйлеу тілінде күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балабақша» КММ, «Түзеу үлгісіндегі сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған 66 бөбекжай балабақшасы» ММ, «Көру және сөйлеу қабілеті нашар балаларға арналған №124 арнайы (түзету) бөбекжай-балабақшасы» ММ. Зерттеуде СТЖД III-деңгейдегі мектеп жасына дейінгі 78 бала және сауалнамаға

республикамыздың өңірлерінің мектепке дейінгі мекемелерінде қызмет атқаратын 86 логопед қатысты.

Зерттеудің кезеңдері

Теориялық-эксперименталді зерттеу жұмысы 2015-2021ж. аралығында жүргізілді және келесі кезеңдерден құрылды.

Бірінші кезең (2015 ж. қыркүйек айынан - 2021ж. қараша айына дейін) – дайындық-талдау кезеңі. Бұл кезеңде жалпы бағыттар, проблеманы зерттеудің логикасы құрылды; ғылыми негізделген ізденістің стратегиясы белгіленді, зерттеу проблемасы ашылмаған мәселелерінің кешені анықталды, зерттеу проблемасы жөнінде лингвистикалық, психологиялық, психолінгвистикалық, педагогикалық және арнайы әдебиетке шолу мен талдау жүргізілді; зерттеудің мақсат, нысаны, пәні, міндеттері мен әдістері белгіленді; ғылыми болжамның жұмыс нұсқасы қарастырылды.

Екінші кезең (2015 ж. -2016 ж.) – ізденіс-талдау кезеңі. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын тексеруге арналған әдістемелер құрастыру. Бұл әдістемелер констатациялық зерттеу барысында іске асырылды. Анықтаушы зерттеуге ересектер тобындағы 100 бала (5,0 – 5,5 жас) алынып, ішінен 78 бала іріктеліп алынды. Эксперименталды топ балаларын логопедиялық тексеруден өткіздік, анамнездегі мағлұматтар тексерілді, кейін – ауызша сөйлеу тіліндегі сөзжасам процестері бұзылыстарының деңгейіне салыстырмалы талдау жасалынды. Балалардың сөзжасам әрекеттерінің ерекшеліктері айқындалып, сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ тілді балалардың сөзжасамы даму заңдылықтарының ерекшеліктері анықталды, сөзжасам операцияларын жасаумен байланысты балалардың ауызша сөйлеу тіліндегі қиындықтарға талдау жасалынды.

Үшінші кезең (2016 ж. қыркүйек айынан – 2017 ж. мамыр айына дейін) – әдістемелерді сынақтан өткізу эксперименталды кезең.

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ тілді балалардың сөзжасам мүмкіндіктерін дамытуға арналған бағытты жұмыстың мақсат, міндеттері, қағидалары, әдістері мен мазмұны құрастырылып, іске асырылды.

Төртінші кезең – бақылау эксперименті (2017 ж. маусым айынан – 2020 ж. наурыз айына дейін). Оқыту экспериментіне мектеп жасына дейінгі (ересектер тобы) 56 бала алынды. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларға арналған мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленетін қазақ топтарындағы балаларымен эксперименталды әдістеменің сынағы өткізіліп, ұсынылған әдістеменің тиімділігі тексерілді. Біз арнайы салыстыру үшін оқытудан өткен балалардың сөзжасам дағдыларына тексеру жүргіздік. Сол себептен, сөйлеу тілінің жалпы дамымауын түзеудің динамикасы анықталды.

Бесінші кезең – диссертациялық жұмысты өңдеп, түзеу жұмыстарын жүргізу, атап айтқанда қорытынды-жалпылама кезең (2020-2021жж.). Тәжірибелік оқыту мен сынақ аяқталғаннан кейін, зерттеудің нәтижелеріне теоретикалық шолу жасап, талдау, жүйелеп жалпылау жүргізілді. Сонымен қоса, қорытындылар шығарылып, диссертацияның мәтіні жазылып, құрастырылған

әдістемені арнайы мектепке дейінгі мекемелер аясында сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларға түзете-тәрбиелеудің жалпы жүйесіне енгізілді. Эксперимент топтарын құру алдында балалардың медициналық және сөйлеу тілі негізінде анамнестикалық мағлұматтармен алдын ала танысу жасалынып, сөйлеу тілі дамуының үшінші деңгейіндегі балаларды іріктеу мақсатында, дәстүрлі тәсілдер бойынша логопедиялық тексеру жүргізілді.

Құрастырған педагогикалық жүйенің тиімділік деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін қалыптастырушылық, бақылау эксперимент нәтижелерін талдау және өңдеу жүргізілді.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі

Педагогикалық, психологиялық, арнайы еңбектердегі қағидалардың басшылыққа алынуымен, теоретикалық, эмпирикалық әдіс-тәсілдердің зерттеу мақсатына сәйкес қолданылуымен тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері өңделіп, алынған деректерді мазмұнды талдау қорытындысы қамтамасыз етілді.

Ғылымды дамыту бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі

Біздің субъективті идеяларымызды білім беруде толық пайдалануға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалардың білім алуға құқықтарын, мазмұны мен шарттарын регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар; мәселе бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулер; отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері, халықаралық және республикалық конференциялар мен мерзімді басылымдардың материалдары.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге ендіру

Зерттеудегі негізгі ойлар мен диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұны, жұмыстағы негізгі тұжырымдар 21 еңбекте жарияланды. Scopus мәліметтер базасына енгізілген жарияланымда – 1 мақала, ҚР ҒЖБМ БСС ҚК бекіткен ғылыми басылымдарда – 4 мақала, монография – 1, практикалық логопедтер мен тәрбиешілерге арналған оқу-әдістемелік құралдар мен ұсынымдар – 5, логопедиялық жаттықтырғыш – 3, мектеп жасына дейінгі балалардың сөздігі – 1, жақын шет ел мен Қазақстанда өткен Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялары материалдарында басылымдарында шыққан – 3, ҚР журналдарында – 3 мақала жарияланды:

1. The importance of game technology in developing the word formation skills of children with preschool speech disorder (World Journal on Educational Technology: Current Issues. Volume 13, Issue 4, (2021). – 1016-1028 P.

2. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын зерттеу әдістемесі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы «Психология. Педагогика. Әлеуметтану» сериясы №1 (138), Нұрсұлтан, 2022. -82-88 б.

3. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру жолдары, Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы № 1 (73), Алматы, 2022. – 254-263 б.

4. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыруға арналған эксперимент жұмысы. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы № 2 (66), Алматы, 2020. – 326-332 б.

5. Мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастырудағы логопедиялық жұмыс әдістемесі мен мазмұны, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы «Психология. Педагогика. Әлеуметтану» сериясы №1 (138), Нұрсұлтан, 2022.)- 31-37 б.

6. Диссертациялық зерттеудің материалдары «Сөйлеу тілінің жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» әдістемелік құрал (Алматы, Дайыр 2022ж.) және жаттықтырғышты арнайы балалар бақшаларындағы түзету процесіне еңгізуге негіз болды.

7. Арнайы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының логопед мамандарына арналған «Сөйлеу тілінің жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалармен логопедиялық жұмысының мазмұны» тақырыбында біліктілікті арттыру курсының бағдарламасын құруға және сол курсты жүргізуге үлесін қосуға мүмкіндік берді.

Диссертациялық жұмыстың көлемі және құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспе, үш тараудан, қорытынды, қолданған әдебиеттер тізімі, қосымшадан тұрады.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі негізделген, мәселенің зерттелу дәрежесі ашылған, зерттеудің нысаны, пәні, болжамы, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, теориялық - әдіснамалық негіздері, зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы анықталған.

Бірінші тарау «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасамның қалыптаспауы туралы зерттеулердің ғылыми - теориялық негіздері» деп аталады. Онда қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері, сөздің жасалу ерекшеліктері және сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам жағдайы туралы теориялық шолу ұсынылған.

Екінші тарау «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктері» деп аталады. Онда зерттеуге алынған, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларға психологиялық-педагогикалық сипаттама берілген, олардың сөзжасам дағдыларын эксперименттік зерттеудің қағидалары, әдістері, ұйымдастырылуы және нәтижелерін талдау (анықтау эксперименті) көрсетілген.

Үшінші тарау «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» деп аталады. Онда қалыптастырушы және бақылау экспериментінің нәтижелері келтірілген, меңгеру динамикасы, логопедиялық жұмыстың мазмұны, мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың моделін құру және іске асыру, қолдану әдістемелік тәсілдері көрсетілген.

Диссертациялық жұмыс 155 беттен құралған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 239 атаудан тұрады.

1 СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА СӨЗЖАСАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСПАУЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелері

Сөзжасамның аты, термині жаңа, алайда заты, мазмұны, шығу жолы мектеп оқушыларына таныс, тіл білімінде жаңадан пайда болған құбылыс емес. Ал, балабақшада оқытылып тәрбиеленетін балалар құбылыс, мазмұнын саналы түрде қабылдамай, сөзжасаммен сөйлеу тілінде қолдануда ғана кездеседі. Мектеп жасына дейінгі балалардың, оның ішінде сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың грамматикалық жағынан дұрыс, байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмысының негізгі – сөзжасам дағдыларын дамыту болып табылады [74]. Осыған қатысты, сөзжасамның ғылыми негізіне шолу жасап көрейік.

Тіл біліміндегі зерттеулерге сәйкес, сөзжасам мәселесі алғаш XI ғасырдан (Махмуд Қашқаридың «Диуани-лұғат ат-түрк» (XIғ.), Ибн Муханнаның «Китаб таржуман фарсы ва түрки ва моголи» (XIVғ.) еңбектерінен) бастауын алады екен. Осы кезеңдердегі ғылыми еңбектерде алғаш сөз құрамының жасалуы, сөзжасамға қатысты қосымшалары туралы мәліметтер ұсынылып, кейін грамматика ілімінде сөзжасам тәсілдері туралы өткен ғасырдың бірінші жартысындағы еңбектерде сөзжасам морфология саласында қарастырылды және түркі тілдерінде туынды сөзді жасау жолдарын ары қарай зерттеулер жетілдірілді [9,б. 2].

Сөзжасам дегеніміз лингвистика саласында жеке кеш дамып, жетіліп келе жатыр. Қазақ тілінде ол жеке сала түрінде XX ғасырдың 80-90 жылдарынан бері зерттеле бастаған. Бұрын жеке сала ретінде оған мән берілмесе де, грамматиканың морфология саласында, бір бөлімдері лексикологияда қарастырылып отыр. Бұл жерде сөзжасам жүйесі теориялық мәселелерінің назарынан шет қалып қалғаны белгілі.

Бүгінгі күні сөзжасам – тіл білімінде жеке бір сала, сөзжасамның дербес сала ретінде белгілі, теориялық дәлелі белгілі деңгейге көтерілгені жөнінде С.Исаевтің монографиясында көрсетілген монографиясына байланысты. Көрсетілген монографияда ғалымдар сөзжасамды қазақ тіл білімінің жеке, дербес саласына жатқызып, сөзжасамның негізгі объектісіне сөз жасаушы тәсілдерді, сөзжасаушы тілдік нұсқауларды, сөзжасамдық типтер мен тізбектер, сөздің жасалу үлгілерін, туынды сөздер мен олардың түрлерін, сөзжасамдық заңдылықтары мен сөзжасамның сөзтаптарына қатысын жатқыза отырып, сөзжасам тілдегі сөзжасау үрдісімен байланысты барлық құбылыстар мен заңдылықтарды зерттейтінің көрсетті.

Сөзжасамның жеке сала ретінде қалыптасуына кейінгі төрт он жылдықта жазылған ғалымдардың еңбектерінің де қосқан үлесі көп. Олардың қатарына: Н. Оралбаеваның [75], С. Исаевтің [76] еңбектері мен З.К. Ахметжанованың [29,б. 38], Л. Жаналинаның [77], З. Бейсембаеваның [78] еңбектерін жатқызуға болады.

Сөзжасам жүйесіне жалпы мәлімет бере отырып, Н. Оралбаева сан есім сөзжасамының негізгі жасалу тәсілдерін көрсетіп, олардың сөзжасам жүйесінде алатын орнына сипаттама береді.

Монографиясының бір бөлімін ғалым С. Исаев толығымен сөзжасам және сөз тудыру тәсілдеріне арнаған. Автор еңбегінде «Сөзжасамның негізгі объектісі болып табылатын жаңа сөз жасау процесінің ерекшеліктерінен туындайтын өзіндік жүйелері бар, ол ең алдымен, сөзжасам тәсілдерімен бірге сөзжасам үлгілері, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық қатар, сөзжасамдық құрылым деген ұғымдармен байланысты» дей келе, сөзжасам тәсілдеріне жеке - жеке тоқталып өткен [76,б. 98].

Диссертациялық жұмысында зерттеуші З.К. Ахметжанова [29,б. 61] түркі тектес тілдердің сөзжасамының өзіне тән белгілері көрсетіле отырып, қазақ, қырғыз, өзбек тілдерінің сөзжасам жүйесіндегі ұқсастық және айырмашылық жақтары анықталды. Қазақ тілі сөзжасамына қатысты нақты тұжырымдар жасалды.

Ғылыми еңбегінде ғалым Л. Жаналина орыс-қазақ тілдеріндегі сөзжасам мәселелері синхронды, диахронды аспектілер негізінде салыстырмалы түрде қарастырады [77,б. 31].

Ғалым З. Бейсембаеваның аталмыш монографиясында сөзжасамның ғылыми негізгі сипаты және осылардың негізінде сөзжасамды орта мектепте оқытудың жолдары көрсетіледі. Онда орта мектептің 2-7 сыныптарына арналған сөзжасам бойынша жоба-бағдарлама жасалынып ұсынылған [78,б. 12].

«Тарихи сөзжасам» тақырыбындағы докторлық диссертациясында А.Салқынбай [79] сөзжасам семантикалық аспект тұрғысынан қарастырылған. Ғалым сөзжасам жүйесінің туркологияда, соның ішінде қазақ тіл біліміндегі зерттелуіне тоқтала отырып, сөзжасам жүйесімен байланысты бірнеше мәселелерді қарастырады.

Қазақ тіліндегі кірме сөздердің сөзжасам қызметін зерттеуге арналған кандидаттық диссертациясында Г.Е. Жексембаева, қазіргі қазақ тіліндегі кірме сөздердің сөзжасам қызметі, тілде орнығуы, сөз тудыру ерекшеліктерін зерттеген [80].

Жоғарыдағы еңбектерде сөзжасамның теориялық мәселелері қарастырылса, енді бір ғалымдар өздерінің еңбектерін әр кезеңдегі ұрпақтан- ұрпаққа мирас болып келе жатқан асыл қазына төл туынды сөздерді жинақтап, басын біріктіріп, жүйеге келтіріп сөздік ретінде ұсынылып отыр.

«Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі» [81] атты ғалым А. Ибатовтың сөздігі қазақ тіліндегі туынды сөздердің жүйелі жиынтығы, сөздердің сөз тудыру мүмкіншілігін көрсетудегі арнайы жасалған еңбек болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, зерттеуші З. Бейсембаева «сөзжасамның жеке сала ретінде қалыптасуына ғалымдардың кейінгі екі-үш он жылдықтағы еңбектері ғана арналған, оның ішінде орта мектептің 2-7 сыныптарына арналған сөзжасам бойынша жоба-бағдарлама жасалып ұсынылған [78,б. 22].

Лингвистикалық терминдер сөздігінде сөзжасам ұғымы екі түрлі сипатталады:

1. Сөздің құрылымын, жасалу жолын, заңдылықтары мен ерекшеліктерін, сөзжасам жүйесін зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

2. Тілдегі үлгі бойынша жаңа сөз жасау жолы, тілдік құбылыс [74,б. 61].

Яғни, сөзжасам – тілдің сөз тудыру жүйесін, туынды сөздің құрылымын, жасалу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Тіл білімінің әр саласының өзіне тән нақты атауы, термині бар. Мысалы, «морфология», «синтаксис», т.б. Сөзжасамды да, бір саласы деп қарастырсақ, оның табиғатын ашу, сөзөзгерім, тұлға жасам құбылыстарынан оны ерекшелеу мақсатынан сөзжасам ұғымы 1980 жылдардан бері қолданып келеді.

«Сөзжасам- адамзаттық танымның тарихи дамуы барысында танылған заттар мен құбылыстардың, олардың белгілері мен қасиеттерінің, қимыл - әрекеттерінің ұғымдық таңбасын жасау үшін қолданылатын тілдік құбылыс.

Сөзжасам дегенде тілдің лексикалық құрамына еніп, оның сөздік қорын байытатын жанадан жасалған сөздер мен жаңа сөздік бірліктер ескеріледі. Яғни, сөзжасамның басты қызметі – жаңа сөз тудыру, өмірге келген әр құбылысқа балама жасау, атау беру, сонын нәтижесінде тіліміздің лексикалық қабатын байыту, жаңа сөздермен толықтыру. Сондықтан сөзжасам процесінің басты сипаты семантикамен, лексикалық мағынамен байланысты, өйткені сөздің сөз болып саналуы, белгі бір ұғымды білдіре алуы оның мағына білдіре алуымен байланысты. Осыдан келіп, сөзжасамның тілде атқаратын қызметі айқындалады» [74,б. 62].

Сөзжасамның тілде атқаратын қызметін Е.А. Земская [24,с. 29] беске бөліп көрсетеді: атаулық («собственно номинативная»), сөздің синтаксистік «құрастырушылық» құрылымын өзгерту атауларды жинақтап, қысқартып беру «компрессивті», сөйлеушінің эмоциясын, көңіл – күйін білдіру «экспрессивті», стильдік. Жалпы тілдің, оның ішінде әдеби тілдің, негізгі қызметі коммуникативтік, яғни адамдардың бір – бірімен сөйлесу, пікір алысу құралы болу және экспрессивті- эстетикалық, яғни таңдаушының сезіміне әсер ету, ойды әр түрлі тілдік тәсілдермен беру десек, сөзжасамның да негізгі қызметі жаңа мағыналы сөз тудыру, сол арқылы лексиканы байыту және ойды әсерлі жеткізуге мүмкіндік жасау. Жаңа сөз жасау процесінде тілдің лексикалық байлығы артып қана қоймайды, сонын нәтижесінде сөзжасам тәсілдері де толығып, жетіліп отырады. Себебі, тілдің дамуына оның ішкі мүмкіншілігімен қатар сыртқы экстралингвистикалық факторлардың да әсері болады. Яғни, қарым – қатынастың сипатына, мазмұнына қарай, ойды біреудің де амал – тәсілдері өзгеріп, жаңарып отыру мүмкін. Осыған орай, тілдік қолданыстағы кей сөздердің белсенділенуі немесе енжар болып, қолданыстан шығып қалуы, кей тәсілдердің жандануы сияқты фактілер тілде үнемі болып жататын процесс. Сөзжасамның негізгі зерттеу объектісі – сөзжасам жүйесі.

Сөзжасам – тілдің сөзжасам жүйесі туралы ілімі. Тіл – жүйелі құбылыс. Сөздердің өзгеруі, түрленуі, оладың бір- бірімен тіркесуі, сонын нәтижесінде олардан сөйлемнің құрылуы қалай болса, солай емес, белгілі бір заңдарға, ережелерге бағынады, белгілі бір формалар бойынша іске асады. Әрбір сөз өзінше өзгеріп, өзінше түрленбейді. Сөздердің өзгеруі мен түрленуінің белгілі

бір формалары мен белгілі жүйесі болады. Егер тілде жүйе болмаса, егер ол бір-бірімен байланыссыз, ретке келтірілмеген, ұйымдаспаған, бөлшектері бүтінге бірікпеген, батыраңқы элементтер күйінде болса, онда тіл адамның жадында да сақталмаған болар еді. Осы жүйенің жүйесі сөзжасам лексика мен морфологияға қатысы жағынан, екеуінің аралық позициясын сақтайтындығымен ерекшеленеді. Сөзжасам жүйесінің негізгі бірлігі – туынды сөз. Яғни, сөзжасамның қарастыратын объектісі кез-келген сөз емес, туынды сөз [74,б. 63].

Туынды сөз – сөзжасамның негізгі мәселесі. Олар түбірге және қосымшаға ажыратылады. Яғни құрамындағы морфемалардың қызметіне қарай туынды сөз негізінен екі элементтен: сөзжасамға негіз сөз бен сөзжасамдық форманттан тұрады. Формант дегенде тек қосымша емес сөзжасам тәсілдерінің тілдік көрсеткіштері деп түсінеміз. Туынды сөз жасаудың ең бір өнімді жолы – жұрнақтар (сөзжасам жұрнақтары) болғандықтан, оларды ғылыми грамматикалар мен оқулықтарда белгілі бір сөз тобына әкеліп, сонын көрсеткіші ретінде қарастырылады. Жұрнақтар келесідей екі топқа бөлінеді: біріншісі – сөз тудырушы жұрнақтар, екіншісі – сөз түрлендіруші жұрнақтар. Сөзге жалғанып, оған жаңаша лексикалық мағына беретін жұрнақты сөз тудырушы деп аталады (*би-ші, құр-дас, іні-шек*). Сөзге жалғанып, аз да болса жаңаша мағына үстейтін, алайда негізгі сөздік мағынаны өзгертпейтін жұрнақты сөз түрлендіруші жұрнақ деп аталады (*кілем-ше, үй-шік, таяқ-ша, сар-ғылт*).

Негіз бен қосымшаның арасында осындай мағыналық байланыс болмаса кез- келген жұрнақ, кез- келген сөзге жалғана берер еді. Сондықтан заттық ұғымды білдіретін жұрнақтар заттық ұғымды білдіретін сөздерге жалғануға бейім тұрады. Мысалы, *мал* деген сөзге – *шы* қосымша қосылып, *малшы* деген жаңа сөз жасалған. Бұл процесті әдетте ғылыми грамматикада да, нормативтік оқулықтарда да – *шы* жұрнағы зат есімнен (*мал*), я есім сөзден зат есім (*малшы*) тудырып тұр деп түсіндіріп жүр. Ал шындығында солай ма? Бұл жерде өте күрделі процесс қарапайымданып кеткен. Атап айтқанда, ең алдымен *мал* деген сөзден *-шы* қосымшасы арқылы жаңа мағыналы (адам, яғни малды бағатын адам) сөз туған. Міне, бұл біріншіден, сөзжасам процесінің тікелей нәтижесі [74,б. 63]. Екіншіден, жаңа мағыналы туынды сөздің ұғымы адамға байланысты, әсіресе, адамның мамандығына, икемділігіне, қабілетіне т.б. қасиеттеріне байланысты болғандықтан және ол лексикалық мағына жалпыланып (грамматикалық сипаты жағынан) заттық мәнге қатысты болғандықтан, жаңа туынды сөз зат есім болып тұр. Туынды сөздің мағынасы заттық ұғымды білдірсе- зат есім, қимылды білдірсе- етістік деп қарастыруға болады. Сондықтан, ғылыми грамматикалар мен оқулықтарда беріліп жүрген «зат есімнен зат есім», «зат есімнен сын есім» т.б. деп айтылады. Осымен байланысты туынды сын есімдер, туынды етістіктер жасалады. Мысалы: зат есімнен зат есім, сын есім сан есімнен зат есім, етістіктен зат есім, сын есім тудыратын, етістіктен сын есім,зат есімнен етістік, сын, сан есімнен етістік, басқа сөз таптарынан етістік тудыратын жұрнақтар бар.

Кәзір қазақ тілінде жаңа жасалған зат есімдер жұрнақтардың қосылуы арқылы, яғни жинақтау, талдау, лексикалық мағыналық тәсілмен жасалады. Сондай-ақ, сөзжасаушы туынды зат есімнің сөзжасам тобының ішінде мынадай

топтары болады: зат есімнің (туынды) жинақтау тобы, талдау тобы, лексикалық – мағыналық тобы. Жаңа туынды зат есімдер жасау үшін кез келген сөз таптары қолданысқа енеді, мысалға зат есім, сын есім, етістік негіз бола алады. Бұған қатысты, туынды зат есімнің сөзжасамдық тобында мына сөзжасамдық категориялар болады, мысалы, зат есім негізді туынды зат есім. Зат есімдерде жинақтаушысы мағынасына қарай келесі топтарға бөлінеді: кәсіп иесінің атауын, мамандықты білдіретін туынды зат есімдер, заттың атын білдіретін зат есімдер тағы басқалары.

1. Кәсіп иесін, мамандықты білдіретін туынды зат есімдер: *аспазшы* (мамандық), *тігінші* (кәсіп) т.б. Сөздердің кейбіреуі мамандықты да, кәсіпті де білдірмейді. Мысалға, шаруакеш, ардагер. т.б. Жаңа сөзді жасайтын туынды зат есім жасауға қатысып отырған сөзжасам жұрнақтары. Олар –*ші*, –*шы*, –*кер*, –*гер*.

2. Заттың атауын білдіретін туынды зат есімдер. Мысалға, құрал-сайман атауларын білдіретін сөздер: мұздатқыш, санауыш, үккіш т.б.; мекен, орынбілдіретін туынды зат есімдер: емхана, асхана, наубайхана.

3. Абстракттілі ұғымдарды білдіретін туынды зат есімдер: жылнама, жаңашыл, шығарылым т.б.

4. Термин мәніндегі туынды зат есімдерді, мысалға тұмандық, сөзтізбе, қосылыс т.б.

Сөз – белгілі бір ұғымның атауы болып табылады. Сөздер дыбыстардың жинтығынан тұрады, ал дыбыстар өз ретінде буын құрайды. Демек, сөздің ең кішкентай бөлігі – дыбыс, одан кейін – буын. Әрбір сөздің өзіне тән тұлғасы бар. Сол тұлғаның арқасында әрбір сөз бүтін бір бірлік ретінде қызмет атқарады. Сөздер кейбір жағдайда түбір болдып қолданылса, кейде оларға түрлі қосымшалардың қосылуы арқылы белгілі бір ой білдіріледі.

Қосымшалар туралы айтатын болсақ. Олар жеке тұрғанда мағынасы болмайды, сөз түбіріне қосылып, лексикалық мағынасын түрлендіреді, соны қосымша деп атайды. Қосымшада үш көзқарастан ерекшеленеді, біріншісі – лексикалық мағына болмайды, екіншісі – сөзден бөлек қолданылмайды, үшіншісі – қосымшалардың дыбыстық нұсқасы болады. Қосымшалардың көбі дыбыстық жағына өзгертін, түрленетін болады. Қосылатын сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың әуеніне қарай үйлесіп тұрады. Дәл осы ерекшеліктеріне қарай, олардың бірнеше түрлері белгілі. Дыбыстардың үндесу заңына сай қосымшалардың өзгеруі, дыбыстау нұсқалары деп аталады. Қосымшалар мағынасына қарай және атқаратын қызметіне қарай жұрнақ пен жалғау болып бөлінеді [74,б. 64].

Өзі жалғанған сөзге лексикалық немесе грамматикалық мағына беретін қосымшаны – жұрнақ дейміз. Мысалға, хат: *хат* және *хатшы* деген сөздер түбірлес сөздер болып табылады, бірақ әрқайсысы әрқалай мағына береді. Бұл жұрнақтардың әрекеттері де, мағыналары да біркелкі емес, әртүрлі. Жұрнақтардың кейбіреуі түбір мағынасын өзгертеді, бірақ сол сөзді басқа грамматикалық категорияға ауыстырып жібермейді. Мысалға, сиыр – сиыршы сөздері лексикалық мағынасы жағынан зат есімге жатады. Жұрнақтардың кейбіреуі белгілі бір сөз табына сай басқа бір сөз табына ауыстырады. Мысалға,

шеге, тұз, аяқ деген сөздер зат есімнен етістікке өзгеруі мүмкін (шегеле, тұзда, аяқта), керісінше, етістікке жататын *біл, тұс, ал* сөздерін – *ым, -ім* жұрнағын жалғау арқылы зат есімге (*білім, түсім, алым*) айналдыруға болады. Сөйтіп сөздің мағынасын өзгертіп, жаңа сөз тудыратын жұрнақты – сөз тудырушы жұрнақ деп атайды. Сондай – ақ, тек сан есімге тән – *ыншы, - інші, - нышы, -ніші* жұрнақтары не есімшенің – *ған, -ген, - қан, -кен, - атын, - етін, - мақ, -мек, - бақ, - бек, - пақ, -пе* жұрнақтары, көсемшенің –*ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, - қалы, - келі* жұрнақтары, шартты райдың – *са, - се* т.с.с. жұрнақтар бар. Сөз таптарының әрқайсысының өзіне тән категорияларын тудыратын мұндай жұрнақтардың лексикалық қызметінен гөрі грамматикалық қызметтері анағұрлым басым болады. Мұндай жұрнақтарды сөз түрлендіретін жұрнақтар деп атайды. Демек, жалғанған сөзінің алғашқы негізгі мағынасын өзгертпей, оған тек сәл ғана үстеме мағына беретін жұрнақтардың түрі түрлендіруші жұрнақтар делінеді. Мысалы, *су*, қызыл сөздеріне –*ла, -ырақ* жұрнақтарын жалғау арқылы жасалған *сула, қызылырақ* сөздерін алсақ, мұнда алғашқы сөздер мағынасының сәл ғана үстеме мағынаны өзгертіп тұрғанын байқауға болады. Сонымен, жеке сөздердің түбіріне жалғанып, бірде жаңа мағыналы сөз, бірде жалғанған сөздерінің формасын ғана өзгертетін сөз бөлшегін жұрнақ дейміз. Құрамына қарай жұрнақтар жалаң және құранды болып бөлінеді. Жалаң жұрнақ деп мағына жағынан да, форма жағынан да, бөлшектенбейтін жұрнақты атаймыз. Мысалы, *білім, кеспе, жазушы, үйшік* деген сөздердің құрамындағы жұрнақтар жағынан да, тұлға жағынан да бір тұтас. Мағына жағынан бір бүтін бола тұра, құрамы жағынан кемінде екі, немесе одан да көп жалаң жұрнақтардан құрылып, жасалған жұрнақтар құранды (күрделі) жұрнақтар деп аталады. Мысалы, *тұрғы-лық-ты, бас-ың-қы, жай-шы-лық* [74,б. 65].

Қосымшалардың орналасу ретіне келетін болсақ, жұрнақ жаңа сөз жасайтын, оны түрлендіретін сөздің бөлшегі болғандықтан, ол үнемі түбірден кейін, қосымшалардың алдында келеді. Жалғаулар сөздің соңында келеді, өйткені олар сөзді сөзбен байланыстыратын қосымшалар болып табылады. Бір сөзге бірнеше қосымшаны қосқан кезде, ең алдымен, бірнеше қосымша, содан кейін тәуелді қосымша, бірнеше қосымша орын алуы мүмкін. Мысалы, *әпкелер, әпкелер, әкелер*.

Кәрі және жас сөздерінің қосарлануы арқылы бүкіл қоғамды білдіретін жаңа мағыналы сөз жасалады. Айғыр мен жуа (айғыр) сөздерінің тіркесімінен өсімдіктің атауын білдіретін жаңа мағыналы сөз пайда болады.

Жаңа сөз жасаудың бірнеше жолы бар:

Жұрнақ арқылы, екі сөзді біріктіру арқылы, екі сөзді екі есе көбейту арқылы, екі сөзді біріктіру арқылы. Қазақ тіліндегі сөздер түбірлі сөздер және туынды сөздер болып бөлінеді. Жоғарыда келтірілген мысалдар туынды сөздер. Түбірге сөздің бастапқы мағынасы кіреді: *ой, мал, бес, жылқы, қарт, жас, бала* және т. б.

Жұрнақтар жалғану жолымен жасалған туынды сөздерде түбір сөздерге сөз тудырушы жұрнақтар жалғанады да, жаңа мағыналы сөздер жасалады. Мысалы, *ал+ма, сүз+бе, қой+ма, бас+па, ал+ғыр, аққа+л, көк+шіл*.

Біріктіру арқылы жасалған туынды сөздер. Екі немесе одан да көп сөзден біріктіріліп, жаңа лексикалық мағына беретін сөздер жасалады. Мысалы, *Ақтөбе, Үштөбе, Болатбек, көкқутан, тасбақа* т.б.

Қосарлылық арқылы жасалған туынды сөздер. Кейде екі сөз қайталанады және бір лексикалық мағынаға ие. Мұндай сөздер қос сөздер деп аталады. Қос сөздер біртекті заттардың, синонимдердің, кейде мағынасы бойынша байланысы бар антонимдердің атауларынан қалыптасады. Мысалы, *құрыш, көрпе, жастық, алыс, туған*.

Тіркесім арқылы жасалған туынды сөздер, олар сөз тіркестерінен құралған сөздер екі немесе одан да көп сөзден тұрады, бір екпінмен айтылады және тек бір лексикалық мағынаға ие. Мысалы, *он алты, қызыл ала, қол соз, көз байлама, теміржол, зарыш кемесі, бар, көк алла, жер жүзі*.

Сөзжасамдық қалып дегеніміз, тілде қалыптасқан әртүрлі моделдер негізінде туынды сөз жасау типі болып табылады, сөзжасамдық моделдер тілдің табиғи дамуы барысында тарихи жағдайда қалыптасады. Сөзжасамдық негіздеме- түбірлес екі туынды сөздің бірінің мағынасы екіншісінің жаңа мағынасының тууына негіз, себеп болатын, мағыналық себептілікке негізделетін сөзжасамдық қатынас болып табылады. Сөзжасамдық мағына- кемінде екі сөзжасамдық тұлғаның қалыптасуы арқылы және сөздің семантикалық дамуы арқылы сөзжасамдық процесте жасалатын күрделі құрылымдық мағына. Бір сөзжасамдық ұядан таралатын түбірлес сөздер тізбегі сөзжасамдық тізбек деп аталады. Сөз жасауға қатысатын, семантикалық және тұлғалық жағынан ерекше сөзжасамдық құрал болып табылатын бірлікті сөзжасамдық тұлға дейді. Жаңа сөзжасамға негіз болып, ортақ өзек мағына қалыптастыратын, бір семантикалық өрісте жататын сөздердің жиынтығы сөзжасамдық ұя деп аталады. Туынды сөз дегенді сөзжасамдық амал – тәсілдер арқылы түбірдің немесе негіздің сөз тудырушы морфемалардың қатысуымен сөзжасамдық процесте пайда болатын, екіншілік мағына иеленетін жаңа денотаттық мағыналы сөз деп түсінуге болады. Түбірлес сөздер – бір сөзжасамдық ұя арқылы жасалған бір себепші негізден тарайтын ортақ тақырыпты негіздер [74,б. 66].

Сөздердің жеке кластарына қатысты қарастырылатын мәселелердің бірі-жұрнақ деп аталатын категория. Жұрнақтар сөздерді сөзден сөздікке түрлендіретін категория болғанымен, жұрнақтар грамматикалық тұрғыдан тек сөз таптарына байланысты. Сөзден сөзге дейін сөздің жеке құрамын тексеру, әдетте, морфологияның объектісі сияқты мәселелер де, қарастырылады. Сонымен, морфология сөзді оның негізгі объектісіне тексереді және оны грамматикалық түрде сипаттайды. Сондықтан сөздерді тілдегі грамматикалық топтарға бөлу морфологияның өзекті және маңызды мәселесі болып табылады. Өйткені, сөздерді дұрыс топтастыру дегеніміз – бұл сөздердің сынын дұрыс ашу, дұрыс анықтау, оларға дұрыс грамматикалық құрылым беру және негізгі лексика бірлігінен қалыптастыру. Сөздердің лексикалық мағыналары мен грамматикалық мағыналарының қарым-қатынасының, сөздік пен грамматиканың бірлігінен, сөздердің өзгеріп, тіркесіп қолданылу дәстүрінен туып орныққан, қалыптасқан дағдылы тәсілдер, формалар болады. Олар әр түрлі.

Сонымен бірге, олар жүйе - жүйеге бөлініп, бір емес, көптеген сөздердің өзгерілуін қамтиды. Олар грамматикалық формалар деп аталады [82].

Қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі балалардың, оның ішінде сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың грамматикалық жағынан дұрыс, байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмысының негізі – сөзжасам дағдыларын дамыту болып табылады. Осыған қатысты, біз қазақ тілінде сөзжасам мәселесінің отандық ғалымдардың еңбектерінде сөзжасамның ғылыми негізіне шолу жасап, сөзжасау үшін жұрнақтардың екі тобын (сөз тудырушы, сөз жасаушы), сөздің жасалуы жөнінде материалдарды талдаудан өткіздік. Қазақ тілінде әр сөз таптарынан жұрнақтар арқылы басқа сөз таптарын жасауға болатынын анықтадық. Қазақ тілінде жаңа сөздің жасалуының бірнеше жолы (жұрнақ арқылы, жұрнақтар жалғану, біріктіру, қосарлылық, тіркесім арқылы) бар екеніне көз жеткіздік.

1.2 Сөзжасамның зерттелуінің лингвистикалық және психолингвистикалық аспектілері

Балалардың сөзжасам мәселесіне деген қызығушылық XVIII-XIX ғасырларда пайда болды. Осы уақытқа дейін бұл мәселеге деген қызығушылық әлі артуда, өйткені көптеген функцияларды орындайтын сөзжасам баланың сөйлеу құзіреттілігі мен сөз арқылы қарым қатынасының дамуына айтарлықтай әсер етеді. Екі ғасыр бойы шетелдік және отандық лингвист-ғалымдар, психологтар, педагогтар, психолингвистер сөзжасам және сөйлеу тілінің онтогенезде дамуының сөзжасамдық мүмкіндіктердің даму заңдылықтарын, реттілігін, кезеңдері мен сатыларын зерттеуді жалғастырды (N. Chomsky [83], Жан Пиаже [84], E. Benvenis [85], F. de Saussure [86], V. Von Humboldt [87], H. Jadacka [88], С.Н. Цейтлин [89], В.В. Виноградов [16,с. 27], А.А. Леонтьев [19,с. 32], А.Н. Гвоздев [17,с. 18], Е.С. Кубрякова [18,с. 41], Е.Н. Негневицкая [20,с. 37], Ф.А. Сохин [21,с. 34], Д.Б. Эльконин [90], Н.М. Юрьева [91], А. Салқынбай [92], Ө. Айтбаев [93], Ш. Құрбанбайұлы [94], К. Жұбанов [95]).

Сөзжасамның зерттелуі өзбетінше нысан болып, XX ғ. 40- жылдарының ортасында қалыптасты. Аталмыш ғасырдың 60- жылдары сөзжасам жеке лингвистикалық пән ретінде біржолата ажыратылды. Содан бері, осы уақытқа дейін сөзжасамға оның негізгі теорияларына арналған бірталай жаңа зерттеулер пайда болды (З. Ахметжанова [29,б. 62], Н. Оралбай [96], Ж.К. Сүйінжанова [97], Г.Е. Жексембаева [80,б. 51], Б. Есімсеитов [98]). З. Ахметжанованың зерттеулері ерекше орын алады Ол алғаш рет лингвистикада сөзжасамның өзбетіншелігін, оның лексикология және грамматикамен тығыз байланысын бекітті. Мұндай ғылыми ықпал ғалымға лингвистикалық пәндер қатарында сөзжасамның ерекше орны туралы құрастырмалы тезисін ұсынуға жол берді [29,б. 64].

Көптеген психолингвистикалық зерттеулер, сөзжасам баланың когнитивті және қатынастық дамуымен тығыз байланысты екенін мойындайды. Сонымен қоса, баланың тілдік біліктіліктерінің және сөйлеу тілі арқылы қарым-қатынасының дамуына ықпал етеді.

Классикалық лингвистика тұрғысынан сөзжасам екі аспектіде қарастырылады. Бір жағынан, сөзжасам туынды және күрделі деп аталатын сөздердің құрылу нәтижесі немесе процесі ретінде түсіндіріледі. Ал, екінші жағынан, туынды және күрделі сөздердің құрылуы, қызметі және топтастырылуының барлық аспектілерін зерттейтін тіл білімінің бөлімі ретінде, яғни ғылымның ерекше бөлімі – «сөздің жасалуы» туралы ілім ретінде түсіндіріледі. Мұнда тікелей зерттеу пәні туынды сөз, оның тілде әрекеттеуші бірлік ретінде құралу тәсілі болып табылады.

Жалпы тіл ғылымында сөзжасам мәселелерін нақты зерттеудің ежелгі дәстүрі бар. Сөзжасамның кейбір фактілерін баяндауға бағытталған және оларды зерттеп, түсіндірудің алғашқы қадамдары Н. Bogowiec [99], И.А. Бодуэн де Куртенэ [100], Ф.Ф. Фортунатов [101], Н.В. Крушевский [102], К.М. Чуковский [103], К. McGregor [104] сияқты атақты ғалымдардың жұмыстарында келтірілген. Ұқсастығына қарай балалардың білім алу ерекшеліктерін талдай отырып, К. Bühler бала өзіне барлық флективті тілдердің негізгі қағидасын «ашу» және оны түрлі жағдайға ауыстыра алу қабілеттерін түсіндіреді [105]. Зерттеушілердің белгілеуінше көп жағдайда балалардың сөз шығармашылық және сөзжасам сипаты аяқ асты (өзінен) пайда болады екен (С. Stern., W. Stern S. Ervin-Tripp [106]). Бала қоршаған орта туралы білімдер негізінде сөздік қорының мөлшерін өлшеу, анықтау, дамытуға қол жеткізеді, сонымен қоса, сөздерді танып білуге әсер ететін факторлар мен сөздік қорды молайту әдістерінің игерілуі жөнінде көптеген шетел ғалымдары мен психолінгвисттері (E.R.Crags, E. Wig, E. Freedman [107-108], J. Redneck, V. Goldfield [109], K. Pickett., A.A. Ortiz, K. Sander [110-112]) айтып өткен. Сонымен қатар ғалымдар мұндай балалардың білім алуының негізгі механизмінің ұқсастығын бір ауыздан мақұлдаған.

Сөзжасам теориясында басты ұғымның бірі туындылық ұғымы болып табылады. Сол туындылық қасиеттің бастапқы немесе тудырушы бірліктердің қасиеттерінен құрылысына қарай және семантикалық шығуына негізделген. Сөйтіп, негіздің морфемдік құрамына байланысты тілімізде түбір (яғни, тілге сәйкес бастапқы және тудырушы негіз бар; үй, кілем, етік, жастық) және туынды (үйшік, кілемше, етікші, жастықша) деп бөлінеді.

Тек туынды сөздерге ғана бөлшектену қасиеті тән, яғни «жеке сөзден сөздің формальді және негізгі құрамын бөлу қабілеттілігі» (Ф.Ф. Фортунатов анықтамасында) [101,с. 9]. Бұл туынды сөздердің морфологиялық құрамында морфемдердің мәні және сөзжасамдық мағынасы мен рөлі туралы ақпарат бар екендігін Р.А. Будагов [113], Г.О. Винокур [114] түсіндіреді. Бұл ұғымдарды қолдану туынды сөзді- ішкі және сыртқы форматы екі жүзді ретінде құрылатын, келесі бөліктерді біріктіретін, ерекше құрылымы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді:

- сілтеуші – дәлелдеуі сөзбен байланысты іске асырады.
- қалыптастырушы – туындыны құруда туынды (деривация) сөзінің өзгерісін бейнелейді.

Осындай құрастырылуларда туынды сөз екі семантикалық қасиеті бар, номинациялық ерекше бірлігі ретінде болады, өйткені ол тіл болмысында және шынайы өмірде болып жатқан өзгерістер туралы ақпаратты сақтайды.

Сонымен, сөзжасам туралы ілім туынды және күрделі сөзді динамикалық және статистикалық аспектіде («сөздер қалай жасалады?» және «қалай жасалған?») диахронды және синхронды қатынаста зерттейді.

Сөзжасам мәніне түрлі теориялық көзқарастардың дамуы, осы мәселеге түрлі ғылыми ықпалдардың басым болуына байланысты біраз өзгерістерге ұшырады. Осылайша, морфологиялық ықпал бойынша, сөзжасамның барлық құбылысы морфология шегінде қарастырылды. Бұл өте жиі сөзжасамдық және морфологиялық құбылыстарды түсініп, ажыратуда анық емес, шала болады.

Құрылымдық – семантикалық ықпал шегінде алғаш ретінде тәжірибеге туынды сөздің дәлелдеушілік ұғымы енгізілді. Осы ұғымнан шыға отырып, туынды атаудың құрылымы мен семантикасының арақатынасы зерттелді, сондай-ақ, морфологиялық және сөзжасамдық туындыны қатынастық белгілері және осы арнасында дәлелдеу көзі мен дәлелденген атау салыстырылды. Осы сөздің «сөзжасамдық мәні» терминін анықтаудың және оны түсіндірудің алғашқы қадамының негізі болады [115].

Мемлекетімізде және шет ел ғылымында ХХғ.60 ж. аяғы мен 70 ж. басында сөзжасам мәселесі өте қарқынды дами бастады. Сөзжасамды зерттеудегі бұл кезеңі тілдің тудырушы үлгісі туралы теорияның өрлеуімен сәйкес келді және осы уақытқа дейін сөзжасамның осы үлгідегі орны туралы және оның лексика немесе грамматикаға тиісті болуы талас тудырып отыр.

Тілдің сөзжасам бірлестігінің әртүрлі мәселелері (Э. Оразалиева, Б. Қасым, Е.Л. Гинзбург, П.А. Соболева [116-119]), туынды сөздің семантика мәселесі (Е.С. Кубрякова [18,с. 31], Ж.К. Сүйінжанова [97,б. 17], К. Lim [120], В.В. Лопатина, И.С. Улуханов [121-122]) туынды сөзді ауызекі сөйлеу тіліне енгізу мәселесі (Е.А. Земская [24,с. 31]) онтогенетикалық даму процесінде балалардың сөзжасамды меңгеру мәселелері (А.Г. Тамбовцева, Г.А. Черемухина, А.М. Шахнарович [123-125], Н.М. Юрьева [91,с. 14]) белсенді зерттелуде.

Сөзжасамға байланысты шет ел әдебиеттерін оқу және талдау, көптеген шет тілдердің қазақ тіліндегі сияқты, күрделі, тармақталған, депривациялық жүйенің жоқ екендігі көрсетеді. Бірақ зерттелетін сол немесе басқа тілге тәуелсіз, сөзжасамның барлық жағдайында ғалымдар осы баланың тілінің дамуында және сөйлеу коммуникациясының дамуындағы керемет процесс деп есептейді.

Шет ел ғалымдарының пікірінше, сөзжасамның жетекші қызметі шынайы әлемді сөздер әлемі арқылы тану деп есептеледі. Атап айтқанда, ағылшын, поляк балаларының сөзжасамдық құзыреттілігін бағалаудың мектеп жасына дейінгі балаларда маңызды екенін ерекше айтады (Halle M., Giermakowska A. [126-127], Brzezińska A., Czuba T., Lutomski G., Smykowski B. [128]). Түрлі мемлекет ғалымдарының ойлары балаларда сөзжасам іскерлігі мен дағдысының пайда болуының жас шегін анықтауда бір жерден шықпайды, бірақ мектепке дейінгі жаста неологизмдердің көрінуінің өзгешелігін бірауыздан мойындады. Сонымен, баланың сөзжасамдық әрекеті оның тілден хабардарлығын, әсіресе

сөздің лексикалық тобы туралы білімін көрсетеді. Сөйтіп, қазіргі шет ел зерттеушілері лексикалистикалық гипотезаны ұсынушылар болып табылады. Осыған сәйкес белгілі ережелер жинағы түрінде қарастырылатын сөзжасам тілдің лексикалық компонентінің ішінде кездеседі. Сонымен қатар, шетел ғалымдарының классикалық және қазіргі еңбектері сөзжасам туралы мынадай бар ұсыныспен келіспейді. Әрине, сөзжасамды зерттеу және талдау өте күрделі. Ол бұл процестің ерекше құбылмалдылығымен және оның потенциалы мен дұрыс іске асырылуы арасында қатаң шек қою мүмкін еместігімен, сәйкес тіл бірліктерінің молшылығымен және алуан түрлілігімен, вариативтілігімен және сөзжасам қызметінің коммуникативтік мәнділігімен түсіндіріледі. Бұдан басқа сөзжасамның тіл жүйесінің құрамды бөлігімен фонология, морфология, синтаксис, грамматика мен тығыз байланысы да сөзжасамды зерттеуді күрделендіреді.

Шетел ғалымдарының сөзжасам мәселесін түсінуге қазіргі ықпалы көрсеткендей, сөзжасам актісінде формалді тәсілдердің қолдануына байланысты мыналарға бөлінеді: сөз тудырушы (немесе деривация, аффиксация тәсілін қолданғанда), сөз қосу (сөзжасам кем дегенде екі толық мәнді бірліктің қатысуы), конверсия (сөздің бір сөз табынан екіншісінен ауысуы), аббревиация (бастапқы сөзде қысқарғанда) және т.б.

Сөзжасам мәселелерін зерттеу ескі дәстүрге ие екені белгілі. Сөзжасамның кейбір фактілерін сипаттауға және оларды түсіндіруге алғашқы талпыныстар А. Giermakowska [129], И.А. Бодуэн де Куртенэ [100,с. 47], Ф.Ф. Фортунатов [101,с. 11], Н.В. Крушевский [102,с. 101], К.И. Чуковский [103,с. 12] сияқты атақты ғалымдардың жұмыстарында жасалынды. Ғалым К. Bühler аналогия бойынша балалар білімін талдай отырып, оларды бала барлық флективтік тілдердің негізгі қағидасын өзі үшін «ашу» жағдайында екендігімен және оны әртүрлі жағдайларға ауыстыра алатындығымен түсіндірді [105,р. 27]. Зерттеушілер көп жағдайда қолданылатын грамматикалық элементтерді түсінуімен шартталған балалардың жаңа сөздер табу және сөз жасау сипатының кенеттік екендігін көрсетті (С. Stern, W. Stern, S. Ervin-Tripp [106,р. 23], Н.М. Юрьева [91,с. 16]). Сонымен бірге, ғалымдар аналогия мұндай балалар білімінің негізгі механизмі екендігін мойындады. Әдеттегідей тіл ғылымының мамандары ойлары бойынша сөзжасам екі жақты қарастырылады. Біріншіден, сөзжасам туынды және күрделі сөздер деп аталатын мағына ретінде немесе нәтижесі ретінде айтылады. Екіншіден, туынды және күрделі сөздерді жасаудың, құрастырудың, және бөлудің барлық аспектілерін зерттейтін тіл білімінің саласы ретінде. Зерттеудің тікелей тақырыбы – туынды сөз, оның құрамы, құрылымы мен сөйлеу тіліндегі белсенді бірлік ретінде құрылуы.

Балалардың сөйлеу тілінің пайда болуы мен қалыптасуы айналадағы адамдармен қарым-қатынас процесінде дамиды. Тек қарым-қатынас пен тәрбие процесінде бала әлеуметтік қасиеттер мен функцияларды игереді.

Атақты психологтардың зерттеулері Д.Б. Эльконин, М.И. Лисина, А.Г. Рузская [130-132] сөйлеу тілінің грамматикалық жағының дамуы баланың іс-әрекетімен байланысты екенін көрсетті.

Нақты сөйлеу қабілеті-адамның маңызды көрінісі. Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша бала байқаған немесе сезінген нәрсені сөзбен қаншалықты көп жазса, ол қабылданатын ақпаратты соғұрлым жақсы түсінеді.

Балада барлық психикалық процестер бар: қабылдау, зейін, есте сақтау, иллюзия, ойлау операциялары, олар сөйлеу тілінің дамуымен байланысты дамиды (Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, А.А. Леонтьев, А.В. Запорожец) [133-136].

Ең алдымен импрессивті сөйлеуі, кейін экспрессивті сөйлеуі дамиды деп, бірнеше авторлар атап айтқан.

«Түсіну – айтуға қарағанда едәуір күрделі үрдіс» деп А.А. Леонтьев өзінің анықтамасын берген [135,с. 119].

Көптеген зерттеушілердің айтуынша (А.М. Шахнарович [137] т.б), сонымен бірге Ф.А. Сохинның [138], бала ана тілін меңгеру кезінде тек енжар еліктеу ғана емес, бала жағынан белсенділіктің де рөлі үлкен.

Сөйлеу тілінің белсенді дамуы бала өмірінің екінші жылында өтеді деген Л.С. Выготский, яғни бұл уақытта психикада жаңа өзгерістер ретінде өзіндік сөйлеуі дами басталады екен.

Ал, Г.Л. Розенгард – Пупко [139] айтуы бойынша, өмірінің екінші жылының жартысында баланың өзіндік сөйлеуі қалыптасып белсенді дамиды екен.

Баланың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын меңгеруінің келесі кезектілігін А.Н. Гвоздев [17,с. 39] былайша белгілеген:

1. өзгермейтін, барлық жағдайда қолданатын аморфты түбір сөздерден тұратын сөйлемдер кезеңі. Екі бөліммен сипатталады: бір сөзден тұратын сөйлемдер уақыты (1,3 ж. бастап 1,8 ж. дейін) және екі сөзден тұратын сөйлемдер уақыты (1,8 ж. бастап 2,10 ж. дейін). Тұрлаусыз мүшелер аграмматикалық бөліктер ретінде пайдаланылады. Ең алғашқыда объекті және оның әрекетке деген қатынасы қалыптасады. Оның негізінде сөз тіркестері пайда болады:

1) етістік +объектінің жатыс септігі; 2) етістік объектінің атау септігі.

2. грамматикалық кателердің қалыптасуымен байланысты сөздердің грамматикалық түрлерін меңгеру кезеңі. Сөздердің морфологиялық дифференциациясы пайда болып, өз бетінше қалыптасқан түрлер кең пайдаланылады. Бұл кезең 1,10 ж. бастап 3 жасқа дейін жүреді.

3. тілдің морфологиялық жүйесін меңгеру кезеңі (3 ж.бастап 7ж.дейін). Сөзжасам процестерін төмендегідей қарастыруға болады:

1. Аналогия бойынша, туынды сөз лексикалық үлгіге сай жасалады.

2. Корреляциялық, оның негізінде сөзжасаудың қарапайым ережелерін білу мен қолдануға сүйенетін күрделі аналогия жатыр.

3. Дефиниционды. Затты немесе құбылысты айтпас бұрын, ол туралы айту, белгілі қасиеттер мен сапаны қосып айту (Е.С. Кубрякова бойынша) [140].

Олардың алғашқысы – сөзжасам қатар моделін білумен, екіншісі (корреляциялық) – жүйелі түрдегі сөзжасам корреляциясын білумен, үшіншісі (дефиниционды) – затты сипаттамаудан оның атау моделін білумен қамтамасыз етіледі.

Балалардың ана тілінің сөзжасам жүйесін меңгеру мәселелері жөнінде әртүрлі көзқарастардың болуына қарамастан, бала тіліне арналған зерттеулерде,

оның тілі қалыпты дамығанның өзінде неологизмдер пайда болуы жөнінде авторлар атап өткен. Бұл туралы мәліметтер Н.А. Рыбников [141], М.И. Стахорская [142], А.Н. Гвоздев [17,с. 41], К.И. Чуковский [103,с. 7], Т.Н. Ушакова [143], M. Ramon-Casas, S. Cortés, A. Benet, C. Lleó, L. Bosch [144] еңбектерінде кездеседі.

«Түрікмен баласының сөзжасамы, ана тілінің қарапайым сөздерін меңгеру сияқты, оның негізінде айналасындағылар балаларға беретін сөйлеу стереотиптеріне еліктейді», - деген ойды жеке зерттеуші Г.Д. Тагандурдыева білдіреді. Түрікмен баласының бірде –дір «жаңа» сөзін нақты сөздің тұпнұсқасы деп санауға болмайды, баланың сөздік қорында бұл сөз құрылған үлгі болуы керек. Автор түрікмен балаларының сөз құрау қағидалары бойынша мыналарды анықтаған: сөз бөлшектері сөздің «түбіріне» бөтен жұрнақ қосу, жинақтап сөздерді қосу, кішірейткіш мән беретін жұрнақтары бар ерекше сөздер, көмекші етістіктердің көмегі арқылы сөздері қалыптасады. Бұл балалардың сөз шығармашылығының ерекшелігі күнделікті ересек адамдардың орыс тілі сөздерін естуі басым болуынан деген ой білдіреді. Осы себепке байланысты, баланың өзі жасаған жаңа сөздері пайда болады, олар мынандай типтес болып келеді: «орыс тілі сөзі+түрікмен тілі жұрнағы» немесе «түрікмен тілі сөзі + орыс тілі жұрнағы». Осылайша, түрікмен балалары сөйлеу тілі үлгілерін игеруде негіз болып табылады [145].

Сөз шығармашылығы құбылысы алыс шетел зерттеушілерінің еңбектерінде де кездеседі. Атап айтқанда, балалардың сөз шығармашылығы неміс, француз, поляк және ағылшын тіліндегі әдебиеттерде нақты берілген.

Балаларда сөз шығармашылығы процестерінің пайда болуын тілі шығып келе жатқанда тәжірибелік тұрғыдан жаттыққандығы себептен деп есептелді. Алайда, бала тілінде неологизмдер сияқты құбылыстың пайда болуына ересектің сөйлеуіне еліктеп алған деуге болмайды. Зерттеушілер бала жасына сай бұл жағдайды атай отырып, оның пайда болу себептерін сипаттайды. Мысалы, зерттеуші К. Bühler баланың аналогия бойынша жасаған сөздерін талдауға негізделіп, бала барлық флективті тілдерге тән негізгі қағидалары ашатыны туралы атап өткен. Яғни, негізгі қағиданың мәні – сөздер арасындағы қатынастар дыбыстардың әсерінен өзгеретіні және осы қағиданы басқа жағдайларда қолдануы туралы айтады [105,р. 29]. Автор баланы мұндай «жаңалықтарды» ашуға әкелетін жолдың түсініксіз екенін атағанымен, көптеген психологтар мұндай көзқарасты сынға алды, мұндай «жаңалықтар» тілді меңгерудің басында болмайтын, кейін пайда болатын құбылыс деп түсіндіреді. «Kindersprache» монографиясында неміс зерттеушілері (С. Stern және W. Stern) сөз шығармашылығы құбылысын келесідей талдайды: «бала ересектерден естігеннің барлығын қайталамайды, алайда, ол ересектер ешқашан айтпаған көптеген сөздерді айтады» [146]. Осыған баланың имитация арқылы қабылдағанды кездейсоқ талдауды жатқызуға болады. Көп жағдайда бұл талдау «жасалған аналогия» түрінде байқалады. Балалардың сөз шығармашылығының кенеттен кездейсоқ болуы, авторлардың пікірінше, «жоқтан жасау емес, берілген материалды еркін өзгертуде көрініс табуында» дегенді білдіреді. «Аналогияға

деген тенденция аса күшті болу себебі, қоршағандардың тіл арқылы белсенді әрекеттері жарамсыз болып» балаға тиімдісі имитация арқылы ауытқыған форманы игеруге қарағанда, «ішкі сөйлеу әдеті бойынша жасау» табылады дейді N. Chomsky [83, p. 21].

Сөзжасам маңыздылығына теориялық көзқарастардың дамуы аталған мәселенің ғылыми тәсілдерге ие болуына байланысты айтарлықтай өзгерістер қатарына ұшырады. Морфологиялық ықпалға сәйкес, сөздің жасалуының ең аз болып саналатыны морфема, ал сөздің жасалуының барлық құбылыстары морфологияның әсері арқылы қарастырылады. Көп жағдайда бұл сөзжасамдық және морфологиялық құбылыстарды түсінудің және ажыратудың жеңілдігіне, түсініксіздігіне алып келеді.

XX ғасырдың 60-жылдарының соңы – 70-жылдарының басында шетелдік ғылымда сөзжасам мәселесі ерекше қарқынмен өңделе бастады. Сөзжасамды зерттеу кезеңі тіл үлгілерін туғызушы (динамикалық) теориялардың дамуымен сәйкес келді.

XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап шетелде сөзжасам жөніндегі білім бірнеше, өзара сирек қиысатын бағыттар шеңберінде дамыды:

- N. Chomsky зерттеулері негізін салған сөзжасамның синтаксистік теориялары туынды дериваттардың мағынасы және құрылымын түсіндіреді;

- R. Brown жақтаушысы болған ономазиологиялық ықпал сөзжасамды сөйлеушінің нормативті әрекеті және номинация теория көзқарасы тұрғысынан қарастырады [147]. Динамикалық және ономазиологиялық бағыттар жетістігін жалпылаушы функционалды-семантикалық ықпал, ең алдымен, байланыстырып сөйлеу тіліндегі туынды атауларды жасаумен, семантикамен байланысты мәселелерді қарастырады.

Сөзжасамға арналған шетелдік әдебиеттерді зерттеу және талдау көптеген шетелдік тілдер (мысалы, ағылшын, неміс тілдері) орыс тілі сияқты қиын еместігін көрсетеді. Алайда, осы немесе басқа зерттелетін тілге тәуелсіз, барлық жағдайда сөзжасамды ғалымдар бала тілінің және сөздік қарым-қатынастың дамуының бірегей үрдістерінің бірі ретінде мойындайды.

Шетелдік ғалымдар сөзжасамның жетекші қызметі сөз әлемі арқылы шынайы әлемді тану деп санайтындығын айта кеткен жөн. Әр мемлекеттің ғалымдарының көзқарасы балалардағы сөзжасам дағдылары мен икемділіктері қалыптасуының жас ерекшелік шекараларын анықтауда біршама бірікпейді, алайда мектепке дейінгі жаста неологизмдердің пайда болу типтілігін бірауыздан мойындайды. Сонымен бірге, баланың сөзжасамдық әрекеттері тілдегі оның хабардарлығын, нақтырақ – сөздердің лексикалық кластары туралы білімдерін көрсетеді. Осылайша, заманауи шетелдік зерттеушілер лексикалистикалық гипотезаны қолдаушылар болып табылады. Ғалымдардың классикалық және заманауи еңбектері сөзжасам жөніндегі мұндай тар түсінікпен келісуге мүмкіндік бермейді. Қазіргі таңда сөзжасамның негізгі тәсілдері ретінде қосымшалы (морфологиялық), морфологиялық-синтаксистік, лексикалық-синтаксистік және лексикалық-семантикалық сияқты тәсілдерді қарастыру қабылданған.

Аталған тәсілдердің әрқайсысына жеке тоқталайық. Қосымшалы тәсілде туынды сөз сөзжасамдық қосымшалардың (жұрнақ, префикс және т.с.с.) туынды негізгі немесе жасалатын сөзге бірігуімен жасалады. Дәл осы жағдайда қосымша сипатына сәйкес, сөзжасамның келесідей тәсілдері белгілі:

1. Жұрнақтық немесе жұрнақты жалғау – бұл деген сөзжасаушы жұрнақ арқылы жаңа туынды сөз жасау.

2. Префикс немесе префиксация – бұл деген префикстердің көмегімен туынды сөз жасауды білдіреді.

3. Префиксті-жұрнақтық тәсілде жаңа сөз сөздің негізіне жұрнақтың бір уақытта жалғану есебінен пайда болады.

4. Постфиксальді – тұтас жасалатын сөзге постфикстер қосылады.

5. Постфиксациямен сәйкестіктегі префиксация – бұл негізінен инфинитивке сөзжасамдық префикстер мен постфикстер жалғану есебінен етістіктердің жасалуы.

6. Постфиксациямен сәйкестікте суффиксация зат есімдердің немесе сын есімдердің негізіне жұрнақтар жалғанады.

7. Бірігу – бір немесе бірнеше негіздердің интерфикстің көмегімен алмастырушы сөздермен бірігуі.

8. Күрделі жұрнақтық тәсіл – бір мезгілде жұрнақтардың бірігуі.

9. Аббревиация – қысқартылған негіздердің немесе толық сөздердің бірігуі.

Морфологиялық-синтаксистік тәсіл бойынша сөзжасам бір бөліктің басқа бөлікке ауысуының нәтижесінде жаңа сөздердің жасалуы деп түсіндіріледі.

Лексикалық-синтаксистік тәсіл немесе тұтасу, туынды сөздің тұтас сөз тіркесінен жасалуын көрсетеді.

Лексикалық-семантикалық тәсіл кезінде бастапқы мағынасынан айырылатын сөздің ауыспалы мағынасынан алуға болады.

Классикалық тіл білімінде сөзжасамның негізгі түрлері анықталған:

- тура, мысалы, жұрнақтардың көмегімен жаңа сөздердің жасалуы;

- кері, яғни сөздің бастапқы формасынан жұрнақтардың ажырау жолымен жаңа сөздердің жасалуы;

- алмастырушы, яғни бір сөз шеңберінде бір сөзжасамдық морфеманы басқасына алмастыру жолымен жаңа сөз жасалады.

Әдетте, зерттеушілердің зерттеу аймағына сөйлеу тілінің жасалуы кезінде алынған инновациялар шоғырланады. Бұл жағдайға А.Н. Гвоздев баласына қайшыларды әкелуін өтінгенде, оның қарсылық танытуына мысал келтіре отырып назар аударды, өйткені үстел үстінде бірнеше емес, бір ғана қайшы жатқан болатын.

Олардың сөйлеу тілінде кең таралуының себебін «өз кезегінде тілдік механизмнің күрделілігімен, сонымен қатар баланың сөздік операцияларының өзгешелігімен шартталған баланың тілді меңгеру ерекшелігінен, бұл үрдістің күрделілігінен және көпсатылылығынан» көреді. Балалардың жаңа сөзінің пайда болуының басты себебі ретінде автор «тілдік жүйенің қысымынан» көреді. Осы ережелерге сүйене отырып, балалар тілдік белгілердің түрлері мен

мағыналарының арасындағы нақты қатынастардың симметриялылығын орнатуға ұмтылады [17,с. 89].

Бұл автордың біз үшін ерекше маңыздысы мектеп жасына дейінгі балаларға тән жиі және мәнді сөзжасамдық инновациялардың категориясын көрсетуі. Бұл ең алдымен, әртүрлі етістіктік сөзжасамдар, оларға жатады:

- дерексіз әрекеттер мағынасында зат есімдердің жасалуы;
- әрекеттік мағынасындағы сөз;
- әрекет құралы мағынасындағы зат есімдер;
- жұрнақ жалғану арқылы жасалған сын есімдер;
- префиксация жолымен жасалған етістіктер;
- жұрнақтық жолмен жасалған етістіктер;
- префиксальді-жұрнақтық жолмен жасалған етістіктер.


Автор 3-4 жастағы балалардың сөйлеу тілінің бейнелерін келтірсе де, сөзжасамдық инновациялардың жас шекарасын нақты көрсетпейді.

Осылайша, барлық авторлар балалардың тіл нормаларына сай емес сөздердің жасалу құбылыстарын белгілейді. Бұл құбылыстардың жас шекараларын авторлар әртүрлі анықтайды, алайда барлық зерттеушілер бір ауыздан сөзжасамның белсенді кезеңіне 3-4 жасты жатқызады (А.Н. Гвоздев, С.Н. Цейтлин, Д.Б. Эльконин, Т.Н. Ушакова, Е.С. Кубрякова). Зерттеушілер балалардың мұндай сөздерін әртүрлі грамматикалық вариацияда қолдануының ерекше оңай екендігін бір ауыздан мойындады. Бұл балалардың жаңа сөз жасауы тілдің морфологиялық жүйесін қалыптастырудың жалпы үрдісін көрсететіндігін айтуға мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған авторлардың көзқарастары сөзжасамның кезеңдерін, тәсілдерін және түрлерін сипаттайды, алайда оның механизмін ашу мәселесіне тек жанама қатысы бар.

Зерттелетін үрдістер негізінде жатқан механизмдерді терең талдау барысында, сөзжасамды онтогенетикалық бірлікте қарастыруға мүмкіндік беретін, оның когнитивті және коммуникативті дамумен тығыз өзара байланысы мойындалуы көптеген психолингвистикалық зерттеулерде көрініс тауып отыр (А.А. Леонтьев [135,с. 63], А.М. Шахнарович [137,с. 42]). Сөзжасамды меңгерудің қажеттілігі сөз элементтерінің мағынасымен бірге бала үнемі жағдайлар мағынасымен кездеседі. Егер әлем элементтері ретінде өзінің физикалық және материалдық қасиеттері жағынан заттар алға шықса, онда жағдайларда заттар арасындағы қатынастар көрсетіледі. Бұл қатынастар сөздік қарым-қатынастың мазмұны мен формасындағы өзгерістерді, нақтырақ – номинация бірлігі мағынасының қайта жасалуын талап етеді. Мұндай қайта жасалудың нәтижесі туынды сөз болып табылады. Бір жағынан бұл өзгерістер баланың қоршаған ортаны тануындағы, ақиқатта бар байланыстар мен қатынастарды меңгерудегі өзгерістер. Екінші жағынан, туынды сөздер баланың сөйлеу тілі дамуындағы жаңа кезеңді сипаттайды. Зерттеулер көрсеткендей, мектепке дейінгі жастың белгілі бір кезеңіне дейін сөздік қордың дамуы және грамматикалық құбылыстарды меңгеру баланың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандырады. Алайда, заттық әлемдегі баланың заттар мәніне енуі, айқын және жасырын байланыстарды орнату белгілі бір кезеңде тілдік көріністің

адекватты формасына мұқтаж бола бастайды. Осылайша, қарапайым номинативті бірліктер 3-4 жаста баланың шындықтағы құбылыстарды жаңадан түсінуін көрсете алмайды.

Психолингвистикалық зерттеулердегі мәліметтерді ескере отырып, грамматикалық, сөзжасамдық белгілерді игеруді естіген сөзді интуитивті талдау процестері мен экстралингвистикалық қатынастар құрайды. Бұл негізде тілдік жалпыламалар мен олардың абстракциялануы мен тар мағынадағы сөзге алмастыру қалыптасады. Осылайша, сөзжасамды бала меңгеруі үшін, ең алдымен туынды сөзді жасау реттілігі мен тәртібін білуі керек. Баланың психолингвистикалық бірлік ретінде морфеманы меңгеру процесінің теоретикалық моделін А.М.Шахнарович белгілеген болатын (сурет 1).



Сурет 1 - Балалардың морфеманы меңгеру процесінің моделі

Заттармен әрекеттер негізінде бала заттық әрекетті меңгереді. Қоршаған адамдармен қарым қатынас жасап, сөзбен байланыстыру арқылы балада сөздің дыбыстық құрамында бағдарлауы дамиды. Бағдарлау әрекеті өз бетінше екі кезең бойынша жүреді: тану, осы белгілерді көрсету формалары, ақпаратты басақаларға тарату үшін нысандарды бөлу. Осымен қоса заттық әрекеттер мен ерікті қимылдардың дамуы негізінде екі процесс жүреді: біріншісі нысандарды жағдайдан ерекшелеу, екіншісі жағдайдағы элементтердің атау.

Мұндай бағдарлау әрекеті сөздің тиісті формальды элементін түсінудің бірінші кезеңі ретінде оқшаулауға әкеледі (А.А. Леонтьевтің айтуы бойынша). «Балада морфеманың дыбыстық құрамын қабылдау кезінде визуалды бейнелеу негізінде сөздің бөлігі болып, дыбыстың морфемамен кері байланысы қалыптасады» [135,с. 65]. Сол себепті, ол морфемаларды сөздің бөлігі ретінде оқшаулай бастайды; алдымен оның сыртқы, дыбыстық жағына назар аудара отырып, морфеманың дыбысына мотивацияланған мағынаны жатқызады, бұл

баланы өте маңызды қорытындыға әкеледі: ұқсас құбылыстарды ұқсас түрде белгілеу сияқты. Осы кезеңдегі ұқсастық бойынша көптеген сөзжасаулар сөздердің морфологиялық элементтерге бөлінуінің басталуын көрсетеді. Морфеманы оқшаулаған соң, оның қызметтік кезеңі жүреді. Бұрын түйсінілмеген операциялар енді өзекті түйсіну сатысы арқылы бақыланатын болады.

Балаға ұқсас заттар мен қоршаған орта құбылыстары біртұтас формада көрсетілген кешендерге топтастырылған, бұл балалардың сөйлеу тілінің морфологиялық элементтерінің араласуы нәтижесінде формасы әртүрлі, бірақ мағынасы бірдей неологизмдердің пайда болуына әкеледі. Бұл құбылысты ғалым Ф.А. Сохин қарым-қатынастың жалпылануымен түсіндіреді, онда бала заттардың қарым-қатынасын тілдегі қатынастарға ауыстырады. Синонимдік грамматикалық формаларды өзбетінше игеру кезінде олардың әрқайсысы тар мағынадағы сөзге алмастыруға ұшырайды деген пікірді Ф. А. Сохин білдірген. Әрбір форманы осындай артықшылықты қолданғаннан кейін ғана жалпыланған қатынастардың дифференциациясы жүреді, нәтижесінде осы стереотиптердің функциялары ажыратылады. Бірқатар авторлар «сөзжасам ережелерінің қалыптасу негізінде грамматикалық элементтің дыбыстық формасы мен оның мағынасы арасындағы қатынастарды тар мағынаға алмастыру, баланың тіл әрекетінде бағдарлау әрекеттерін жалпылау жатқанын» айтып, эксперименталды дәлелдеген [21,б. 112].

Сөзжасам моделін қалыптастырудағы жол жалпыдан жекеге, яғни тәсілден құралға апарылады.

Затты тану қажеттілігі мен сол білімді көрсетудің бар мүмкіндігі арасында белгілі бір үзіліс жасалады. Барлық артушы үзілістер тек жаңа тілдік дағдыларды меңгеру арқылы еңсерілуі мүмкін, өз кезегінде бұлар сөзжасам дағдылары болып табылады.

Осылайша, баланың сөйлеу тілінде туынды сөздің пайда болуы олардың когнитивті және тілдік дамудың жаңа деңгейіне көшкендігі туралы айтады. Мұндай динамика сөзжасам қызметінің көптүрлілігінен көрініс табады:

- өзіндік номинативті (яғни қажетті атауды табу);
- құрылымдық (сөйлеу тілінің синтаксистік құрылысын өзгерту);
- компрессивті (қысқа номинацияларды жасау);
- экспрессивті (айтылудың экспрессивті формасын алу);
- стилдік (сөйлеудің жеке тәсілінің сөйлеу тілінің белгілі бір сферасымен қиысуы).

Бұл функциялардың қалыптасуы бала дамуының әртүрлі кезеңінде болады, алайда әдебиеттерде олардың жас шекарасына нақты нұсқаулар байқалмады.

Жоғарыда айтып өткендей, зерттеушілер сөзжасам дағдыларының қалыптасуын баланың өз ана тілінің грамматикасын меңгерудің тұтас үрдісі ретінде қарастырады. А.А. Леонтьев сөйлеу тілі дамуының тұтас классикалық кезеңділігін ұстана отырып, баланың өз ана тілінің грамматикасын меңгеруімен байланысты ондағы жеке кезеңді бөліп көрсетті.

Олардың біріншісі – грамматиканың синтагматикалық кезеңі – «ешқандай морфемаларды «жинақтаудың» әртүрлі лексикалық-грамматикалық түрлерінің» сызықтық сәйкестігімен сипатталады.

Екінші – грамматиканың парадигматикалық кезеңі – сөздегі морфемаларды және оларға тіректерді бөлумен аталады. Дәл осы кезеңде А.А. Леонтьевтің мәліметтерінше сөзгертуді меңгерумен қатар сөзжасамдық икемділіктер мен дағдылардың біріншілік қалыптасуы басталады. Грамматиканың парадигматикалық кезеңдері өз кезегінде кезеңшелер қатарына бөлінеді. Олардың біріншісі – «морфемиканың фонологиядан» тыс кезеңшесі – сөз құрамындағы морфемалардың дыбыстық формасына бағдарланудың жоқтығымен сипатталады. «Фонологиялық морфемика» кезеңшесінің келесі ағымында сөздің морфемалық құрамы емес, сөз формаларын ажырату жүреді. Дәл сол кезде морфема мен заттық шынайылықтың арасында кері байланыс жинақталады (А.А. Леонтьев [135,с. 137], А.М. Шахнарович) [137,с. 92].

Бағдарлану мазмұны келесілерді құрайды:

- объекттердің нақты сапасын, қасиетін, белгілерін тану;

- бұл белгілерді білдіретін формаларды таңдау, атау, ол мәліметтерді басқа біреуге беру үшін объекттерді бөлу.

Басқа үрдістер де, бір уақытта жүреді: объектілердің сипаттамасы, оларды жағдайлардан бөліп қарастыру және жағдай элементтеріне атау беріледі деп есептейді А. М. Шахнарович. Морфеманың дыбыстық құрамына бағытталған баланың бағдарланушы әрекеті сөздің сәйкес формальді элементін түсіну ретіндегі нәтижеге ие болады. Түсіну бірнеше кезеңдер қатарынан өтеді, олардың алғашқысы бөлшектеу болып табылады. Келесі сатының механизмдерін А.Н. Леонтьев сипаттаған, ол шынайы түсіну болып табылады. Ертеректе саналы емес болған операциялар маңызды сезіну баспалдағынан кейін саналы бақыланатын болады. Басқаша айтқанда, аталған операциялар сөйлеу әрекетінде мақсаттың құрылымды орнын баса бастайды және саналы бола түседі.

Сөздің формальді элементтері бар операциялар морфемалар, таңбалар ретінде көрініс тапқан кезде саналы бақыланатындығы айқын. Морфемаларды функциональды қолдануға дейін бала бөлшектеу баспалдағында болады. Алайда, ғалымдар арнайы оқыту кезінде балалар морфемаларды толық түсінуге дейін жеткілікті түрде ерте көтерілуге қабілетті деп санайды.

Морфеманың дыбыстық құрамын қабылдай отырып, бала бейнелік түсініктер негізінде сөз бөлшегі ретінде дыбысталудың морфемамен бейнелік байланысын қалыптастырады. «Дыбыстық форма – морфема» байланысы баланың морфемаларды бөлшектеуді үйренуіне қарай бекітіліп отырылады.

Алайда, сөз бөлшегі ретіндегі морфемалар дыбысталуының морфемалар құрылымымен бейнелік байланыстары өздігінен жеке қызмет атқармайды. Олар байланыстың кеңірек шеңберіне енеді. Сондықтан, «морфема – зат» байланысын ажыратқан жөн. Бұл байланыс бала морфонологиялық кезектестіруді, яғни сөз ішіндегі морфемалар вариативтілігін меңгергенде «морфонологиялық морфемика» кезеңшесінде жинақталады (А.А. Леонтьев). Басқаша айтқанда, сөз

құрамымен және ондағы морфема орнын ұғынған бала заттық шынайылық біліміне сүйене отырып, сөздерді құрастыра бастайды [135,с. 139].

Сөз формаларын меңгеру кезінде бала оларға зат ретінде сүйенеді. Сонымен бірге бала морфемалардың дыбысталуына бағдарлана отырып, заттық шынайылық бейнесінің дыбысталуын іздейді. Бала морфема енгізген дыбыстық өзгерісті орнатса және оны заттық әлемдегі өзгеріспен сәйкестендірсе, бұл көріністі табады. Заттардың өзгеруі жөніндегі түсініктер баланың заттық-тәжірибелік әрекеті үрдісінде және оның ересекпен қарым-қатынасы барысында жинақталады. Қарым-қатынас қажеттіліктері сәйкес құралдарды талап ететін алынған түсініктердің айтылу қажеттігін ұсынады. Балада бұл құралдар бар: ол заттың, әрекеттің және т.с.с. қалай аталатындығын біледі. Алайда бұл объектідегі өзгеріс туралы білімін көрсету үшін сөз – атауын өзгерту қажет. Бұл үшін тек жаңа формаларды ғана меңгеру емес, сонымен қатар оларды көптүрлерінің арасынан таңдау жасай алу да қажет. Егер ересектерде бұл таңдау тілде қалыптасқан құралдар негізінде іске асырылса, ал бала өзінің түсінігіндегі заттық қатынастардың бейнелерімен байланысты формаларды таңдауға ұмтылады. Сонымен бірге, бұл формаларды таңдау және заттық қатынастарға бағдарланудың бейнелік сипаты барлық мектепке дейінгі жас ағымында сақталады. Морфеманың дыбыстық формасына және дәлелді мағынадағы морфеманың дыбысталуының тіркелуіне баланың бағдарлануы оны өте маңызды қорытындыға алып келеді: аналогиялық құбылыстар ұқсастық түрде білінеді. Нақ осы аналогиялар, зерттеушілердің пікірінше көптеген балалар неологизмдерінің негізінде жатыр. Алайда, мұндай жасалулар басқа механизмдермен қамтамасыз етіледі. Ересектерге қарағанда олар саналы әрекеттер нәтижесінде пайда болады. Аналогия бойынша жасалу өз бастауын морфеманың дыбыстық құрамына бағдарланудан алады. Бұл бағдарлану сөз бөлшектерінің ұқсас дыбысталуы бойынша және объектілердің бірдей сипаттамалары арасында өзара байланыс орнауымен бекітіледі. Қатынастардың жалпылануы балалар сөзжасамының психофизиологиялық негізін құрайды. Бұл үрдісті келесідей елестетуге болады: алдымен сөзжасамдық үлгілерді меңгеру жүреді, содан соң оны жаңа сөз жасау үшін қолдану.

Баланың тілдік болмысқа белсенді, шығармашылық қатынасы тілдің потенциалды, сөзжасамдық мүмкіндіктерін баланың іске асыруынан байқалады. Жалпылаудың нәтижесі ретінде, балада болмыс құбылыстарының тілдік тәсілдермен жалпыланған байланысы көрінетін сөзжасам үлгілері туралы кейбір түсініктер қалыптасады [130,с. 22].

Осылайша, грамматикалық элементтерді меңгеру – бірнеше кезеңдерді бөліп қарастыруға болатын күрделі жол:

- морфеманың дыбыстық формасына бағдарлану.
- константты әртүрлі сөздерде жалпы дыбыстық форманы орнату.
- бұл форманы болмыстағы құбылыспен, әлдебір элементпен байланыстыру.
- аталған құбылыстармен дыбыстық кешеннің қатаң байланысын орнату.

- аталған дыбыстық кешенді құбылысты білдіру үшін барлық сөзге ауыстыру, яғни «үлгі-типті» қалыптастыру.

Баланың морфемалардың мағынасын қабылдау процесін жылдамдату мүмкіндігі балаға заттық іс-әрекеттермен байланысын тауып, айқын көрсету арқасында мүмкін болады.

Осылай, авторлар онтогенездегі сөзжасамның барлық функционалдылығын зерттеу қажеттілігін көрсетеді (туынды сөздердің семантикасын, сөзжасам ережелері мен тәсілдерін меңгеру).

Балада сөзжасам іс-әрекетінің міндетті шарты ретінде авторлар болмыстың арнайы атау тәсілдері мен олардың практикалық қолданыстарын қабылдау процесін атайды. Бұл процесс мектепке дейінгі жаста даму барысында аса қарқындылықпен өтіп, екі бағытты қамтиды: бірінші жақтан өзіндік номинативті сөзжасам іс-әрекеті және екінші бағытта, дайын туынды сөздерді, олардың мағынасы мен құрылу тәсілін меңгеру. Осылай, сөзжасам мен сөзді қабылдау (туынды сөздердің семантикасын қабылдау мағынасында) өзара байланысты және өзара толықтаушы жалпы бір процестің бөлшектері ретінде қарастырылады.

С.Н. Цейтлиннің ойынша, деривациялық процестерді сипаттайтын үлгі ретінде балалардың инновацияларын (жанашылдықтарын) алуға болады. Ол – бала күнделікті сөйлеуінде қолданбайтын, алайда бір жауабында көрініс тапқан кез келген сөзі. Автор инновациялардың төмендегідей типтерін көрсетіп отыр:

- сөзжасаушы;
- формажасаушы (морфологиялық);
- лексикалық – семантикалық;
- синтаксистік;
- ересектің сөздерінің түрлі модификациялары.

Бала тіліндегі инновацияларды кеңінен таралу себебін С.Н. Цейтлин бала тілді меңгеру ерекшеліктеріне, бұл процестің күрделілігі мен көп сатылылығына байланысты дейді. Себебі, бұл процесс тіл механизмінің күрделілігімен және баланың тіл операцияларының ерекшеліктерімен негізделген. Балада жаңа сөздердің пайда болу себебін автор, «тіл жүйесінің қысымы» және оның салдарынан баланың меңгерілетін тіл жүйесінің ережелеріне еріп кетуінен көреді. Бұл ережелерге сәйкес балалар тіл белгісінің мәні мен формасы арасында нақты симметриялық қатынастарды орнатуға тырысады. Ересектің тілінде нақты симметриялық қатынас болмауы да мүмкін, себебі, бір мағына түрлі құралдар көмегімен әртүрлі айтылуы мүмкін. Бұл құралдар өте алуан түрлі және синонимиялық болғандықтан, сөйлеген адам оларды түрлі талдаулар (фонетикалық, формальды-құрылымдық, лексикалық-семантикалық т.б.) арқылы таңдайды. С.Н. Цейтлиннің пікірі бойынша, түрлі сөйлеу құралдары мен модельдердің көптігі балалар инновациясының жасалуына әкеп соғады [148].

Сонымен, авторлардың көбі, балаларда тіл нормасына сәйкес келмейтін сөздерді жасау құбылыстары жөнінде айтады. Бұл құбылыстардың жасқа сай шектерін әр автор әртүрлі белгілеп отыр, алайда, барлығы балалардың 3-4 жасын сөз шығармашылығының белсенді кезеңі деп атайды (А.Н. Гвоздев [17,с. 43],

М.М. Кольцова, Е.С. Кубрякова, Т.Н. Ушакова, С.Н. Цейтлин [149-152]. Д.Б. Эльконин [130,с. 52]). Зерттеушілер балалардың мұндай сөздерді ерекше оңай қолданатынын бірауыздан мойындады. Балалардың сөзшығармашылығы тілдің морфологиялық жүйесі қалыптасуының жалпы процесін көрсетеді. Жоғарыда аталған авторлар туынды сөзжасамның кезеңдерін, тәсілдері мен типтерін сипаттайды, алайда оның механизмін үстірт қана атап, көрсетеді.

Қазіргі уақытта санаулы авторлар ғана, мектепке дейінгі жастағы қазақ балаларының ана тілін меңгеру мәселелерін қарастырып, соған арналған зерттеулерді жүргізген. Солардың ішінде, бұл мәселе бойынша қазақстандық ғалым Б. Баймұратова, Т.Т. Аяпова, қазақ балаларының грамматикалық бірліктерді меңгеріп, қолдану ерекшеліктері туралы зерттеулер мен тәжірибе жұмыстарын ұйымдастырған еді. Ғылыми ізденістердің нәтижесінде сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасуы баланың когнитивтік тұрғыдан дамуының белгілі бір деңгейінің негізінде іске асатыны туралы тұжырымдар жасалған. Демек, бала нақты бір тілдік форманы қолданбастан бұрын оның мағынасы мен қолдану аясын түсіну керек. Бұндай әрекет сәбидің айналасындағылардың сөйлеу тілін талдау негізінде грамматикалық заңдылықтардың күрделі жүйесін меңгеріп, тәжірибе жүзінде сөйлесу барысында қолданып, өзінің сөйлеу мәнерінде қалыптастыру кезінде орындалады [153-154].

Осы мәселе жеке зерттеулерде қарастырылған, атап айтатын болсақ, жалпы білім беретін балалар бақшасындағы балалардың сөйлеу тілінің лексикалық – грамматикалық жағының ерекшеліктері бойынша балалардың сөзжасам, сөз өзгертудің ең өнімді тәсілдерін қолданылуы жөнінде ішінара ғалымдардың еңбектерінде жазылған. Сөзжасам операцияларының айтарлықтай кеш дамуы, белсенді сөз қоры мен фонематикалық функциялардың дамымауын кейбір дыбыс айту бұзылыстары бар балаларда сөйлеу тілі жалпы дамымауының көмескі түрі ретінде бағалауға болады. Мұндай балалар мектепте оқыту барысында жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы мүмкін қауіпті топқа жатады. Байланыстырып сөйлеу онтогенезі мәселелерімен К.М. Метербаева, А.Б. Бакраденова, Н.Н. Ханина [155-157], Қ.Қ. Өмірбекова, Ж.Т. Тасжүрекова, А.Д.Сейсенова, Г.Н. Тулебиева [158-160] сияқты отандық ғалымдар мен ізденушілер айналысқан.

«Сөздердің түрленуін, өзгеруін, түрлі тәсілдер арқылы сөйлемде тіркесуін тілдің грамматикасы арқылы іске асатындығын айта келе, ғалым Қ. Аханов грамматика тілдің, сөздердің түрленуін, өзгеру ережелерімен сөздерден сөйлемдердің құралу ережелерін белгілейтіндігін көрсетті» [161].

Мектепке дейінгі жастағы естиярлар тобы балаларының сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын игерудің ерекшеліктерін Б. Баймұратова жалпы түрде зерттеген. Ғалымның мәліметтеріне сүйенетін болсақ, төрт жасар балалар барлық септіктердегі жекеше түрде сөздерді қолдана алады. Осымен қоса, мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленетін балалардың 40 % мен балабақшаға бармайтын балалардың 15% зат есімнің көпше түріне ауыстыра алатынын көрсеткен [153,б. 55].

Отандық филолог-ғалым Т.Т. Аяпова «Сөйлеу онтогенезі» атты монографиясында: «... адам баласының тілінің шығуы бірнеше сатылардан тұратындығын және ол қарапайым бір сөзді сөйлемнен басталып, сөйлеу әрекетінің басым компоненті – семантикасы, нақтылап айтқанда оның алғашқы көрінісі – бала тілінің синтаксистік семантикасының даму негізінде бала тілі дамиды және синтаксистік семантика баланың бір сөзді сөйлемдегі ойы мен мақсатын тыңдаушыға жеткізуде, түсінікті етуде басты рөл атқаратындығы эксперимент нәтижесінде дәлелденді», – деп көрсеткен [162].

Балаларда 1 жастан 4 жасқа дейін сөйлеу тілінің синтаксисінің даму ерекшеліктері Т.Т. Аяпованың зерттеулерінде жан-жақты ашылған. Ғалымның зерттеулері бойынша қазақ балалары «сөз, сөйлем» – 11 айынан бастап, 1 жас 10 айы аралығында созылып, ана тілінің синтаксисін меңгеруге ең қажетті түйін болатынын айтқан «баланың сөйлеу тілінің ең алғашқы даму кезеңі сөз-сөйлемнен басталады. Ол басты ерекшелік болып, келесі кезеңдердің дамуына негіз салады» (1988) [154,б. 44].

Ғалым Т.Т. Аяпованың байқауынша баланың сөйлемінің грамматикалық жағының дұрыс қалыптаспауы екі сөзді сөйлемдерден басталады. Мысалы: «*Шәй татті. Мына шай тәтті*». Бір сөзді және екі сұраулы сөйлемде сингармонизм заңына бағынбайтыны белгіленген. «*Мама келе ма?*».

Осы автордың мәліметтері бойынша ерте жаста сөйлеу тілінің даму онтогенезінде сингармонизм заңының бұзылуы байқалады (*ана келе ма?*). олар үлкен жаста бірте – бірте жойыла бастайды. Осы авторлардың мәліметтерінде баланың сөйлеу тілінде бірінші түрленетін жатыс септік, ал жалғаулардан барыс септік жалғаулары – пайда болатынын көрсеткен. Кейінірек зат есімі бар етістікті сөз тіркестер қолдана басталады (2 – 2,3 ж.). Бірақ олар басқа сөз тіркестерге қарағанда сирек қолданылады. Етістікті сөз тіркестер барыс, жатыс және шығыс септіктердегі есімдермен қолданады. Мысалы: *мамаға барамын; менде жоқ; апамен ұйықтаймын.*

Сонымен Т.Т. Аяпова бірыңғай мүшелер, күрделі бастауыштары бар сөйлемдер және құрмалас сөйлемдер 4 жасқа дейінгі балаға қиын болатыны жайлы қорытындыға келді.

Автор баланың сөйлеу тілі алғашқы кезеңдерде сөздердің қате қатарын байқап, дұрысына ауысуын көрсеткен. Бұл уақытта олардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағынан дұрыс безендіріле бастайды. Мысалы, бала сөйлеу тілінің грамматикалық дұрыс түрлендіре басталғаннан кейін, онда тұрақты сөз қатары пайда болады: S-O-P (субъект+ объект немесе басқа тұрлаусыз мүше + предикат) түрік тілдеріне тән қасиет [154,б. 62].

Осы бағыттағы көптеген зерттеулерді талдау барысында біз бала тілінің шығуы бір сөзді сөйлеммен басталатындығын, бірақ бұл бір сөзді сөйлемдегі бала ойы осы сөйлемнің мағынасы арқылы, яғни синтаксистік семантикасы мен жағдаяттың көмегімен ғана тыңдаушыға түсінікті болатындығы белгілі болды. Сонымен қатар баланың сөйлеу әрекетінің басым компоненті – бала тілінің семантикасы да бірге әр кезеңде өз қызметін атқарып, даму үстінде болып, ұғымдық синтаксис семантикалық синтаксиске ауыса бастайды да, кейін

фазалық синтаксиске ұласып, бала тіліндегі әрбір сөз мағынаға ие болатындығын анықтадық.

Бір сөзді сөйлем синтаксисті меңгеруге қажетті түйін болып табылатыны жайлы көптеген Е.А. Аркин [163], А.Н. Гвоздев [164], Д.Б. Эльконин сияқты авторлардан қолдау табады [130,с. 38].

Арнайы шолу барысында біз қала балабақшаларында орыс және қазақ балаларын қазақ тіліне оқыту мәселесіне арналған зерттеулер бар екеніне көз жеткіздік. Оларға А.Б. Бакреденованың жұмысы жатқызуға болады. Автордың айтуынша қазақ тілінің болашағын қамтамасыз ету үшін, мемлекеттік тілге оқытуды дәл осы, мектеп жасына дейінгі кезеңде бастау керек. Себебі: бұл уақытта балалар қоршаған құбылыстарға ерекше сезімтал болады [156,б. 68].

Сонымен, баланың сөйлеу тілінің грамматикалық жағы құрылымының жағдайы басқа психикалық үрдістерге әсерін тигізетіні жайлы қорытындыға келдік. Грамматиканы меңгергенде бала дайын түрлерді қолданбай, ашқан ережелер жүйесіне сүйеніп оларды өздігінше құрастырады. Баланың сөйлеу тілінің толық дамуы көптеген факторларға тәуелді. Олардың қатарына сөйлеу ортасы, тәрбиелеу ортасы және жеке тұлғалық ерекшеліктері жатады.

Біздің 2006-2009 жылдары жүргізген зерттеулеріміз бойынша [165], жалпы білім беретін балалар бақшасындағы балалардың сөйлеу тілінің лексикалық – грамматикалық жағының ерекшеліктері бойынша балалардың сөзжасам, сөз өзгертудің ең өнімді тәсілдерін қолданатынын айқындадық. Ал, сөзжасам операцияларының айтарлықтай кеш дамуы, белсенді сөз қоры мен фонематикалық функциялардың дамымауын кейбір дыбыс айту бұзылыстары бар балаларда сөйлеу тілі жалпы дамымауының көмескі түрі ретінде бағалауға болады. Мұндай балалар мектепте оқыту барысында жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы мүмкін қауіпті топқа жатады. Сөз – сөйлем «өзінің мағынасы бойынша аяқталған ойды білдіреді» деген А.Н. Гвоздев [17,с. 93].

Әдебиеттерді талдау барысында, жалпы мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасу проблемасы бойынша шетел зерттеушілерінің жұмыстары бар екеніне көз жеткіздік. Ал, дәл осындай мектепке дейінгі жастағы қазақ тілі ана тілі балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағының қалыптасу проблемасы бойынша жүргізілген зерттеулер тың, тіпті жоқ десе те артық емес.

Сонымен қоса, сөзжасамның зерттелуінің лингвистикалық және психолінгвистикалық аспектілеріне қатысты, жоғарыда аталған зерттеулерді талдай келе, баланың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының, оның ішінде сөзжасамының жағдайы басқа психикалық процестерге әсерін тигізетінін байқадық. Сөйлеу тілінің грамматикалық жағын меңгергенде әрбір бала дайын түрлерді қолданбай, ашқан ережелер тәртібі жүйесіне кіріп кетіп, оларды өзбетінше құрастырады. Балалардың сөйлеу тілінің толық дамуы көп себептерге тәуелді: сөйлеу тілі ортасы, тәрбиелеу қоршауы және жеке тұлғалық ерекшеліктеріне. Сөз формаларын меңгеру кезінде бала оларға зат ретінде сүйеніп, сонымен бірге морфемалардың дыбысталуына бағдарлана отырып, заттық шынайылық бейнесінің дыбысталуын іздейді. Заттардың өзгеруі

жөніндегі түсініктер баланың заттық-тәжірибелік әрекеті үрдісінде және оның ересекпен қарым-қатынасы барысында жинақталады.

1.3 Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасамның қалыптаспауы (әдебиетке шолу)

Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілі бұзылыстары көбеюі жөнінде бірқатар авторлар айтады. А. Мехтиева, Е.Р. Киязымова, Н.Искандерова эзербайжан балалар арасында сөйлеу тілі бұзылыстар санының артуы және оған әсер етуші себептерді, психологиялық пен қатар әлеуметтік-психологиялықтарды, оның ішінде қоршаған орта, балалар билингвизмі, баланы тәрбиелеу ерекшеліктері, педагогикалық жағынан қамтылмаған, бала тілінің дамуына тиесілі назар аударылмау т.б. атайды [166-168].

Көптеген зерттеушілер баланың екі тілділік жағдайында болудың тіл дамуына тигізетін әсері жөнінде біршама пікірлер білдірген. Авторлардың зерттеулері бойынша, екі тілділік немесе көптілділіктің мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу тілінің дамуына тигізетін әсері көп (К.А. Душеева, А.У. Акынбекова [169], А.В. Харенкова [170], Т.А. Сегбе, К.И. Султанбаева [171], З.В. Анайбан, Т.М. Абдуллоева, О. Таллис, Л.В. Ханамова [172-175], М.Canale [176], M. Ramon-Casas, S. Cortés, A. Benet, C. Lleó, L. Bosch [177]).

Орыс-қырғыз екі тілділік жағдайында билингв балалардың сөйлеу тілі ерекшелігін жеке зерттеп, қырғыз балаларының сөздегі екпін, дыбыс айтуының зардап шегетінін және де баланың интонациясы өзгеріп, орыс тіліндегі сөздер қырғызша дыбысталатынын К.А. Душеева, А.У. Акынбекова белгілеген көрсеткен. Авторлар қырғыз балаларының зат есімдерді септеу кезіндегі, етістіктерді орынды қолдануда қателер жіберетіндігі туралы айтады.

Баланың екі тілділігі күрделі интегративті білім, онда екі тілдің жүйеленген білім бірлігі ретіндегі құрама бөліктердің, баланың жас ерекшелігіне сәйкес, ауызша сөйлеуінде білім білік дағдылардың жасалуының кең диапазоны болып табылады. Қырғыз балаларының орыс тілімен шатастырып әртүрлі сөздерді қолдануы олардың екі тіл жүйесін толыққанды білмеуі және психикалық процестердің (ойлау, есте сақтау, зейін, қабылдау) даму деңгейінің жеткілікті деңгейде дамымау себебінен деген пікір білдіреді.

Зерттеуші А.В. Харенкова мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі дамымаған монолингв балалардың әртүрлі қиындықтарға тап болатынын айта келе, сөйлеу тілін өндірудің орталық механизмдерінің қалыптаспауымен негізделгені және арнайы түзету жұмыстарынсыз балада өз бетінше жойылмайтыны жөнінде пікір айтады. Бұл балаларда қателер екі тілдің интерференциясы және ана тілі мен екінші тілде сөйлеу тілінің патологиялық дамуын білдіреді дейді. Сонымен қоса, билингв балаларда сөйлеу тілі бұзылыстарының бар-жоғын анықтау мақсатында екі тілде де, тиянақты түрде логопедиялық тексеруден өткізу керек дейді. Автор мұндай диагностика баладағы сөйлеу тілінің патологиясын анықтаумен қатар, доминантты тілді анықтауға және екі тілді меңгеру деңгейін белгілеуге қажет екендігін атап өткен.

Ғалым М.О. Огар бала тұлғасының дамуында сөйлеу құзыреттілігі мен белсенділігінің мектепке дейінгі жаста маңыздылығын өз зерттеуінде көрсеткен [64, р. 5], R. Neilson ерте жаста сөйлеу тілі бұзылыстарының пайда болатындығын атап, ерекшеліктеріне зерттеу жүргізген [178]. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарының ерекшеліктері және мектепке берген кездегі қиындықтарға себепші екені жөнінде С. Westby айтып өткен [179].

Байқап отырғанымыздай, шет ел ғалымдарының нақты сөйлеу тілінің жалпы дамымауы туралы еңбектері болмаса да, сөйлеу тілінің қалыптасып, дамуына, дұрыс дамуына кері әсер ететін факторларға, бұзылыстардың ерекшеліктеріне арналған зерттеулердің бар екеніне көз жеткізіп отырмыз.

Ал, біздің зерттеу тақырыбымыз аясында ресейлік ғалым Р.Е. Левина белгілеген «сөйлеу тілінің жалпы дамымауы» сияқты тіл бұзылысы бар балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктеріне шолу жасайық. Ол есту қабілеті мен зияты қалыпты дамыған балаларды сипаттап атаған, оларда тілдің дыбыстық және мағыналық жағына қатысты, сөйлеу жүйесінің барлық компоненттерінің қалыптасуы бұзылған. Аталған балаларда сөйлеу тілі кеш пайда болады, сөз қоры аз, аграмматизмдер, фонеманың жасалу процестері бұзылған болады» [180].

Сөйлеу тілінің дамымауы әр түрлі деңгейде көрініс табатынын, Р.Е. Левина және оның шәкірттерінің зерттеулерінде: «Сөйлеу тілінің толы болмауынан немесе оның сыбырлау жағдайынан толық сөйлеу тіліне дейін, бірақ фонетикалық және лексикалық- грамматикалық дамымаушылық элементтерімен бірге» деп көрсетілген. Тіл компоненттерінің жетіспеушілігінің ауырлығының деңгейіне байланысты Р.Е. Левина мұндай балалардың сөйлеу тілі дамымауының үш деңгейін ажыратуды ұсынды: алғашқы екеуі сөйлеу тілінің дамымауының терең деңгейін сипаттайды, ал үшіншісі лексика, грамматика және фонетиканың дамуындағы тек жеке кемшілігінен көрінеді.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) деген түсінікті сөйлеудің фонетикалық, фонематикалық және лексикалық- грамматикалық жақтарының кемістіктерін белгілеп, барлық компоненттердің жүйелі бұзылуын атайды.

Логопедияда, сөйлеу тілі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жақтардың қалыптасу деңгейіне сүйеніп жоғарыда автор атап көрсеткен, сөйлеу тілінің жалпы дамымауының үш деңгейі қолданылады. Бұл топтастыру бойынша біз СТЖД ІІІ-ші деңгейіне арнайы тоқталамыз. Әдебиеттердің мағлұматтарына сүйенсек зияты сақталған СТЖД 5 – 6 жастағы балалардың арасында ең кең тарағаны сөйлеу тілінің дамымауының ІІІ-ші деңгейі болып табылады. Бұнда балаларда байланыстырып сөйлеуі дамымағанымен фонетикалық- фонематикалық және лексикалық - грамматикалық кемістіктері байқалады. Яғни ызың, ысқырық дыбыстарды нақты айтпау; ұяң, үнді дыбыстардың айтылуы жетілмеген; дыбыстарды үнемі ауыстырып, шатастырады, тастап кетеді; сөздерді қысқартады; заттардың бөліктерін тұтас атаумен ауыстырады; сыртқы белгілері мен қолдануы жақын сөздерді шатастырады; түстерді ажырата алмайды; жалғау жұрнақтардың пайдалануы бұзылған; жалғау жұрнақтардың мәнін толық түсінбейді; сөз тіркестерінің дұрыс байланысы сақталмайды. Дыбыс

айтудың және фонематикалық естудің бұзылуынан болған сөз қорының шектеулі сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының даму үрдісін тежейді (Р.Е. Левина [180, с. 69], Т.Б. Филичева, Т.В. Чиркина [181]).

Мектеп жасына дейінгі шақта сөйлеу тілі дұрыс дамып келе жатқан балалар мектеп табалдырығын аттарда қажетті сөз қоры мен грамматикалық түрлерді меңгереді. Бірақ, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда бұл үдерістер тежеліп, сапа жағынан басқа көрініске ие болады.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөздің дыбыстық құрамында жеткіліксіз бағыттаушылық байқалып, ана тілінің морфологиялық жүйесін меңгеруіне кері әсерін тигізеді деген мәліметтерді Р.Е. Левина зерттеулерінде береді. Морфологиялық жүйенің меңгеру қиындықтарын ескеріп, логопедияда сөйлеу патологиясы бар балалардың сөзжасам проблемасына жеткілікті көңіл бөлінетінін анықтадық. Автор, жоғарыда көрсетілгендей, тілдің барлық компоненттері жүйелі дамымаған балалардың ерекше санатын бөліп, олардың сөзжасамдық мүмкіндіктері әртүрлі екенін атап өтті. Сөзжасам дағдыларын игеру «лексикалық-грамматикалық жағының дамымауы элементтерімен кеңейтілген фразалық сөйлеу тілі бар» деген анықтамасына ие сөйлеу тілі жалпы дамымауының үшінші деңгейіндегі балаларға ғана қолжетімді болатыны көрсетілді.

Содан бері, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы мәселесіне қатысты барлық зерттеушілер бұл балалардың жаңа сөз формаларын жасау мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігін атап өтті (Н.С. Жукова, Р. И. Лалаева, Г. А. Каше, Л.Ф. Спирина, Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина, Р. И. Шуйфер, А.В. Ястребова, М.С. Грушевская, И.А. Денисова). Бұл ақпарат, әдетте, СТЖД балалар туынды атауларды өз бетінше жасауда қиындықтарға тап болатынын анықтау сипатында болды.

Осы негізде мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың (Н.С. Жукова, Т.Б. Филичева, Н.В. Серебрякова, Г.В. Чиркина, Л.Р. Муминова, М.Ю. Аюнова) және мектеп оқушыларының (Р.И. Лалаева, Н.И. Садовникова, Л.Ф. Спирина, А.В. Ястребова, Р.И. Шуйфер, М.С. Грушевская, И.А. Денисова) жазудағы қателеріне себебі мен сөзжасам дағдыларын дамытудың кейбір бағыттары мен жеке әдістері белгіленген.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасу ерекшеліктері әдебиеттерде кең ашылған (Р.Е. Левина, Е.Ф. Соботович, Л.Ф. Спирина, Ф.Б. Филичева, Г.Б. Чиркина, М.С. Грушевская, И.А. Денисова). Сөз бен сөйлем элементтерінің грамматикалық түрлерін бөлу және меңгеру кезектілігін сөйлеу тілінің дамуы қалыпты және бұзылған балаларда сәйкес болады.

Алайда сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөйлеу тілінің грамматикалық түрлерін меңгеру әр түрлі жас кезеңінде өтіп, оларды меңгеру жылдамдығы созылады және тек берілген категориядағы балаларға тән ерекшеліктер пайда болады.

Арнайы әдебиеттерде СТЖД балалардың импрессивтік, экспрессивтік сөйлеуінде әртүрлі аграмматизмдер кездеседі (Н.С. Жукова, Т.В. Туманова [182-183] т.б.). Көптеген зерттеушілер грамматикалық заңдылықты меңгеру

ерекшеліктері СТЖД балалардың лингвистикалық жалпылау деңгейінің төмендігімен және қажетті ережелер негізінде тілдік белгілерді біріктіре алмауынан болады деп есептейді (В.К. Воробьева, И.Б. Гриншпун [184-185] т.б.). СТЖД балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмысының негізгі бағытына грамматикалық бұзылыстарын түзету жетілдіру жатқызады.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі балаларда сөйлеу тілінің бұзылыстары кездеседі, олардың өзінше ерекшеліктері бар және ең тұрақты ерекшеліктерге аграмматизмдер жатады. Авторлар белгілегендей аграмматизмдердің саны сөз қорының молаюына қарай көбейеді Л.В. Мелехова [186], М. Kim, К.К McGregor, С.К Thompson. [187].

СТЖД балалардың сөйлеуінде сөйлемдердің қалыптасуы С.Н. Шаховская, Л.Ф. Спирина [188-189], Н.С. Жукова, Е.М. Мастюкова, Т.Б. Филичева [190] т.б. мәліметтерінде көрініс тапқан.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктерін талдай келе, ғалымдар мектеп жасына дейінгі кезеңде сөзжасам дағдыларының жеткіліксіздігін атаған (В.К. Воробьева [191], Г.А. Каше [192], Т.Б. Филичева, Т.В. Туманова, Т.В. Соколова [193], Е.Ф. Собонович [194], Т.Б. Филичева, Т.В. Туманова, А.Е. Батракова [195], Г.В. Чиркина [196], С.Н. Шаховская [197], Л.Р. Муминова, К.О. Джексенбаева [198]). Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу қызметінің жағдайын Р.Е. Левина талдап, аталмыш тіл кемістігінің 1-ші, 2-ші деңгейіндегі балалардың сөзжасам дағдыларын мүлдем қолданбайтыны жөнінде; осы кемістіктің үшінші деңгейіндегі балалар кейбір сөздерді білмейтіні, нақты білмей қолдануы, жаңа сөздерді жасау мүмкіндіктері мен біліктерінің жоқтығы жөнінде айтқан. Ол балалардың сөздерді дыбыстық және мағыналық қағидалары бойынша алмастыруында, сөздерді кате «жасауда» байқалады [180, с. 82].

Лексикалық құралдардың мұндай шектеулігін Р.Е. Левина «бірдей түбір мағыналарын бөле алмауымен негізделеді» дейді. Балалар үшін сөзді «жасау» міндеті қиын. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған үшінші деңгейдегі балалардың импрессивті сөйлеу тілінің жағдайы жөнінде айта отырып, Р.Е. Левина түбірлес сөздердің мағыналарын түсінуі қиындатылғанын атайды. Алайда, бұл автор сөйлеу тілі жалпы дамымаған 11-12 жасар оқушылардың сөзжасам ерекшеліктерін зерттегенде алған мағлұматтары. Ал сөзжасам дағдыларының жетілмеуі осы тіл кемістігі бар мектеп жасына дейінгі балаларға тән.

«Н.С. Жукованың анықтауы бойынша, ерте сөйлеу дизонтогенезінің белгілеріне сөздерді морфологиялық жағынан дұрыс қолданбауы жатады. Сөйлемде пайдаланатын сөздердің бір – бірімен грамматикалық байланысы болмай, баламен тек бір түрде ғана қолданылады. Мысалы: *мен мама барады*. Бұл тенденция көп жылдарға дейін созылуы мүмкін. Көпке дейін грамматикалық жағынан дұрыс та, дұрыс емес сөйлемдер де қолданылады». Сөйлеу арқылы қарым – қатынасты орнату үшін ойды дұрыс жеткізу керектігі мәлім. Бұл үрдіс сөйлемдер арқылы жүзеге асады. Сөйлеу тілінің бұзылуы кезінде сөйлемдер құрастыру мен қолданудың қиындықтары сөйлеу тілінің аграмматизациясынан көрініс табады. «С.Н. Шаховскаяның айтуы бойынша сөздердің нөлдік түрінің

ұзақ қолдануы балалардың жаттанды, үйреншікті сөзді ауыстыра алмауына байланысты болады. Сонымен бірге олар өз ойларын байланыстырып, кезекпен айта алмайды, синтаксистік құрылымдары мен сөз қоры кедей болады, сөйлем мағынасын толық жеткізбей, жиі кідіріс, үзіліс жасайды» [199].

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған кезде, балалар сөйлемдерді пайдалануда тек бір сөзді жиі қолдануы байқалатыны жөнінде Л.Ф. Спинова өз зерттеулерінде көрсеткен. Бұндай сөз – сөйлемдер 7 -8 жасында да, кең пайдаланады екен. «Сөйлемдегі әрбір сөзді нақты мағынада қолданып, нақты орынға қойып басқа сөздермен байланыстыру керек, ал бұл сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар үшін 3-4- сыныптарда да қиынға соғады», – деген Л.Ф. Спированын ойына сүйене келе, сөйлем көлемінің, ондағы сөздер санының көбеюіне қарай соғұрлым грамматикалық қателер де көбейеді.

Сөздерде дыбыстық бейнелердің жоқ болуы және тұрақсыздығы сөйлемнің пайда болуын ұзақ уақытқа созады. Қарапайым сөздікті меңгеруіне қарай балаларда толымсыз сөйлемдер пайда бола бастайды. Кейін сөздіктің кеңеюіне қарамастан олар негізгі синтаксистік бірлік ретінде қолданылады (Л.Ф. Спинова [189,с. 59], Е.Ф. Соботович [194,с. 41]).

Р.Е. Левинаның мәліметтері бойынша, балаларда сөзгерту дағдылары ерекше тежелген. Мысалы. Балалар жекеше түрде берілген зат есімді көпше түрге және керісінше жекеше түрге ауыстыра алмайды. Сонымен қатар түбірлес сөздерді жалғау – жұрнақ арқылы өзгертудің күрделі тәсілдерін өте сирек қолданады.

Сонымен, СТЖД балаларда сөз тудыруда қателер белгіленеді. Сонын нәтижесінде сөйлемдерде сөздердің синтаксистік байланысы бұзылады.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың грамматикалық құрылымын түсінуі бұзылғандығы жөнінде Н.Н. Трауготт, Г.Н. Жаренкова атап өткен. Естуі мен зияты қалыпты СТЖД балаларда кедей сөз қоры мен грамматикалық категориялардың өзгеше қолдануы байқалуы туралы Н.Н. Трауготт жазған. Балалар меңгерген сөздерді әр түрлі сөйлеу тілі арқылы қарым – қатынаста қолдана алмайды және бір жағдайда дұрыс айтқанымен, басқа жағдайда жоғалтып алатынын белгілеген [200].

Бірінші сыныпқа келетін балалардың бірқатарында сөйлеу тілінің жетілмеуінің үшінші деңгейі анықталатынын В.К. Зимичева, Н. Phitiaka белгілеген. Олардың сөйлеу тілінің лексикалық – грамматикалық жағының дамымауына әрекетті білдіретін сөздерді басқа сөзге ауыстыру, сөз қатарын бұзу тән болады [201-202].

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу тілі құрылымында, әсіресе тілдің грамматикалық жағын меңгеруде тұрақты қиындықтар байқалып, оны жетілдіру, дамыту мәселесі логопедиялық жұмыстың маңызды бағыты болып саналады. Себебі, айтылымды түсінуі мен ұғуы грамматикалық заңдылықтарды сақтамайынша ол мүмкін болмайды (Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, Н.И. Жинкин, Т.Б. Филичева, Т.В. Туманова, Т.В. Ахутина).

Қиындық туғызатын жағдайларды түзету жұмысында балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағының бұзылыстарын түзету негізгі бағытта болып

табылады, себебі айтылымды түсінуінің туындауы грамматикалық заңдылықтарды ескермей меңгеру қиындатылады (Н. Bogowiec [99,р. 108], Е. Наман [203], Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина [204], Т.В. Туманова [205], М.С. Грушевская [38,с. 77], Л.Р. Муминова [206], З.А. Мовкебаева [39,с. 38], Г.С. Оразаева [71,с. 42], И.А. Денисова [72,с. 26]). Осы негізде мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөзжасам дағдыларын дамыту бойынша кейбір бағыттар мен жеке тәсілдер анықталғандығын байқадық.

Отандық ғалым М.С. Грушевская жалпы білім беру ұйымдарының мектепке дейінгі жастағы балаларын тексергенде, жалпы санның ішінен 7 % СТЖД балаларды анықтаған. Автордың зерттеуі бойынша анықталған СТЖД балалардың бәрінің зияты сақталған. М.С. Грушевскаяның айтуы бойынша, болашақ оқушылар, грамматикалық құрылымы жағынан мүлдем басқа және қарапайым сөйлемдерді пайдаланады [38,с. 55].

Отандық ғалым З.А. Мовкебаеваның зерттеулері де, аталған балалардың мектепке дайындау мәселесіне арналған. Атап айтқанда сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың мектепте оқуға дайындығының педагогикалық жүйе, оның құрамында әртүрлі іс-шаралар, жағдайлар, әдістер мен тәсілдерін ұсынған. Педагогикалық әрекеттің негізгі бағыттарын белгілеген: мектепте оқуға баланың физикалық дамуы, интеллектуалды дайындығы, тұлғалық дайындығы. Мектепте оқуда физикалық дайындығында оқу әрекетінің энергетикалық потенциалын жетілдіру, атап айтқанда соматикалық, психикалық денсаулығы, бұлшықет тонусын реттеу, тұтас ағза қызметінде қимылдардың дұрыс қозғалысын қалыптастыру, дене тепе теңдігін сақтау және ептілікке тәрбиелеу, шыдамдылық пен жұмыс жасау қабілеттілігінің деңгейін жоғарылату. Интеллектуалды дайындығында қабылдауы, есте сақтауы, қиялы, бастапқы логикалық операцияларды (заттардың белгілері, қатынастары, жалпылау мен салыстыруа және топтастыру біліктері) дамытуды негізге алған. Тұлғалық дайындығы деген түсінікке автор мотивациялық-эмоционалды аяны дамыту, баланың өзіне өзі, құрдастарымен, ересектермен қарым қатынасының тиімді жүйесін қалыптастыру, іс-әрекеттерді жоспарлау, реттеу және қадағалау біліктерін дамытуды жатқызып, ерекшеліктерін ашып көрсетті. Ғалым сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың мектепке дайындығын қалыптастырудың негізгі бағыттарын іске асыру үшін ғалым педагогикалық шарттарды тиімді деп ұсынып, педагогикалық жүйенің интегративті моделін құрған. Аталмыш моделде интегралды қасиеттері мен заңдылықтары бар біртұтас бірлік ретіндегі көптеген өзара байланысты элементтері берілген.

Автордың СТЖД балалардың мектепке дайындығын қалыптастырудың интегративті моделінің міндеті болып, мектепке дейінгі арнайы білім берудің республикалық жүйесін эволюциялық тұрақты дамуының шарттарын құру табылады [39,с. 179].

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы мәселесіне арналған еңбек ретінде Отандық ғалым Қ.Қ. Өмірбекова және ізденуші В.С. Балқыбекованың сөйлеу тілінің фонетикалық жағының жағдайын зерттеп, ерекшеліктерін атап көрсеткен жұмыстарын атауға болады [42,б. 39].

Келесі зерттеуші ғалым Г.С. Оразаева мектеп жасына дейінгі тіл кемшіліктері бар, оның ішінде сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалармен логопедиялық жұмыс барысында қазақ халық ойындарын қолданудың ерекшеліктерін анықтап, педагогикалық жағдайларын ұсынған [71,с. 93-94].

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөйлеу қиыншылықтарымен қатар, қарым-қатынаста вербалді коммуникацияның төмен белсенділігі байқалатынын С.А. Миронова анықтаған. Үш-төрт жастағы сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар сөйлеу қатынасының шектеулілігінен көбінесе вербалді емес тәсілдерді жиі қолданады [207].

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөйлеу әрекеті ғана емес, психикалық функциялар да, толық қалыптаспайды. Сөйлеу тілінің ауытқып дамуы және сөзге қатысы жоқ функциялар арасындағы байланыстарды ашуға бағытталған зерттеулерді Р.Е. Левина, Л.Ф. Спирина, Е.М. Мастюкова жүргізген. Мысалы Е.М. Мастюкованың зерттеулері бойынша СТЖД балаларда сөзсіз функциялардың жеткіліксіз дамуы белгіленген.

СТЖД балаларда сөйлеу тілі дамуының жеткіліксіздігінен олардың толық қарым -қатынасқа түсуі әлсіз болатынын өз зерттеуінде А.Г. Соловьева атаған. Сондай-ақ, коммуникативті функциялардың бұзылуы қарым- қатынас жасауға қажеттілігінің төмендеуі, диалогтік және монологтік сөйлеудің қалыптаспауы мінез - құлық ерекшеліктерінде көрініс табады [208].

Сөйлеу тілінің даму деңгейі тұлғааралық қатынастарды орнатудың маңызды факторы болып табылатыны жөнінде зерттеуші О.А. Слинько атап өткен [209]. Тілдің тұлғааралық қарым-қатынастың бұзылуындағы рөлі жөніндегі зерттеулер де ерекше орынға ие (L. Nicolost, E. Harryman, J. Kreshcck [210], M. O. Ogar [64,р. б]). Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалардың тіл арқылы қатынас жасауының ерекшеліктері жөнінде M.L. Rice, P.A. Hadley, K.K. McGregor, A. Appel атап өткен. Ғалымдар мектеп жасына дейінгі балалардың ойын кезінде сөзге, тілге реакцияларын зерттеп, балалардың жауаптарының түрлері олардың тілдік құзыреттілігіне тікелей байланысты деген [211].

Ауыр сөйлеу тілінің кемістігі тобындағы баланың жағдайына теріс әсер етіп, тұлғалық ерекшеліктері мен социометриялық статустың дамуына негіз салады.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы түрлі психикалық және дене кемістіктері бар балаларда жиі кездеседі. Олардың қатарында зияты бұзылған балалардың орны ерекше. Сөйлеу тілін қалыптастыру проблемасымен (әсіресе грамматикалық құрылысымен) айналысатын авторлардың көбі сөзжасамның морфологиялық жүйесінің қалыптасу деңгейін зерттеуді жеке міндет ретінде қарастырмай, тек сөз қорының аздығын белгілеумен ғана шектеледі (Н.А. Никашина, Ю.С. Липкина [212-213] т.б.), сөзжасамға арналған тапсырмаларды орындаудағы көп қателер: кішірейтіп айтуда зат есім түрінде, өздік, сөзалды қосымшалы етістіктерде, тәуелдеуде т.с.с. (В.К. Зимичева, Л.Н. Ефименкова, Е.В. Назарова., Е.А. Никулина, Т.А. Синякова [214-218]), балалардың сөйлеуіндегі сөздерді басқа сөздермен ауыстырулары, яғни сөзжасамдық, сөзозгерту операцияларға дайын еместігі туралы Г.В. Бабина, В.И. Балаева [219-220], С.А. Миронова сынды авторлар айтқан [221].

Сөзжасам процестерінің бұзылысы – сөйлеу тілінің жалпы дамымауы сияқты күрделі ақаулықтың құрылымындағы тұрақты белгісі болып табылады. Соның салдарынан сөзжасам операциялары сөйлеу тілі арқылы ойын айтуды туындатуда және біреудің сөйлеуін қабылдаудың әртүрлі кезеңдерінде сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі және мектеп оқушыларында да байқалады. Сөзжасам, сөз өзгерту процестерінің дамымауы ауызша және жазбаша сөйлеу тіліндегі тұрақты, спецификалық қателерге әкеп соғады.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларының қалыптасуының арнайы әдебиеттерде қарастырылуына тоқталайық. «Бұл сөйлеу тіл бұзылысының кең таралуын және оның балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін меңгеруіне тигізетін әсері СТЖД жою мәселесіне қатысты Г.В. Чиркина, Н.С. Жукова, Р.И. Лалаева, Р.Е. Левина, Л.Ф. Спирова, Т.В. Туманова, А.В. Ястребова сияқты зерттеушілердің қызығушылықтарын оятты. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөйлеу тілінің күйін талдай отырып, зерттеушілер оларда мектепке дейінгі жастың өзінде сөзжасам дағдыларының жетіспеушілігін анықтады. Р.Е. Левина сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөйлеу қызметінің күйіне деңгейлік талдау жүргізіп, сөйлеу тіл дамуының бірінші және екінші деңгейіндегі балалар сөзжасам дағдыларын мүлдем қолданбайтынын атап өтті. Сөйлеу тілі дамымауының үшінші деңгейіндегі балаларда кейбір сөздерді білмеуі, нақты біліп, қолданбауы, оларды өзгерте алмауы және жаңа сөз құра алмауы байқалады. Бұл сөзді дыбыстық және мағыналық қағидасы бойынша көп ауыстырудан, сапалық сын есімді сирек тек жақсы таныс сәтте қолдануынан көрінеді. Р.Е. Левина, лексикалық құралдың мұндай шектеулілігі, «түбір мағынаның ортақтығын анықтау және ажырату» дейді [180,с. 83].

Шуйфер Р.И. зерттеуі бойынша, тіл дамуының аномалды жағдайлары (тілдің кеш дамып басталуы, сөздік қорының шектеулілігі, грамматикалық формаларлы нақты қолданбау, фонематикалық қабылдаудың шектеулі деңгейі) себебінен СТЖД балалар 8-9 жасқа келгенде де, сөздерге дыбыстық және морфемдік талдау жасауға толыққанды дайындығы пайда болмайды, оның салдарынан баланың дұрыс жазуы бұзылады, естіген, жазған, оқығанын түсінуі қиындатылады [69,с. 3]. Сонымен қоса, балалардың әлеуметтік құзыреттілігіне сөйлеу тілінің бұзылыстарының тигізетін әсері жөнінде де, американдық ғалымдар М. Fuji, В. Brinton айтқан [222].

Сондықтан орфографиялық дағдыларды меңгерудегі қиындықтарды жою және алдын алу үшін, қалыптасу деңгейін анықтауға арналған отандық ғалым И.А. Денисованың еңбегін айтуға болады. Ғалымның мәліметтеріне сәйкес, СТЖД 2-3 сынып оқушыларының жазбаша диктант жұмыстарын тексергенде, оларда жіберген қателері ұқсас болған және әртүрлі дисграфиялық қателер саны басым болған. Автор олардың себебі дыбыстық талдау, жинақтаудағы қателер (дауысты және дауыссыз әріптерді алмастыру, дауысты және дауыссыз дыбыстары бар буын, сөздерді тастап кету және орнын ауыстыру) және лексикалық-грамматикалық қателер (сөздің бөліктерін бөліп жазу, сөздерді қосып жазу) кең таралғанын көрсеткен.

СТЖД бастауыш сынып оқушыларының сөзжасамдық әрекеттері бірқатар қиындықтармен сипатталатынын ғалым И.А. Денисова атап өткен:

1. жаңа сөз жасау балаға тек таныс материалда, жиі кездесетін сөздерде және өнімді сөзжасамдық моделдер негізінде мүмкін;

2. сөзжасам дағдыларын басқа, сөздерді сирек қолданатын жағдайға ауыстырғанда қалыптасты деген білік дағдылары «сынады»;

3. қалыпты құрдастарымен салыстырғанда СТЖД оқушылар үшін сөзжасамға арналған кез келген жағдай күрделенетін болса, тапсырманы орындаудан бас тарту байқалады;

4. СТЖД оқушыларда сөзжасауды талап ететін жағдайда контексттің болмауы туынды сөз жасауын едәуір қиындытады. Сөзжасам дағдыларының қалыптасу деңгейі төмендігі сөйлеу тілінің дамымауы сияқты жүйелі бұзылыстың құрамында байқалады, сол себепті сөйлеу тілінің басқа жақтарын (фонетика, лексика, грамматика) түзетусіз жеке бұзылыс ретінде жойылмайды. СТЖД балалардың сөзжасаушы қызметтерін дамыту алдында белгілі когнитивті алғышарттары дамытылуы керек;

5. СТЖД 2-ші сынып қушыларында әртүрлі сөз таптарын жасау кезінде «номинациялық серпіліс» байқалады, ол тілі қалыпты дамыған балаларда 4-5 жаста болатын құбылыс;

6. СТЖД 2-сынып оқушыларында жеке ассоциативті-ситуациялық сөйлемдері мен сөздерді фонетикалық ұқсастығы бойынша алмастыру байқалады. Бұл аталған балалардың сөзжасамдық операцияларды жасауға дайындық деңгейінің төмендігін дәлелдейді», - деп көрсеткен [72,с. 112].

Тілдің морфологиялық жүйесін алалиясы бар балалардың меңгерудегі ерекшеліктері туралы ғалым В.К. Орфинская айтады. Ол, ерекшелік грамматикалық формалар мен грамматикалық стереотиптерді меңгерудегі бірліктің жоқтығы деп есептейді. Сөзжасамды меңгеруің қиындықтары, автордық пікірінше, морфемаларды саналы түйсіну мен өз бетімен қолданудағы қиындықтарда дейді.

Алалиясы бар балалардың сөзжасамындағы кемшіліктердің ерекшеліктерін анықтауға Е.Ф. Соботовичтің еңбектері мүмкіндік береді. Ол кемшіліктер сөзжасамның орнына форма жасауды қолдану, жұрнақтарды орынсыз қолдану, жаңа сөзді жасағанда сөз негізін жоғалтып алу және де, сөзжасам процестерінің өте төмен деңгейінде, сөздің морфологиялық құрамын өзгерту операцияларының жеткіліксіздігінде байқалады. Бұндай көріністерді автор морфемалардың семантикалық компоненті мен олардың белгі формасының арасындағы байланыстардың бұзылуымен, грамматикалық стереотиптердің қалыптаспағандығымен және тіл элементтерімен операциялар жасаудың төмендігімен түсіндіреді [194,с. 18].

Алалияның экспрессивті түріндегі сөйлеу тілінің бұзылыстарын талдай келе, В.А. Ковшиков осы мәселені кеңінен көріп, алалиясы бар балалардың сөзжасамды меңгеруі өте тар аяда екенін атап отыр. Жаңа сөздерді қолдану мен жасау қажеттілігі ол балаларда көп қателерде көрінеді: жұрнақтардың көбін орынсыз, қате қолданады. Мұндай бұзылыстарды автор, ойлау қабілетінің

немесе басқа психикалық процестердің патологиясы салдарынан емес деп есептейді. Керісінше, ол балалардың тілдің құрылымдық-функционалды жағын, тіл бірліктерімен операциялар жасау ережелерінің жүйесін меңгермеуінің нәтижесі дейді. Ол жағдайды балалардың сөзді қабылдағандағы тіл формаларын шындықпен дұрыс сәйкестеуі дәлелдейді [223].

Сөзжасамның сөздің грамматикалық формаларымен байланысын ескере отырып, Г.И. Жаренкова анықтаған, алалиясы бар балалардың грамматикалық қатынастарды түсінуі ерекше екенін айтып өткен маңызды. Сөйлеу тәжірибесі мен белсенді сөйлеуінің дамымауымен күрделенген, импрессивті аграмматизмнің белгілерін автор төмендегідей топтастырады:

1. бірінші деңгей – сөзді түсінуі төмен, «сөздердің грамматикалық элементтері ешқандай функция атқармайды, объективті қатынастарды білдірмейді»;

2. екінші деңгей – «тірекпен қатар маңызды емес белгілер, белгілі мағына тасушы ретінде сөздің грамматикалық өзгеруіне ие болады», алайда ол жеке сөздерге қатысты және сөзді түсінуі тұрақсыз;

3. үшінші деңгей – көптеген грамматикалық формаларды түсініп, ажыратудағы тұрақсыздығымен сипатталады.

Грамматикалық қатынастарды түсіну деңгейлерін Г.И. Жаренкова белгілеп, алалиясы бар балаларда тілдің сөзжасам қатынастарын қабылдауы бұзылатынын атаған [224].

Жоғарыда аталған әдебиеттердегі зерттеулерді талдай келе, қазіргі уақытқа дейін сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам мүмкіндіктерін зерттеу жеке зерттеулердің пәні болмағанын анықтадық. Аталған категориядағы балалардың сөзжасам процестерінің қалыптасу деңгейін нақты анықтауға арналып құрастырылған әдістемелердің жоқтығы осы мәселе бойынша ғылыми түсініктердің фрагментарлы және дефицитарлы екенін негіздеп отыр. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың тілдің сөзжасамдық деңгейі жетілмеуінің ерекшеліктерінің аз зерттелгендігі, арнайы әдебиетте сөзжасамды дамытуға назар аударылудың жеткіліксіздігін түсіндіреді. Тілдің компоненттері жүйелі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту мәселесіне арналған әдебиеттердегі мағлұматтарды көрейік.

Алалиясы бар балаларда грамматикалық жүйелерді қалыптастыру жұмысын В.К. Орфинская сипаттап, түзету жұмысының негізгі мазмұнында сөздерден сөзжасаушы аффикстерді бөлу, жаңа сөздерді дыбыстық жағынан салыстыруға бағытталған жаттығулар болу керектігі туралы айтады. Автор сөзжасам стереотиптерін логопедиялық жұмыстың құралдарын алалияның түріне байланысты ажыратуды ұсынады. Сондай-ақ, моторлы алалияда сөзжасаушы аффикстерді және сөздердің грамматикалық элементтерін бөліп, түйсіну құралы ретінде сөздерді естіп талдау болады. Оның негізінде сәйкес морфемаларды дыбысталу жағынан ажырату пайда болуы керек. Сенсорлы алалияның кейбір түрінде, сөздерді грамматикалық ажыратуда, сөйлеу тілін естіп-көріп қабылдау (еріннен оқу, сөздің көріп-графикалық талдауы) негізінде қалыптастыру қажет. Сенсорлы алалияның басқа түрінде, тілдің грамматикалық жүйесін дамыту

жұмысының негізгі мазмұны көрнекі сипаттамасы бойынша жалпылауға үйретуден құралады [225].

Испандық зерттеушілер L. Raspberry With, P.J. Connell сөйлеу тілі қалыпты шыққан және сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалар өздері шығарып алған тіл ережелерін қолданып, ажыратуы, яғни сөз шығармашылығы жөнінде айтады [226].

Жеке зерттеулерде алалиясы бар балаларда, тілдің морфологиялық және фонетикалық элементтерін бөлуге дайындығын белгілейтін операцияларды қалыптастыру ұсынылады. Е.Ф. Соботович мұндай аналитикалық операциялардың негізі деп, сөздің дыбысталу бейнесін, фонематикалық қабылдауы мен қарапайым дыбыс айту мүмкіндіктері, және сөздермен ойлау операцияларын дамытуды (сөздерді дыбысталуы мен мағынасы бойынша салыстыру, сөздің дыбысталуы мен оның өзгерген мағынасын сәйкестеу) санайды [227].

Өкінішке орай, арнайы әдебиеттердегі мағлұматтар тек фрагментарлы түрде ғана, алалиясы бар балалардың, тілдің сөзжасамдық жүйесінің қалыптасу мәселесін қозғайды.

Сөйлеу тілін дамытудың негізгі маңызды компоненттерінің біріне сөзжасам жатады. Мектепке дейінгі жастағы СТЖД балалардың сөйлеу тілін дамыту жұмысы жан-жақты, жүйелі жүргізуді талап етеді. Сондықтан, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы құрылымының сипаттамасына қарай, зерттеушілер түзету-білім беру үрдісіне түбірлес сөздерді іріктеуге, сөздің грамматикалық формасын өзгертуге, сөздердің жаңа түрлерін жасауға арналған жаттығуларды енгізуді ұсынады (Р.Е. Левина, Н.А. Никашина, Л.Ф. Спирина, Р.И. Шуйфер т.б.). Балалар сөздердің жалпы және айырмашылық белгілерін табуға, бірдей сөз түбірлері мен жұрнақтарды практикалық түрде салыстырып үйренулері керек. Мұндай жұмыс әдістемесі, балаларда көлемінде айырмашылықтары бар (кілем-кілемше, жастық-жастықша), аналогиялық заттардың атауларын салыстыру, сөздердің мағынасының өзгеруін түсінікті түрде түсіндіру дағдыларын дамытуды көздейді. Арнайы дидактикалық ойындар мен жаттығуларды қолдану керек. Олар авторлардың пікірінше, практикалық түрде ажырату, сөздердің маңызды бөліктерін жалпылап бөлу негізін құрап, осылайша, сөзді лексикалық және грамматикалық аспектілерде толық меңгеруге ықпалын тигізуі керек.

Логопедиялық жұмыстың мұндай бағыттарын аша отырып, А.В. Ястребова 1-ші сынып оқушыларында сөзжасам тәсілдерін белсенді қолдану білігін дамытуда мынадай кезектілікті ұсынады:

- жұрнақтар арқылы сөздерді жасау және қолдану дағдыларын практикалық түрде меңгеру;
- түбірлес сөздер түсінігін практикалық түрде меңгеру.

Ұсынған жұмыс бағыттарын іске асыру құралдарының бірі ретінде автор, балаларға негізі бірдей сөздер және бірдей приставкасы бар, түбірі әр түрлі сөздерді жазылған кестені оқытып жаттықтыруды қолайлы дейді [228].

Көптеген авторлардың ойынша, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды сөзжасамның қарапайым білім, білік, дағдыларына үйрету мектепке дейінгі

уақытта басталуы керек, оны Н.С. Жукова, Р.И. Лалаева, Н.В. Серебрякова, Т.Б. Филичева, Г.В. Чиркина белгілеген. Ғалымдардың тұжырымдары бойынша, балаларды екі жыл бойы мектепке дайындағанда, логопедтер практикалық тәсілдер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың назарын сөздердің әр түріне аударып; оларды түсіну және жасап, өзіндік сөйлеу тілінде қолдану дағдысын қалыптастыру керек. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды сөзжасауға оқыту барысында негізгі, сүйеніш тәсілі ретінде, авторлар аналогия бойынша сөзжасау тәсілін қолдануды ұсынады. Р.И. Лалаева, Н.В. Серебрякова [229] бұл жұмыста үш негізгі кезеңді бөліп отыр:

- ең өнімді сөзжасамдық моделдерді бекіту;
- өнімі аз сөзжасамдық моделдермен сөзжасау бойынша жұмыс;
- өнімсіз сөзжасамдық моделдердің мағынасы мен дыбысталуын анықтау.

Орыс тіліндегі әдістемелік әдебиеттерде сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған логопедиялық жұмыстың жеке тәсілдері ғана ұсынылады және де, көбінесе, ол тәсілдер балаларды аналогия бойынша сөзжасау тәсіліне үйретуге бағытталған. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасамын дамытуға арналған жұмыстың әдістемелік және мазмұндық аспектілері қазіргі уақытқа дейін құрастырылмағын. Сонымен, әр түрлі сөз таптарымен кезектілікпен және параллелді түрде сөзжасауды дамыту қажеттілігі туындап, жаңа сөздердің түрлері мен категориялары жөніндегі сұрақ әлі де дискуссиялық болып қала береді. Ең өнімді сөзжасамдық моделдер бойынша жасалған сөздер оқытудың ерте кезеңдерінде алынғанымен, сөзжасамға үйретудің сол кезеңдері, сөйлеу тілінің онтогенетикалық дамуындағы, тілдің сөзжасамдық деңгейінің қалыптасу заңдылықтары жөніндегі заманауи көзқарастарға сай келмейді.

Әдебиеттердегі сөйлеу тілін дамытуға бағытталған әдістер мен тәсілдерді зерттей келе, мынандай тұжырым жасауға болады: сөйлеу тілі дамымаған балалардың тілінің лексикалық-грамматикалық жүйесін бағытты дамыту қажеттілігі туындайды, авторлар негізінен аса назарды сөз өзгерту үрдісіне аударып, сөзжасам үрдістерін дамытуға аса мән берілмей қалады. Оны арнайы әдістемелік әдебиеттегі сөзжасам үрдістерін дамытуға арналған логопедиялық жұмыстың бағыттары мен мазмұнын сипаттайтын жеке тараулар жоқтығынан байқауға болады. Сәйкес әдістемелердің тапшылығын әдебиеттерде көрсетілген, сөзжасам дағдыларын дамытудың жеке тәсілдері жалпы ұсыныс сипатында екені және түзете ықпал етудің тұтас ғылыми негізделген жүйесінің жоқтығымен түсіндіруге болады.

Жоғарыда айтылғанның бәрін талдай келе, біз келесідей қорытындыға келдік: СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың тілдің сөзжасамдық жүйесін меңгеру мәселесі әдебиеттерде аз қарастырылған. Сонымен қатар, осы тарау бойынша ақпарат тек сипаттау түрінде ғана берілген, себебі, онда тек сөзжасаудағы қиындықтар туралы айтылған сөзжасам біліктері мен дағдылары негізіндегі бұзылыстардың негізіндегі патологиялық механизмі талданбаған.

Сонымен, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың тілдік, атап айтқанда сөзжасамдық мүмкіндіктерін жан –жақты зерттеу мәселесі ауызша және кейін жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетуде өзекті болады.

Осы тараудағы айтылғанды қорытындылай келе, балалардың ана тілінің сөзжасамын уақытылы меңгеруін маңызды деп есептеуге болады, себебі:

- онын барысында тілдің лексикалық құрамы сандық және сапалық жағынан молайып, топтастыру, деталізациялау, белсендіруі дамиды;

- сөзжасам процестері тілдің грамматикалық жағының және байланыстырып сөйлеуінің дамуына үлкен әсер етеді;

- сөзжасам келесі функцияларды атқарады: номинативті, құрылымдық, компрессивті, экспрессивті, стилистикалық;

- баланың когнитивті дамуымен тығыз байланыста бола тұра, сөзжасам қоршаған ортаны сөздер әлемі арқылы тану үрдісін қамтамасыз етіп, баланың барлық психикалық функцияларын ынталандырады;

- сөзжасам үрдістерінің уақытылы қалыптасуы, сөйлеу тілінің қалыпты дамуының көрсеткіші болып табылады;

- сөзжасам, баланың сөйлеу қабілетінің және сөздік коммуникациясының қалыптасуының маңызды кезеңі болып табылады;

- сөзжасау қабілетінің қалыптасқандығы ауызша сөйлеу тілінің дамуында маңызды.

Лингвистикалық, психологиялық, психолінгвистикалық және арнайы әдебиетпен танысып талдау, сөйлеу тілінің қалыпты және бұзылып дамуындағы ана тілінің сөзжасамын меңгеру заңдылықтарымен сипаттамасы жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- сөйлеу тілінің онтогенетикалық дамуында ана тілінің сөзжасамын меңгеру шыңы дамудың мектепке дейінгі кезеңіне келеді. Бұл жерде сөзжасам үрдістерінің қалыптасуының басы ерте мектепке дейінгі жасқа (2 жасқа) сәйкес келеді, ал дәл осы жастағы сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөзжасамды меңгерудің ерте басталуы да, шыңы да байқалмайды;

- ана тілінің сөзжасамын меңгерудің ұзақ жолында сөйлеу тілі қалыпты дамыған балалар үш кезеңнен өтеді: бірінші (2,6-4,0 жас) – мотивацияланған лексиканың жинақталуымен сөзжасам алғышарттарының қалыптасуы; екінші (3,6-5,6) – сөзшығармашылығының дамуымен байланысты сөзжасауды белсенді меңгеру; үшінші (5,6-6,0) – сөзжасам ережелерін меңгеру, сөз шығармашылығының басылуы. СТЖД балалардың сөзжасамы көрсетілген кезеңдер бойынша дамитыны туралы айтуға болады, алайда олардың дамуы уақыты бойынша кешігіп және сапалық жағынан ерекше болады;

- сөз шығармашылығы, сөзжасауды белсенді меңгерудің көрсеткіші ретінде, онтогенетикалық даму кезінде, мөлшерімен 4 жаста пайда болады да, 6,5 жаста басылады. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда сөзшығармашылығы аталған уақытта пайда болмайды;

- сөйлеу тілінің қалыпты дамуында жасалған жаңа сөздердің мағынасын түсіну (жаңа сөздерді жасауға қарағанда) ертерек пайда болады. Ол, базалық сөзжасам операцияларының (жаңа сөз құрамындағы сөзжасам морфемаларын белгілеу және түйсіну қабілеті) қалыптасқандығына негізделеді. Бұл базалық сөзжасам операцияларының қалыптасқандығы жаңа сөздердің семантикасын

толыққанды түсіну (адекватты түрде түсіндіру, яғни мағынасын түсіндіру білігі) негізінде жатыр;

- мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілінің қалыпты дамуында, сөзжасам операцияларын жүргізудің сапасы мен сипаты айтарлықтай өзгерістерге ұшырайды. Ол қабылдау процестері мен жаңа бірліктерді жасау процестеріне қатысты. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам процестерін меңгеру ерекшеліктері балалардың жас және дамудың когнитивті ерекшеліктеріне байланысты болады;

- арнайы әдебиетті талдау, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың жаңа сөзді жасауының барлық аспектілерін зерттеуге бағытталған арнайы зерттеулердің жоқтығын көрсетті, атап айтсақ: жаңа бірліктерді қабылдау және жасау үрдістері. Аталған зерттеулердің жоқтығы балалардың сөзжасам біліктері мен дағдыларының дамымау негізінде жатқан патологиялық механизмнің ашылмағанына әкеледі;

- тілдің сөзжасамдық деңгейінің жетілмеуі балалардың ауызша, кейін жазбаша сөйлеу тілін меңгеруіне кері әсерін тигізетіні зерттелмеген мәселе;

- арнайы әдебиетте сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған логопедиялық жұмысты жүргізу бойынша тек жеке тәсілдер мен ұсыныстар берілген. Сонымен бірге, аталған балаларда әр түрлі және күрделілігі басқа сөзжасам процестерін дамытуға бағытталған түзете ықпал етудің тұтас жүйесі арнайы әдебиеттерде жоқ.

Мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөзжасам дағдыларының даму деңгейі бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Тек, қазіргі таңда СТЖД мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын зерттеумен айналысып жүрген ізденушілердің жеке зерттеулері ғана бар.

СТЖД балалардың өз ерекшеліктеріне сәйкес, өмірден алған тәжірибесі аз, қоршаған ортадағы тіршілік жөнінде мәліметтері толық жеткілікті деңгейде емес. Бұл балалардың енжар сөздігі белсендімен салыстырғанда көбірек, алайда, сөз туралы түсінігі таяз. Сөзді көп білмейтіндіктен баланың тілі кедей. Ол өзі білетін заттардың аттарын атау мен және қимыл іс - әрекетін айтып берумен ғана шектеледі. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылысының жетілуінің қанағаттанарлық емес екендігі сөйлеу материалы күрделенген кезде немесе баланың өзі бұрын сирек сөйлеу материалы күрделенген кезде немесе баланың өзі бұрын сирек естіп, аз қолданған сөздермен сөз тіркестерін айту керек болған жағдайда оңай білінеді. Мұндай балалар септік жалғауларын, заттың жекеше және көпше түрін жете түсінбейді, жұрнақ, жалғауларды пайдалана алмайды.

СТЖД балаларда сөзжасам кездейсоқ жағдай, сондықтан оны пайдалануда қателер жібереді. Заттың орнын, түр-түсін, тұлғасын, білдіретін сөздерді орнымен дұрыс қолдануды әр уақытта толық біле білмейтіндігі байқалады. Бұл балаларда сөзжасамның алатын орны ерекше. Ол зат есімнің жекеше және көпше түрін, септік жалғауларын дұрыс қолдануға, яғни байланыстырып сөйлеу тілінің дамуына өз әсерін тигізеді.

СТЖД балаларда сөзжасам дағдыларын дамытудағы негізгі жұміс олардың сөйлеу тілін дамытуға, белсенді сөз қорын молайтуға, өзіндік сөз қорында сөздің лексикалық ресустарын қолдануға бағытталған болуы тиіс. Сөйлеу тілін дамытудағы тәжірибелік жаттығулар олардың теориялық білімдерін толықтырады, тілдің грамматикалық нормасын меңгеруге дайындап, оның түсінуде, ажыратуда маңызды рөл атқарады. Балаларда сөздерді морфологиялық құрамы бойынша сәйкестендіруі, бөліп көрсетуі және сөздердің түрлі элементтерін сәйкестендіру, бөліп көрсетуі және сөздердің түрлі элементтерін салыстыруы дамып, сонымен қатар бақылаушылығы, қабілеттілігі дамиды. Әрқашан сөздер арасындағы байланыс пен қатынасты дамытып, морфологиялық құрылымдағы семантикалық және логикалық мағынасын ашып отыру керек [230].

Сөйлеу тіліндегі сөз зат есім түрінде болса, оған сын есім, сан есім, етістік, есімдік белгілі бір формамен байланысады. Егер етістікті алатын болсақ, ол арқылы сөз тіркесіндегі сөздің лексикалық мағынасын білуі керек.

СТЖД балалардың тілі жетіліп, жаңа дыбыстармен толықтырылған әр түрлі буындары бар сөздер айтылғанда сөздегі дыбыстардың дұрыс, дұрыс еместігін және олардың бұзылу ерекшелігін айқындауға болады. Балалар барлық сөз таптарын пайдалануды, грамматикалық құрылымының қарапайым түрлерін қолдануды үйренеді. Егер, СТЖД балалардың алдарына шарт қойса, онда сөздің грамматикалық категорияларының қандайын болса да пайдаланғанда, сөйлеу тілінің дамуындағы кемшіліктерін айтарлықтай анық көруге болады. Бала сөзді емін-еркін қолданып сөйлегенімен, сөйлеу тілінде кемшіліктері бар қатарластарына қарағанда, өздігінше сөйлем құрастыру барысында үлкен қиындықтарға тап болады.

Әдеттегідей қиыстыру мен меңгеру процесіндегі қателерінен туындайтын аграмматизмдерді дұрыс құрастырылған сөйлемнен де кездестіруге болады. Бұл қателер тұрақты сипат бермейді: грамматикалық категориялар әр түрлі жағдайда дұрыс та, бұрыс та қолданылуы мүмкін.

Қазақ тілінде оқытылатын балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін айтатын болсақ, СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағы жеткілікті түрде дамымаған, олар, жұрнақтарды қолдануда қателер жібереді. Сөзжасам қабілеті мүлдем дамымаған кездері де болады. Сөйлеу барысында тек жай сөйлемдерді қолданады да, құрмалас сөйлемдер сирек кездеседі.

Әрбір грамматикалық форманың қалыптасуы белгілі бір кезектілікпен жүргізіледі:

- сөздердің көптеген формалары арқылы әдістемелерді қолданып, грамматикалық форма туралы түсінігін анықтау керек;
- қатардағы сөз формаларын салыстыра отырып, морфеманың дыбыстық белгісін бөліп көрсету керек;
- бөліп көрсетілген морфеманың әріптік белгісін көрсету;
- сөз морфемаларын өз бетінше құрастыру (суреттерді қолдану, сөз формаларын қолдану арқылы).

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ тілді мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту қазіргі кездегі логопедияның өзекті де, күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Ондай балалармен түзету-педагогикалық жұмысты тиімді, ұтымды ұйымдастыру қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жүйеленген жұмыс мазмұнын және тәсілдерін анықтаумен тығыз байланысты. Арнайы әдебиеттерді талдау барысында біз көз жеткізгендей, осы уақытқа дейін СТЖД ана тілі қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің, атап айтсақ, грамматикалық жағын анықтауға бағытталған арнайы зерттеулер Қазақстанда жеткіліксіз, жоқтың қасы десек те болады.

Осылайша, біз мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөзжасамның қалыптаспауы туралы зерттеулердің ғылыми-теориялық шолу жасап, қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелеріне жеке тоқталып, балалардың сөзжасамды меңгеру мәселесі жөніндегі заманауи көзқарастар туралы айтып, мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөзжасамның қалыптаспауы (әдебиетке шолу) жөнінде жаздық. Педагогикалық, арнайы әдебиеттерді талдау барысында сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту проблемасы бойынша шетел зерттеушілерінің жүргізген жұмыстары бар екеніне көз жеткіздік.

Алайда, мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі қалыпты дамыған қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің сөйлеу грамматикалық жағын (сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құрау дағдылары) даму деңгейінің ерекшеліктері мен дамыту жолдары, түзетуге арналған әдістемелер құрастырылмаған.

Сондай-ақ, теориялық шолу мен талдау барысында сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам процестерінің қалыптасуын жан-жақты зерттеуге, осы процестердің барысында ана тілі – қазақ тілі болып табылатын балалардың нақты қиындықтарын анықтауға бағытталған арнайы зерттеулер жүргізілмеген. Аталмыш балалардың сөзжасамын дамытудың ғылыми негізделген әдістері әзірленбегені анықталды. Осының нәтижесінде, арнайы білім беру жүйесіндегі маңыздысы – мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасамның қалыптасуы мен сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағының арасындағы өзара байланыс айқындалмағандығы; сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда сөзжасам дағдыларын зерттеу қажеттілігі мен оның теориялық негіздерінің зерттелмеуі; мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға бағытталған түзету логопедиялық жұмыс жүйесі ғылыми-әдістемелік деңгейде қамтамасыз етілмеуі мен дамытудың психологиялық-педагогикалық жағдайларының ғылыми негізделген жүйесінің құрастырылмағаны арасында қарама-қайшылық туындады.

Сонымен, әдебиеттегі мағлұматтардың талдауы сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөзжасамының даму үрдісі өзіндік ерекшеліктерге ие болатынын дәлелдеді. Сонымен қатар сөйлеу тілінің сөзжасамның толық қалыптаспауы да, өзіндік көрінісін береді. Осының бәрі баланың басқа психикалық функцияларына теріс әсерін тигізетіні мәлім. Сөзжасамдық қателер лексикалық және фонетикалық қателердің есебінен

кеңейіп, сөйлеу тілі жетіспеушілігінің көрінісін одан сайын тереңдетеді. Ол баланың дамуына теріс әсерін тигізіп, әлеуметтік мәселелерді күрделендіреді. Қазіргі логопедияда сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу тілінің дамуына қатысты қарастырылған мәселелер жеткіліксіз. Сонымен қоса, СТЖД қазақ балаларының сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымында сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін ашатын нақты мағлұматтар аз екеніне көз жеткіздік.

Осылайша, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасамын дамыту мәселесін ғылыми зерттеу өзекті және қажетті болып табылады.

2 СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗЖАСАМ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2.1 Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы – есту қабілеті мен зияты қалыпты дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі жүйесінің барлық құрама компоненттерінің қалыптасуының бұзылуынан болатын әртүрлі күрделі тіл кемістіктері екенін негізге алып, біз анықтаушы экспериментке алынған балалардың құжаттарымен (ПМПК берген жолдамалары, денсаулық паспорты, жеке карталары, сөйлеу карталары) танысып, талдадық.

Анамнездегі мағлұматтарды талдау бізге екі топтағы балалардың клиникалық статусының біркелкі еместігін дәлелдеді. Атап айтатын болсақ, кейбір балалардың көбінде минималды неврологиялық көріністер аясында пайда болған сөйлеу тілі жалпы дамымауының күрделенбеген түрі мен педагогикалық және әлеуметтік жағынан қараусыз қалғандық болды. Кейбірінде дизартрияның көмескі түрі деген қорытынды болды, аз балалар санында моторлы алалия болды. Бір-екі балада сөйлеу тілінің кешенді кемістіктері, яғни сөйлеу тілінің жалпы дамымауы мен тұтықпа немесе сөйлеу тілінің жалпы дамымауы мен дизартрияның көмескі түрі болды. Анамнезді талдау – эксперименталды топтың барлық балаларында кіші топтарда болған мерзімде, сөйлеу тілінің кешеуілдеуі болғанын көрсетті. Топтағы балалардың үштен бірінде құжаттарындағы былдырлау мен үілдеуінің кешігіп шығуы жазылған. Қалған балалардың құжаттарында сөйлеу тілі дамуының ерте кезеңдерінде оның кешігіп шығуы туралы ақпараттар болмады, алайда ондай ақпараттың болмауы алғашқы құжаттардағы жазбалардың растығын дәлелдемейді. Эксперименталды топ балаларының барлығында фразалық сөйлеу тілін меңгеруі кешігіп басталған, және де, сөз қорының молаю темпі сандық және сапалық жағынан төмен болғанымен сипатталады. Балалардың сөйлеу карталарында психологиялық медициналық педагогикалық кеңестің СТЖД III-деңгейі деген сөйлеу тілінің қорытындысы жазылған.

Балалардың медициналық және сөйлеу тілі негізінде анамнестикалық мағлұматтармен алдын ала танысу жасалынып, сөйлеу тілі дамуының үшінші деңгейіндегі балаларды іріктеу мақсатында, дәстүрлі тәсілдер бойынша логопедиялық тексеру жүргізілді. Эксперимент бағдарламасына құжаттарында психикалық дамуының тежелуі көрсетілген балалар алынбады.

Анықтаушы зерттеуге алынған 100 баланың сөйлеу тілі қызметінің жағдайын қосымша тексеру нәтижесінде эксперимент тобына жатқызылатын балаларының құрамы анықталды, онда логопедиялық қорытындысында таза түрде «СТЖД III-деңгейі» деген мектепке дейінгі жастағы 78 бала іріктеліп, қосымша тексеру нәтижелерінде дәлелденді және ешбір күмән туғызбады.

Бұл балаларда жалпы эмоционалды-еріктік жетілмегендік, еркін әрекетті реттеудің қалыптаспауы, саусақтардың нәзік сараланған қозғалыстарының жеткіліксіздігі, қозғалыстарды динамикалық ұйымдастырудың қиындықтары байқалды

Сөйлеу тілінің аграмматикалық, фонетикалық тұрғыдан жеткіліксіз, түсініксіз, сөйлеу белсенділігі әлсіз. Кері сөйлеуді салыстырмалы түрде қауіпсіз түсіну арқылы экспрессивті сөйлеу тілі артта қалады. Нашар сөйлеу әрекеті балаларда сенсорлық, зияттық және аффективті-ерікті саланың қалыптасуына әсер етеді. Кейбір балаларда зейіннің тұрақтылығы жеткіліксіз, зейінін бөлу мүмкіндігі шектеулігі байқалды. Салыстырмалы түрде сақталған семантикалық және логикалық есте сақтаулары балалардың ауызша есте сақтау қабілеті төмендетіп, есте сақтау өнімділігі азаяды. Олар күрделі нұсқауларды, элементтерді және тапсырмалар тізбегін ұмытып кетеді. Сөйлеу бұзылыстары мен психикалық дамудың басқа аспектілері арасындағы байланыс ойлаудың өзіндік ерекшеліктерін анықтайды.

Балалардың ауызша-логикалық ойлауының дамуы артта қалған. Ауызша нұсқауларға сәйкес қимылдарды орындау кезінде үлкен қиындықтар анықталады. СТЖД балалар үшін әрекет элементтерінің реттілігін бұзу және оның құрамдас бөліктерін тастап кету тән, саусақтардың үйлестірілуінің жеткіліксіздігі, ұсақ моториканың дамымауы, баяулауы байқалды. СТЖД мектеп жасындағы балаларда қарым-қатынас формаларының қалыптасуы кеш жүреді, басқалармен қарым-қатынаста және өзара әрекеттесуде тұрақты қиындықтар байқалады. Балаларда жасына тән, эмоциялар, жағдайлар, қарым-қатынас және басқалардың іс-әрекеттері туралы түсінік қалыптаспаған. Сонымен, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың клиникалық сипаттамаларының өзгергіштігі, СТЖД-мен бірге жалпы белгілерді анықтайды, атап айтқанда: құраушы компоненттердің сөйлеу тілінің жалпы дамымауы немесе сөйлеудің фонетикалық-фонемалық және лексикалық-грамматикалық жақтары күрделі және тұрақты бұзылулар, әсіресе лексикалық және грамматикалық. Зерттеушілердің пікірінше, балаларда бұл тобы коммуникативті-сөйлеу әрекеті қатты бұзылған, бұл эмоционалды-еріктік, жеке саланың дамуында қайталама ауытқуларды тудырады, сонымен қатар баланың әлеуметтенуіне әсер етеді. Коммуникативті қабілеттердің бұзылуы және эмоционалды - жеке дамудың ілесімі белгілері СТЖД балалардың құрдастарымен тұлғааралық қарым-қатынасына теріс әсер етеді. Жалпы алғанда, баланың сөйлеу қабілеті бұзылған қоршаған ортаны қабылдамау оның әлеуметтенуін бұзатын мінез-құлыққа жауап берудің зиянды әдістерінде көрінеді.

Бұл балаларда саусақтардың, қолдың әлсіз үйлесімділігі, ұсақ моториканың әлсіз дамуы байқалады.

Тілдің грамматикалық жағының қалыптасуы мен қолдануында әр түрлі қиындықтар байқалады: зат есімнің көптің жалғауын пайдаланғанда қазақ тілінің сингармонизм заңын сақтамауы; көптік жалғауларды мүлдем қолданбауы; зат есімнің көптік жалғауларымен кездескен сөздерді ілік септігінде қолдана алмауы; септік жалғауларды қолдану барысында әр түрлі қателер байқалды,

әсіресе ілік, табыс, көмектес септіктерін қолдануда (мысалы, сурет бойынша «кімнің көйлегі?» деген сұраққа «*қыз көйлек*» деп жауап береді); сөз өзгерту дағдылары мүлдем қалыптаспаған деуге болады (сурет бойынша мамандықтарды атағанда балалардың көпшілігі сатушыны – «*дүкендегі тәте*», «*сатады*»; *әншіні* – «*ән айтады*» деп атады).

Сонымен, анықтаушы экспериментке алынған балалардың сөйлеу тілі мынандай кемшіліктермен сипатталды:

1. Ауызекі байланыстырып сөйлегенде кейбір сөздерді білмейтіндігі және дұрыс қолдана алмайтындығы. Сөздік қорында көбінесе зат есім, етістік көп кездеседі де сын есім, үстеу таптары аз кездесуі.

2. Тілдің грамматикалық жағының дамымауы. Септік жалғауларды, жұрнақтарды қолдануда қате жіберу, сөз өзгерту қабілеті мүлдем дамымауы.

3. Сөйлегенде көбінесе тек жәй сөйлемдерді қолдануы, құрмалас сөйлемдердің сирек кездесуі.

2.2 Зерттеу экспериментін ұйымдастыру

Біз анықтаушы эксперименттің мақсат, міндеттерін белгіледік.

Анықтаушы эксперименттің мақсатын СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтау деп алдық.

Анықтаушы эксперименттің міндеттері:

1) СТЖД мектеп жасына дейінгі балалармен түзетту жұмысының жүргізетін логопедтермен сауалнама (авторлық әзірleme) жүргізу;


2) СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын зерттеу.

Анықтаушы эксперименттің мазмұнын ыңғайлы болу үшін екі блокқа бөлдік.

2-суреттен көріп тұрғанымыздай, анықтаушы эксперименттің мазмұны екі блоктан құрылды:

1-блок: СТЖД балалармен түзету жұмысын жүргізетін логопед мамандарына сауалнама (авторлық әзірleme) жүргізу. Оның міндеті СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту мәселелеріндегі логопедтердің құзыреттіліктерін анықтау.

2- блок: сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларының деңгейін белгілеп, анықтауға мүмкіндік беретін анықтаушы эксперимент. Оның міндеті: СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтау эксперимент мазмұны (сурет 2).



Сурет 2 – Анықтаушы эксперименттің мазмұны

2.2.1 Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалармен түзету жұмысын жүргізетін логопедтермен сауалнама жүргізу және материалдарын талдау

СТЖД МЖДБ түзету жұмысының жүргізетін логопедтермен сауалнама (автрлық әзірлеме) жүргізу жұмысын біз 1-блок деп белгіледік.

1-Блок.

Бірінші блоктағы сауалнаманың міндеттері:

- Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын анықтау/дамыту мәселелеріндегі логопедтердің құзыреттіліктерін анықтау және логопед мамандардың «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» мазмұнын айқын білуін айқындау.

Бірінші блокта, яғни логопедтерге арналған сауалнамаға қатысқандардың саны 100 логопед болғанымен, таза нақты мағыналы жауап бергендердің саны 86 логопедтің жауаптары есепке алуды жөн көрдік, себебі есепке алынбаған 14 логопедтің жауаптары тиянақсыз, «ия», «жоқ» деген жауаптармен шектеліп, толық нұсқада сұрақтарға жауап бермегендер. Ұсынылған 15 сұрақта дипломы бойынша білімі мен мамандығы, жұмыс өтілі, жұмыс орны, СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған әдістемелер, құрал жабдықтармен оқу процесінің қамтылуы және осы бағыттағы түзету жұмысында қандай қиындықтарға кездесетіні, қандай әдіс тәсілдерді дұрыс қолданулары жөнінде сұрақтарды қамтыды. Сауалнаманың толық нұсқасы қосымшада берілген.

Сонымен қоса, аталмыш сауалнама СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуда арнайы әдіс тәсілдерді орынды қолдану деңгейін талдауға мүмкіндік береді.


Ең алдымен сауалнаманың сұрақтарын құрастыру үшін «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» [36,с. 1] талдаудан өткіздік.

1-сұрақ. Логопед ретінде жұмыс өтіліңіз қанша жыл? Орта есеппен алғанда мамандардың жұмыс өтілі 1 жылдан- 23 жылға дейінгіні құрады.

Біз сауалнаманың 1-сұрағына сынақталушылардың берген жауаптарына қарап, еңбек өтілінің сандық көрсеткіштерін (кесте 1, сурет 3) көріп тұрғанымыздай, мамандардың басым пайызында мамандық бойынша еңбек өтілі 15 жылдан астам уақытқа ие екенін байқадық, ол қатысушылардың 69-ы- 80,2 % құрады, 11-14 жыл еңбек өтілі барлар 11 адам екені анықталды, ол сынақталушылардың 12,7% құрады, 8-11 жыл жұмыс жасап жүргендер 9 адам, 10,4% құраса, мамандығы бойынша 4-7 жыл еңбектеніп жүргендер 6 адам, ол 6,97%, ал 5 маман 1-3 жылға дейінгі еңбек өтілі барлар, олар қатысушылардың ең аз көрсеткішін, яғни 5,8% құрады. Сауалнаманың 1-сұрағына берген жауаптарын талдай келе, біз логопед мамандығы бойынша еңбектеніп жүргендердің көбінің еңбек өтілі 15 жылдан жоғары және кәсіби тұрғыдан тұрақталып қалған мамандар екеніне көзіміз жетіп отыр.

Кесте 1 – Сынақталушылардың еңбек өтілінің сандық көрсеткіштері (%)

Еңбек өтілі	Саны	Көрсеткіштері %
1-3 жыл	5	5,8
4-7 жыл	6	6,97
8-11жыл	9	10,4
11-14 жыл	11	12,7
15 жылдан жоғары	69	80,2




Сурет 3 – Сынақталушылардың еңбек өтілінің диаграммада көрсетілуі

2-сұрақ. Мамандығыңыз қандай? – деген сұраққа мамандардың жауаптары келесідей болды.

Сынақталушылар білімінің сандық көрсеткіштері (кесте 2, сурет 4). Сауалнама сұрақтарына жауап беріп, есепке алынғандардың барлықтарының білім деңгейі жоғары, екінші жоғары білімі бар немесе қайта даярлау курстарын бітіргені анықталды. Логопед қызметін атқарып жүргендердің 74-і, ол зерттелушілердің (86,04%) «6B01902–Логопедия бойынша мамандарды даярлау» мамандығын бітірген жоғары білімді – маман, «6B01901–сурдопедагогика бойынша мамандарды даярлау» – 3 адам (3,48%) «6B01903–олигофренопедагогика бойынша мамандарды даярлау» – 4 маман (4,65%), «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»/қайта даярлау курсы өткен – 2 маман (2,32%), «6B013– Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді дайындау (Бастауыш білім беру / қайта даярлау курсы өткен– 2 адам (2,32%), бастауыш сынып мұғалімі – 1 маман (1,16%), «6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы»/ қайта даярлау курсы өткен – 1 адам (1,16%) құрады.

Кесте 2 – Сынақталушылар білімінің сандық көрсеткіштері

Мамандығы (мамандандырылуы)	Логопедтер саны	Пайыздық көрсеткіштері %
«6В01902 – Логопедия бойынша мамандарды даярлау» (ДЛ)	74	86,04 %
«6В01903 – Олигофренопедагогика бойынша мамандарды даярлау» (ДО)	4	4,65 %
«6В01901– Сурдопедагогика бойынша мамандарды даярлау» (ДС)	3	3,48 %
«6В01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»/Қайта даярлау курсы өткен (ҚТӘ/ҚД)	2	2,32 %
«6В013 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді дайындау (Бастауыш білім беру/ Қайта даярлау курсы өткен) (БББ/К)	2	2,32 %
«6В013 – Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді дайындау (Бастауыш білім беру) (БББ/К)	1	1,16 %
«6В012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы»/ Қайта даярлау курсы өткен (МдТОП/К)	1	1,16 %




Сурет 4 – Сынақталушылар білімінің сандық көрсеткіштері

3-сұрақ. Қызмет орныңыз. Бұл сұрақта біз білгіміз келгені логопед мамандарының нақты қызмет орны еді. Сауалнама сұрағына жауап беру барысында анықталғаны, қатысушылардың психологиялық медициналық педагогикалық кеңестер (ПМПК), сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалаға арналған арнайы балалар бақшасы, жалпы білім беретін балалар бақшасындағы

логопедтік пункттер, оңалту орталықтары, балалар емханасындағы логопедиялық кабинеттер.

Кесте 3 – Сынақталушы мамандардың қызмет орындары

Қызмет орны	Мамандар саны	Пайыздық көрсеткіштері %
ПМПҚ	12	13,9
Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалаға арналған арнайы балалар бақшасы	48	55,8
Логопедтік пункттер	17	19,7
Оңалту орталықтары	5	5,81
Балалар емханасындағы логопедиялық кабинеттер	2	2,32
Жеке дамыту орталықтары	2	2,32



Сурет 5 – Сынақталушы мамандардың қызмет орындарының көрсеткіштері

Біз көріп тұрғанымыздай (кесте 3, сурет 5), логопедтердің басым бөлігі 48 адам (55,8%) – сөйлеу тілі бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы балалар бақшаларында, ал ең аз мөлшері, яғни 2 маман (2,32%) – балалар емханаларындағы логопедиялық кабинеттер мен жеке дамыту орталықтарында қызмет жасайтынын анықтап отырмыз.


Сауалнаманың алғашқы үш сұрағы мамандардың нақты жеке қызметтігіне қатысты болса, келесі 11 сұрақ олардың сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуда қолданатын әдістемелерді білуі, қолданудағы құзыреттілігіне қатысты етіп құрастырылды.

4-сұрақ. СТЖД қай деңгейінде сөзжасам дағдыларын дамыту жұмысы жүргізілуі керек? Сауалнамаға қатысушы логопедтер мынандай жауаптар берді.

Бұл сұраққа мамандардың берген жауаптарын байқап, талдайық (кесте 4, сурет 6). Сөзжасам дағдыларын СТЖД-1 деңгейде жүргізу керек деп жауап бергендер – 6 маман (6,97 %), СТЖД-2 деңгейінде деп жауап бергендер – 15 сынақталушы (17,4 %), әрине бұл өте қате жауаптар, себебі СТЖД деңгейлері бойынша балалардың сөйлеу тілінің дамуына мүлде сәйкес емес, яғни бұл мамандар сөзжасам дағдылары деген терминді түсінбейді, біліктері аз деп есептейміз. СТЖД-3 деңгейінде деп берген жауаптар – 56 адам (65,1 %) СТЖД-4 деңгейінде –8 маман (9,3 %) құрады. Басқа жауаптар деп, біз логопедтердің былайша жауап берулерін жатқыздық, әрине, жүргізілуі керек; жас ерекшеліктеріне, қабылдау мүмкіндіктеріне сай; жоғары деңгейде; сөйлеу тілі дамымаған балаларға жұмыс жасау. Ондай жауаптар бергендер 1,1% болды.

Кесте 4 – СТЖД деңгейлерінде сөзжасам дағдыларын дамыту жұмысы

Логопед мамандардың жауаптары	Мамандар саны	Пайыздық көрсеткіштер
СТЖД -1	6	6,97 %
СТЖД -2	15	17,44 %
СТЖД -3	56	65,1 %
СТЖД -4	8	9,3 %
Басқа жауаптар	1	1,1 %



Сурет 6 – СТЖД деңгейлерінде сөзжасам дағдыларын дамыту жұмысы

Сауалнаманың 5-ші сұрағы мынандай болды: Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасындағы «грамматикалық құрылымын дамыту» дегенді қалай түсінесіз?

Мамандардың келесідей жауаптары кездесті:

Сөйлем құрауда жұрнақ, жалғауларды дұрыс пайдалана білу; сөзжасам, сөзозгерту дағдылары бойынша жұмыс; зат есім мен етістік сөздерді қолдануы; септеу, жіктеу есімдіктерін қолдануы; жалғауды дұрыс қолдануы; сөзжасам

дағдыларын дамыту; сөйлем құрау, жұрнақ жалғауларды қолдану; сөз тіркестері мен сөйлемдердегі сөздердің өзара байланыс жүйесін дамыту; сөйлеуін; тілдік құрылымын дамыту; балалардың тілін дамытып қана қоймай, сонымен қатар грамматикалық жағын да дамыту; жұрнақ, жалғауды дамыту; сөздерді дұрыс байланыстыру; ия; сөйлеу тілінің байланысын дамыту; мектепке баратын баланың грамматикалық сауатты болу үшін мектеп алды даярлықта тәрбиелеп оқыту маңызды; сөз таптарын қолдану, септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларын дұрыс қолдану, сөз тудырушы жұрнақтарды қолдану; жақсы; баланың сөйлем құрау барысында сөздерді мағынасына қарай отырып дұрыс байланыстыру; сөз бен сөйлемнің дұрыс құрылымы; грамматиканы дамыту; сөздерды қатесіз жазылуы айтылуы; сөйлемді дұрыс құра білу, сөз өзгерту, сөзжасам дағдыларын дамыту; дұрыс сөйлеу мен жазу жұмыс жүргізу; тіл – адамдардың бір-біріне пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын құралы болғандықтан тілдің қоғамдық, тәрбиелік қызметі ерекше. Тілдің грамматикалық сөйлеу мәдениетін игеруде баланың сәби шағынан басталып, біртіндеп жетілетін кезең. Сондықтан баланы балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасында белгіленген оқу іс-әрекеттің көп уақыты балалардың тілдерінің дамуына, көркем сөз өнеріне баулуға, мәнерлеп сөйлеуге, тіл мәдениетіне жұмсалады; фонематикалық есту қабілеттері мен сөйлеу тілі.

Мамандардың 5-ші сұраққа жоғарыда көрсетілген жауаптарын талдай келе, «сөйлеу тілінің грамматикалық жағы» түсінігі, оның мәні және дамыту мәселесін толық түсіне бермейтіндігі ойландырды.

Сауалнаманың 6-шы сұрағы: СТЖД балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағын дамытуда қандай қиындықтарға кездесесіз?

Мамандардың төмендегідей жауаптарын көруге болады: Көп жағдайда СТЖД III- деңгейінде сөзжасам дағдыларын дамытуды қажет етеді; сөйлеу тілінің дамуының IV деңгейіндегі балалармен жүргізілетін түзету – тәрбиелеу жұмысының мақсатына балаларды мектепке оқытуға кешенді дайындау жатады. Осыған байланысты логопедиялық жұмыстың негізгі міндеттеріне сөйлеу тілінің дыбыс айтуын, лексикалық- грамматикалық жағын, байланыстырып сөйлеу, сонымен қатар сауат ашуға дайындау дағдыларын дамыту және әрі қарай жетілдіру жатады; әрине, өте керек тіпті бағдарламаға енгізу керек тіл дамыту бойынша; 2 деңгейінен бастап; 3 ші деңгейде; екінші; жұрнақ жасау жалғау арқылы жаңа сөз тудыру; СТЖД 1 деңгей; балаға берілген тапсырмалар бойынша түбір сөзге *-шы,- ші* жұрнақтарын жалғай отырып, түбір сөзден жаңа сөз шығаруы тиіс; сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытуда заттық-тәжірибелік іс-әрекеттің маңызы зор. Арнайы ұйымдастырылған ойындар балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстарын түзетіп, сөздік қорын байытып, таным іс-әрекетінің жетіспеушілігін дамыту үшін арнайы ұйымдастырылып белсенді пайдалануды қарастырады. Ойын іс-әрекеті барысында сөйлеу тілі бұзылған балалардың ұжымшылдық, еңбексүйгіштік, өздігінен жұмыс жасау сияқты жеке тұлға қасиеттері, өзін-өзі бақылау біліктілігі қалыптасады. Педагог-дефектологтың немесе логопедтің, тәрбиешінің жетекшілігімен жүзеге асатын бұл үдеріс кезінде СТЖД III-деңгей балалардың

интеллектуалды дамуында, танымдық, қоғамдық және т.б. қажеттіліктер мен қызығушылықтарының туындауында едәуір жағымды өзгерістер болады.

Осы жауаптарды талдай келе, логопед мамандар СТЖД балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағын дамытуда қиындықтарға кездесетінін көріп тұрмыз.

7-сұрақ. «Тілдің лексикалық-грамматикалық құралдарын қалыптастыру» дегенді қалай түсінесіз?

Кейбір жауаптар:

Сөздік қорын молайту; жұрнақ, жалғау; дыбыстық талдау, жинақтау, қолдану, сөйлеу, сөзжасам, сөзөзгерту дағдылары; сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құрау; сөз таптарын қолдануы, лексикалық тақырып бойынша сөздік қоры; сөйлемде қолдануы; сөзжасам, сөзөзгерту дағдыларын қалыптастырып, байланыстырып сөйлеуге үйрету; әр түрлі жеке заттардың, жалпы атаулары; сөзқұрау, сөз жасам қабілеттерін қолдану; ауыз екі сөйлеуін дамыту; деңгейлеріне сай дамыту; сөздерді дұрыс байланыстыру; лексико-грамматикасын дамыту; баланың дұрыс жалғауды сөзге дұрыс жалғай алуы; сөйлемде жалғау жұрнақтарды қолдану, байланыстырып айту; сөздің жалғауын, соңын, етістіктерді сөйлеу тілінде қолдану; лексикалық грамматикалық жағын дамыту, лексико-грамматика.

Бұл сұраққа жауаптарын талдай келе, мамандардың «тілдің лексикалық-грамматикалық құралдарын қалыптастыру» дегенді арқалай түсінетіні анықталды. Бірнеше мамандар грамматика деген ұғымды жазу қателері деп түсінетіні анықталды.

8-сұрақ. «Кішірейткіш-еркелету», тәуелдік мәніндегі сын есімдерді ажыратуға қалай үйретесіз?

Мамандардың жауаптары: Суреттер арқылы жұрнақтардың нұсқаларын беріп балаға көрсетіп үйрету. Ойын арқылы. Менің қызыл көрпешем, Сенің көк көрпешен ... сияқты тапсырмалар. Көрнекті суреттер арқылы, заттың ойыншықтар, муляждар, бейне ролик мультимедия арқылы. Салыстырмалы түрде. Дай, дей, тай, тей қосып айту. Кішкентай, таудай т. с. с. Өз-өзіне қызмет етуде, ойын кезінде. Арнайы сөз тіркестерін пайдалану. Ауызша, жазбаша түрде. Жауап беруге қиналамын. Сөздік қорын дамытуға арналаған тапсырмалар. Сұрақ қою арқылы. Көрнекілік, дидактикалық ойындар арқылы. Түсіндіру мысал арқылы. Ережелері арқылы. Кішірейткіш жалғауларды жалғау арқылы. Олардың жұрнақтарын айтып үйрету арқылы. Сөздер қосу, жалғау қосып. Зат арқылы үйретем.

Сауалнамаға жауап берушілердің басым пайызы «Кішірейткіш-еркелету жұрнағы да жалғауы да қазақ тілінің грамматикасында жоқ, менің ойымша, ал тәуелдік жалғауларды қолдануға *-гім; -ғым; -ым; -ім* жалғауларын қолдануға болады», - деген жауап болды.

9-сұрақ. «Сөзжасам және сөз түрлендіруді қолдану негізінде сөздің дыбыстық қатпарының өзгеруі оның созылыңқылығының (буындар саны) және мағынасының өзгеруіне әсер ететіні жайлы балалардың түсініктерін қалай қалыптастырасыз?

Кейбір жауаптар:

Жауап беруге қиналамын. Жақсы. Түсінбедім. Мысалдар арқылы: Көрпе-көрпеше, үй – үйшік, бала – балақай т.с.с жұрнақтарды жалғау. Кез келген құралдардың кішкентай түрін көрсету. Шек, шы, ші, га – жұрнақтарын қосу әдістемелері. Кітап, кітапхана, кітаптар т.б. Етістік сөздер бар, барды, бардык, бару керек, барып кел, барғанда, т.б менгерту көрнекті суреттер арқылы. Көрнекіліктер арқылы. Түбір сөзден басқа сөздер жасап, көрсетіп айтып қалыптастыру. Мысалы, көрпе – көрпеше, бала – балалар т.с.с. яғни суреттерді көрсету арқылы сөздердің мағынасын түсіндіру. Жеке жұмыстану арқылы. Жастайынан, даму ерекшеліктеріне сай. Түрлі дидактикалық ойындар арқылы. Буын ұйқас айтқызу. Суреттер арқылы. Үндестік заңына бағынышты. Сурет еліктеу түсіндіру. Сөзжасам ережелері. Кезектілікпен. Сөзді буынға бөлу арқылы. Әріп, дыбыс, буын сөз сөйлем түзету жұмыс жүргізу. Қайталап айтқызу арқылы.

Мамандардың басым пайызы сөзжасам және сөз түрлендіруді қолдану негізінде сөздің дыбыстық қатпарының өзгеруі оның созылыңқылығының (буындар саны) және мағынасының өзгеруіне әсер етуі дегенді дұрыс түсініп, кейбір мамандардың ішінара түсіне бермейтіндерін байқауға болады.

10-сұрақ. «Сөзжасамның алғашқы дағдыларына оқыту» деген нені білдіреді?», -деген сұраққа мынандай жауаптар берді (кесте 5, сурет 7).


Кесте 5 – «Сөзжасамның алғашқы дағдыларына оқыту» түсінігін білуі

	Жауап нұсқалары	%
1	жалғау қосып, қарапайым сөздер жасау	38%
2	жұрнақ қосып, қарапайым сөздер жасау	24%
3	жалғау мен жұрнақ қосып, қарапайым сөз жасау	35%
4	кейбір жұрнақтарды сөзге мағынасы өзгертін етіп қосу	3%
	тексеру барысында сұрақтарға толық жауап беру	
	кейбір жаңа сөздер жасау біліктерін дамыту	

10. «Сөзжасамның алғашқы дағдыларына оқыту» деген нені білдіреді:



100 ответов



Сурет 7 – «Сөзжасамның алғашқы дағдыларына оқыту» түсінігін білуі

Мамандардың сауалнаманың 10-сұрағына жауаптарын талдап, 38% – жалғау қосып, қарапайым сөздер жасау деп, жалғау мен жұрнақ қосып, 35% – қарапайым сөз жасау жауап берді, бұл екі нұсқа да қате еді. Дұрыс нұсқасы жұрнақ қосып, қарапайым сөздер жасау деген жауап еді, дұрыс орындағандар 24% – құрады. Кейбір жұрнақтарды сөзге мағынасы өзгеретін етіп қосу, тексеру барысында сұрақтарға толық жауап беру, кейбір жаңа сөздер жасау біліктерін дамыту деген нұсқаға бергендер 3% – құрады. Мұндай берген жауаптары өте ойландырады, себебі сөзжасам дағдыларын дамыту жұмысы жұрнақты қосып, жаңа сөз жасауды білдіреді. Кесте 5-те көрсетілгендей, 1,3,4-нұсқаларды белгілеген 76% қате жауапты (нұсқаны) белгілегенін анық көріп отырмыз.

11-сұрақ. «Кішірейткіш-еркелету мәніндегі сөздерді пайдалануға үйрету» үшін ұсынылатын тапсырманы белгілеңіз:

а) мына сөздерге (көрпе, сандық, үй) «кішкентай сөздерді» (-ше, -ша, -шік) қосып, жаңа сөзді айт;

ә) мына сөздерге (атам, әжем, кітап, көкек) «кішкентай сөздерді» (-дай,-дей, -тай, -тей) қосып сөз айт;

б) мына буындардан жаңа сөз құра (та-на, кол-ғап, шапа-лак).

Мамандарға сауалнаманың 11-сұрағында кішірейткіш-еркелету мәніндегі сөздерді пайдалануға үйрету үшін ұсынылатын тапсырма түрін, нұсқалардың ішінен дұрысын белгілеу тапсырылды. Логопед мамандары көріп отырғанымыздай, дұрыс деп жауап нұсқаларын белгілеген (кесте 6, сурет 8). Дұрыс нұсқаны, яғни «мына сөздерге (көрпе, сандық, үй) «кішкентай сөздерді» (-ше, -ша, -шік) қосып, жаңа сөзді айт» нұсқасын белгілегендер қатысқандардың 32 % құрады, «мына сөздерге (атам, әжем, кітап, көкек) «кішкентай сөздерді»

(-дай,-дей, -тай, -тей) қосып сөз айт» - деген нұсқаны белгілегендер 48% құрады, яғни біз мамандар жұрнақтардың мәнін шатастыратынын анықтап отырмыз, «мына сөздерге (бала, әке, сандық) тиісті жұрнақ қосып, сөз жаса» – нұсқасын мамандардың 10% тандаған, ««мына буындардан жаңа сөз құра» нұсқасын белгілегендер» нұсқасын тандағандар 7% құрады, қалған жауаптар, яғни «сөзді буынға бөлу арқылы, дыбыспен оқыту, көрпе-көрпеше» деген нұсқаны белгілегендер 3% құрады. Жауаптарды талдай келе, біз логопед мамандарының осы сұрақты толыққанды түсінбейтінін және жұрнақтардың түрлерін шатастыратынына көз жеткізіп отырмыз (кесте 6).

Кесте 6 – «Кішірейткіш-еркелету мәніндегі сөздерді пайдалануға үйрету» тапсырмасын орындау көрсеткіштері

Жауап нұсқалары	%
мына сөздерге (көрпе, сандық, үй) «кішкентай сөздерді» (-ше, -ша, -шік) қосып, жаңа сөзді айт	32%
мына сөздерге (атам, әжем, кітап, көкек) «кішкентай сөздерді» (-дай,-дей, -тай, -тей) қосып сөз айт	48%
мына буындардан жаңа сөз құра (та-на, қол-ғап, шапа-лақ)	7%
мына сөздерге (бала, көрпе, сандық) «кішкентай сөздерді» (-лар, -лер, -тар) қосып, жаңа сөзді айт	10%
Басқа жауаптар	3%



Сурет 8 – «Кішірейткіш-еркелету мәніндегі сөздерді пайдалануға үйрету» тапсырмасын орындау диаграммасы


12-сұрақ. Сөзжасам дағдыларын дамытуда қолданылатын тапсырма:

- а) көрпе сөзін кішірейтіп айт;
- ә) сандық сөзін көпше түрде айт;
- б) үш сөзден сөйлем құра: шана, бала, төбешік.

Осы сұрақта үш нұсқаны белгілеу ұсынылды. Жауаптарын (кесте 7, сурет 9) көріп отырғанымыздай, қатысушылардың 43% – «көрпе сөзін кішірейтіп айт» нұсқасын тандаған, дұрыс жауап берген, 31% – Ә нұсқасын «сандық сөзін көпше түрде айты» нұсқасын белгіледі, бұл қате жауап еді, мамандар сөзжасамды сөзөзгертумен шатастырып тұрғанын байқап отырмыз. «Үш сөзден сөйлем құра: шана, бала, төбешік» жауабы, яғни Б нұсқасын белгілеген 23% құрады, бұл жауаптар да қате; қалған қате жауаптар 3% құрады.

Кесте 7 – Сөзжасам дағдыларын дамытуда қолданылатын тапсырманы тандау көрсеткіштері

Жауап нұсқалары	Көрсеткіштері (%)
көрпе сөзін кішірейтіп айт	43%
сандық сөзін көпше түрде айт	31%
үш сөзден сөйлем құра: шана, бала, төбешік	23%
Басқа жауаптар	3%



Сурет 9 – Сөзжасам дағдыларын дамытуда қолданылатын тапсырманы тандау

13 -сұрақ. «Түрлі сөз таптарының сөз жасаушы түрлерін қолданады» - дегенді қалай түсінесіз?

Мамандардың жауаптары: Суреттер арқылы әдістемелер; көрнекілік әдісі; сөз түбірі, жұрнақты ажыратуға арналған әдістемелер; зат есіммен етістікті құрап айтуы; сын есім араластыруды; сөзжасам дағдылары жақсы қалыптасқан; сөз таптарынан жаңа сөздер шығару; бастауыштан толықтауыш, анықтауыш қолдана алуы, мысалы: балалар- балаларды; сөйлеуде сөз саптауы жақсы; екі не үш сөзден тұратын сөйлемдерді құрай алады; жұрнақты дұрыс қолдану; байланыстырып сөйлеу деңгейі; бас және басшы сөздерінің айырмашылығы сияқты; сан есімде: бар, біреу, бірінші, бір бірден; сын есім: ақ, ақшыл, ақшылдау, аппак; сөйлеу барысында сөз таптарын орнымен қолдану; сөзжасам

біліктері калыптасқан; сөзжасам дағдысы толық дамыған деген сөз; зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөздер, шылау, одағай сияқты әртүрлі қосымша түрлерін қолдану. Сауалнамаға қатысушылардың «түрлі сөз таптарының сөз жасаушы түрлерін қолдану» деген түсінікті мамандар толық аспағаны бізді біршама ойландырды.

14 -сұрақ. «Кейбір сөзжасам біліктерін меңгерген» дегенді қалай түсінесіз?

Мамандардың кейбір жауаптары: Сөз өгерту, сөзжасам дағдыларын дамыту; түрлі әңгімелер мен шығармаларды тыңдау, түсінуін дамыту; сөздік қоры, сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем курау (жалғау, жұрнақты) орынды қолдану; екі сөзден ғана құралған сөзді айтуы: мысалы сөздерді жұрнақ, жалғау арқылы жаңа сөз жасай алғанымен, сөздерді біріктіру арқылы жаңа сөз құрай алмауы мүмкін; түбір сөзден келесі сөздер жасау; белгілі сөздерге ғана сөзжасам жасау; ең негізгі бірліктерді меңгеру; сөздің дыбыстық буындық құрылымын меңгерген; грамматиканы толық меңгермеген; бірнеше сөзжасам жұрнақтарын қолдануы, мысалы зат есім тудыратын жұрнақты қолдану: көрпеше, қорапша; етікші, әнші, ғарышкер, кітапхана; оңай, қысқа сөздерді меңгерген; қарапайым, оңай жалғаулар арқылы жаңа сөз жасай білу; баланың жетілмеген сөйлеу тілін дамытуға бағытталған логопедиялық жұмысты ұтымды ету мақсатымен, түзете - оқыту жұмысы мазмұнында мектеп жасына дейінгілердің коммуникативтік білігін өсіруді алдын – ала қарастырған жөн; бір сөзден басқа сөз шығару (көпше түрінде, кішірейтіп айту) сөздің мағынасын біледі; бір балада сөзжасам біліктері жақсы қалыптасқан болса, екінші бір балада сөзжасам мүлдем болмайды. Сол себептен диагностиканы дұрыс әрі сапалы жүргізу арқылы, түзету жұмысына дұрыс бағыт ала аламыз деп ойлаймын. Мамандардың арасында «кейбір сөзжасам біліктерін меңгерген» деген ұғымды түсінбейтіні және сөзжасам мен сөзөзгерту түсініктерін шатастыратынын немесе қате ұғымдары калыптасқандығын байқадық.


15-сұрақ. СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған қазақ тіліндегі әдістемелермен оқу процесінің қамтылуы қандай?

Сұрақта бес нұсқаны белгілеу ұсынылды:

- а) толыққанды;
- ә) орташа;
- б) орташадан төмен;
- в) төмен;
- г) мүлде жоқ.

Кесте 8 – СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған әдістемелермен оқу процесінің қамтылу көрсеткіштері

Жауап нұсқалары	%
Толыққанды	1
Орташа	6%
Орташадан төмен	8%
Төмен	18%
Мүлде жоқ	67%



Сурет 10 – СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған әдістемелермен оқу процесінің қамтылуының диаграммасы

Көріп тұрғанымыздай (кесте 8, сурет 10) сауалнамаға қатысушы мамандардың 67 % СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған қазақ тіліндегі әдістемелермен оқу процесінің қамтылуын мүлде жоқ деп белгілеген, төмен деп белгілегендер 18 %, орташадан төмен дегендер 8%, орташа деп бағалағандар 6%, толыққанды дегендер 1% құрады. Мамандардың көбі қосымша деректерге «әдістемелерді өзіміз қазақ тіліне орыс тілінен аударып жасаймыз», «қазақ тілімен орыс тілінің сөзжасам тұрғысынан ерекшеліктері көп, сәйкес келмейді, қиналамыз» деген жауаптар жазған.

Сонымен, 1-блок бойынша логопед мамандарға арналған сауалнама материалдарын талдай келе, логопед мамандардың басым пайызы «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» мазмұнын айқын білетінін, ал ішінара логопедтер білмейтіндері анықталды.

Логопед мамандар ішінде сөзжасам дағдыларының дамуы тілдің фонетикалық-фонематикалық, грамматикалық жағы, сөздік қорын молайтумен тығыз байланыста екенін түсіне қоймайтындары да байқалды. Ал сөйлеу тілінің жалпы дамымауын түзету жұмысында грамматикалық, лексикалық, фонетикалық жағын жетілдіру жұмысының негізгі бағыттары екені бәрімізге мәлім.

Кейбір әріптестердің СТЖД балалармен түзету-педагогикалық жұмыста сөзжасам дағдыларын анықтау/дамытуда құзыреттілігі жеткіліксіз, ал келесілері сөзжасам дағдыларын дамытуға көңіл бөліп, түзету логопедиялық жұмысын жүргізгенімен, нақты әдіс-тәсілдер қазақ тілінде тапшы екеніне, көз жеткіздік.

Біз 1-блоктағы анықтаушы зерттеу барысында, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту әдістемелерінің қазақ тілінде тапшы екенін, сол себепті түзете-дамыту жұмысы да ақсап қалып жататынын байқап, сондықтан өзекті мәселе екенін анықтадық.

2.2.2 Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтау, зерттеу материалдарын талдау

Бұл бөлімде біз сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтау үшін екінші блокты қарастырамыз.

2-блок

Біз әдіснамалық негізге сүйеніп, анықтаушы эксперимент жұмысының жоспарын мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтап, олардың ерекшеліктері туралы толық түсінік, ақпарат алуға болатындай ыңғайлы етіп жасадық.

Сөзжасамдық дағдылар мен қабілеттердің даму тенденциясы туралы мәліметтер алу үшін тапсырмалардың барлық түрлері сөйлеу тілі жалпы дамымаған III-деңгейдегі балаларға ұсынылды. Сонымен бірге, біз анықтаушы бөлімде алынған мәліметтер қолданыстағы логопедиялық әдістемелер мен түзету жұмысын жақсарту әдіс тәсілдерін белгілеуге жақсы негіз болатындығын ескердік.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының қалыптасқан жағдайын тексеру бізге жаңа сөздерді саналы түрді қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған логопедиялық жұмысқа жаңа бөлімдерді қосу үшін қажет болды. Сөзжасам заңдылықтарын тәжірибелік деңгейде меңгеру, морфемаларды ажырату және жинақтау, олардың ортақ мағыналарын белгілеу өз кезегінде туынды сөздер есебінен сөздік қорын молайтуға, тілдің грамматикалық жүйесін игеруге қажетті жағдай болып табылады.

Сөзжасам біліктері мен дағдыларын эксперименталды зерттеу және оны практикалық түрде қолдану жеке педагогикалық эксперимент түрінде іске асырылды. Әр бала эксперимент жүргізушімен 3-тен 6-7 ретке дейін кездесті, ол әр түрлі себептерге тәуелді болды: баланың шаршағыштығы, экспериментте алынған тапсырмаларды орындауға деген мотивациясы, тапсырмаға зейінін шоғырландыруы, тапсырманы орындау жылдамдығы, әр тапсырмаға берілген нұсқауды түсіну сапасы.

Объективті себептерге байланысты баланың экспериментатормен кездесуі тапсырманы орындаудың дәл ортасында үзілген болса, қайта кездесуде оны орындау жөніндегі нұсқау балаға жаңадан ұсынылып, қойылған міндеттерді шешу шарттары есіне түсіріліп отырылды.

Эксперименталды тапсырмаларды орындау барысындағы баланың тәртібі мен сөйлеу әрекетіндегі ерекшеліктерді, баланың тапсырмаларды орындауының сипатын, кездесетін қиындықтарын немесе сәтті орындауын анықтауға мүмкіндік беретін, тапсырманың әр түрін орындауын белгілеуге арналған арнайы хаттамалар құрастырылып, толтырылып отырылды.

Екінші блоктағы тапсырмаларды орындау үшін зерттеудің мақсат пен міндеттеріне сәйкес, таза түріндегі СТЖД III-деңгейдегі 78 бала алынды.

Екінші блокта СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтауға арнап құрастырылған екі сериядан тұратын, әр серияда 5 сұрақтан құралған тапсырмалар ұсынылды (Толық нұсқасы А-қосымшасында берілген).

Бұл блоктағы тапсырмалардың міндеттері:

- жасалған сөздегі сөзжасаушы морфемаларды түйсінуі мен ажырату мүмкіндіктерін зерттеу;

- сөйлеу тілі жалпы дамымаған III-деңгейдегі мектеп жасына дейінгі балалардың туынды сөздің мағынасын түсіну мүмкіндігі мен семантикасын түсіндіру ерекшеліктерін анықтау;


- аталған категориядағы балалардың әртүрлі сөз таптарын (зат есім, сын есім, етістіктерді) жұрнақтар арқылы сөзжасам дағдыларын анықтап, ерекшелігін белгілеу.

Зерттеудің 2-блогындағы міндеттерді іске асыру үшін біз 11-суретте көрсетілген сөйлеу тілі жалпы дамымаған үшінші деңгейіндегі мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтауға арналған тексеру әдістемесін (тапсырмаларды) құрастырдық [231].

Тексеру әдістемесіне сөз тудырушы (өзі жалғанған сөзге жаңа лексикалық мағына тудыратын жұрнақ және сөз түрлендіруші (өзі жалғанған сөзге (түбірге) сәл де болса жаңа мағына үстейтін, бірақ негізгі лексикалық мағынаны өзгертпейтін жұрнақтар арқылы сөзжасам дағдыларын анықтауға тапсырмалар алынды. Суретте көріп отырғанымыздай, тапсырмалар екі сериядан, әр серияда 5 тапсырмадан құралған.

Анықтаушы эксперименттің бірінші және екінші серияларын құру барысында біз балалардың жас ерекшеліктеріне, сөйлеу тіл мүмкіндіктеріне, тапсырмаларды қалай түсінетініне, белсенді және енжар сөз қорының қалпын, қазақ тіліндегі жұрнақтардың күрделілігін ескеріп, назар аудардық. Осы мақсатта тапсырмалардың бірінші сериясында суреттер ұсынылды.

Анықтаушы эксперименттің бірінші сериясындағы тапсырмалар сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөздің морфемдік элементін табу және бағдарлау іс-әрекетінің қалыптасу деңгейін айқындауға бағытталып, түбірлес сөздер қатарын сәйкес суреттермен саналы түрде сәйкестеуге арналған тапсырмалардан құрастырылды: зат есімдер, дәлелдеу сипатындағы тапсырмаларда сын есім, етістіктер алынды. Грамматикалық категорияларға қатысты түбірлес сөздер белгілі бір кезектілікте берілді: вербалды тізбекте бірінші сөз – дәлелдеуші сөз болды, кейіннен одан туындаған сөздер жалғасты. Туынды сөздердің моделдері, олардың құрамында қазақ тілінде жиі кездесетін әрі өнімді аффикстерден құралды.



Сурет 11 – Екінші блоктағы тапсырмалар түрлері

Анықтауыш зерттеудің бірінші сериясы мынадай тапсырмалардан құралды: зат есімдердің сөзжасамдық аффикстерін танып, белгілеу (бір затты немесе іс-әрекеті бойынша атау, мамандығы, іс-әрекеті бойынша зат есім негізінен – *шы*жұрнағы арқылы құралған сөздер); затты белгілеу үшін, заттық мән білдіретін және кішірейтіп айту арқылы экспрессияны білдіру жұрнағы–*ша, -ше, -шік, -ғыш* жұрнақтары арқылы заттарды сидыратын заттарды атау. Тапсырмаларды біз әдістемелік талаптарға сай, төмендегідей етіп құрастырдық: тапсырманың мақсаты, балаға берілетін сөздік нұсқау.

Тапсырмалардың бірінші сериясының мақсаты: сөздің сөзжасамдық элементін бөлудегі бағдарлау іс-әрекетінің қалыптасу деңгейін анықтау.

Тапсырма 1.

Мақсаты: зат есімдердің сөзжасаушы жұрнақтарын бөлу дағдысын анықтау.

Нұсқау Осы сөздерден мамандық атауын білдіретін сөздерді құрастыр.

Мысалы: *-шы, -ші* жұрнақтарын қосып (қойшы, оқушы, сынақшы, етікші т.б.)

Тапсырма 2.

Мақсаты: Затты белгілеу үшін, заттарға кішірейткіш мән білдіретін жұрнақтарды бөлу (зат есімнен зат есім тудыратын *-ша, -ше, -шік*) дағдысын анықтау.

Нұсқау: Заттарды атаймын, көрсетемін, сен бастапқы қысқа сөзді ата. (Үйшік – үй, жастықша-жастық, кілемше-кілем).

Тапсырма 3.

Мақсаты: *-ғыш* жұрнағы арқылы заттарды сидыратын заттарды атауын дағдысын анықтау.

Нұсқау: Мен қойған сұраққа жауап бер. Нан салатын ыдысты қалай атаймыз? (нансалғыш, қант салғыш).

Тапсырма 4.

Мақсаты: зат есімнен етістік жасап, етістіктің жұрнағын бөлу дағдысын анықтау.

Зат есімнен туынды етістік тудыратын жұрнақтарды (*-да, -ма, -ме, -де, -та, -те, -ла, ле*) бөлу ұсынылады.

Нұсқау: Мен сөз айтамын да, сурет көрсетемін, сен мен айтқан сөзге сәйкес суретті көрсет те, ата.

Құрал-жабдықтар: Суреттер (шеге, тұз, балта, орман, дос).

Тапсырма 5.

Мақсаты: Реттік сан есімнің жұрнақтарын жалғап, жаңа сөз жасау дағдысын анықтау.

Нұсқау: Берілген санға сәйкес жұрнақты сәйкестеп, жаңа сөз жаса.

Мысал: Он-ыншы, бес-інші, алты-ншы, екі-нші.

Тапсырмалардың екінші сериясының мақсаты: балалардың бастапқы формасынан туынды сөздерді жасау және жаңа сөзді түсіну дағдыларын анықтау.

Екінші серия 5 тапсырмадан құралды, ол бастапқы сөзден туынды өнімді сөз жасау мүмкіндіктерін анықтауға бағытталды. Анығырақ айтқанда

сөзжасамның синтаксистік тәсілі бойынша. Бұл тапсырмалар көрнекіліксіз берілді. Бұл сериялар лексикалық материал балаларды жұрнақтар арқылы зат есімдер жасауға бағыттайтындай тапсырмалардан құрылды. Мысалы: туынды зат есім жасауға арналған тапсырма: «Сұрақтарға жауап бер: сабаққа баратын баланы кім дейміз?» т.с.с. Балалардың сын есімдерден кеш сөзжасайтынын ескеріп, балаларға суреттер ұсынып, туынды сөз жасауға тарттық.

Тапсырма 1.

Мақсаты: Сөз жасаушы жұрнақтарды дұрыс пайдаланып, зат есімнен сын есім жасап, түсіндіру дағдысын анықтау.

Нұсқау: Мына жұрнақтарды(-шең, -шек, -шік, -лық) дұрыс тауып, жаңа сөзді ата.

Мысал: інішек, балалық, күркешік, сөзшең.

Тапсырма 2.

Мақсаты: етістіктен етістік түбірлес сөзжасау дағдысын анықтау.

Нұсқау: «Ал, көр, іл» сөздеріне сөздерге *ба/бе, па/пе, ма/ме; ым/ім/м* жұрнақтарды қосып сөз жаса.

Мысал: *ба/бе, па/пе, ма/ме* жұрнақтары үшін: бас, жаз, көр, сына, тоқы, кес, бөл, кез; *ым/ім/м* жұрнақтары үшін: бөл, кешір, келіс, қыс, тоқта.

Бас+па, жаз+ба, көр+ме, сына+ма, тоқы+ма, кес+пе, бөл-ме, кез+бе;

Бөл+ім, кешір+ім, келіс+ім, қыс+ым, тоқта+м.

Тапсырма 3.

Мақсаты: Зат есімдерге жұрнақтарды жалғай отырып, туынды сөзжасап, түсіндіру дағдыларын анықтау.

Нұсқау: Ұсынылған сөздерге жұрнақтарды қосып, сөз жаса: (-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік).

Тапсырма 4.

Мақсаты: Зат есім жасайтын жұрнақтарды пайдалану дағдыларын анықтау

Нұсқау: (-ыл, -іл, -у) пайдаланып сөз жаса.

Тапсырма 5.

Мақсаты: зат есімнен сын есім жасап, мағынасын түсіндіру дағдысын анықтау.

Нұсқау: (-дай, -дей, -тай, -тей) жұрнақтарын пайдаланып жаңа сөз жаса.

Мысалы: аспан — аспан- дай — аспандай. (Тау, қыран, жаз, күн, бұлт, шың, құлыншақ).

Аталған екі сериядан құралған тапсырмаларды сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың орындауын талдайық.

Біз эксперименталды тапсырмаларды балалардың орындау нәтижелерін арнайы хаттамаларда белгілеп отырдық. Аталған хаттамалардағы мағлұматтар әр тапсырма бойынша балалардың әрекеттерін бағалаудың нақты критерийлері негізінде талданды. Сол критерийлердің сипаттамасында тоқталайық.

Балалардың сөзжасам мүмкіндіктерін зерттеу процесінде балалардың тапсырманы сәтті орындауының негізгі критерийі ол – орындаған әрекеттердің адекваттылығы факторы. Сонымен, бұл тапсырмаларды орындау барысындағы балалардың жауаптары адекватты және адекватсызға бөлдік. Адекватты деп,

балалардың дұрыс жауаптары есептелді, яғни, зерттеу жүргізуші қойған зерттеудің міндетіне толық сәйкес болған жауаптар. Адекватсыз деп, балалардың қате жауаптары, яғни эксперименталды міндеттерге сай емес жауаптары есептелді. Зерттеудің нәтижелерін статистикалық талдау бұл жерде дәстүрлі тәсіл бойынша есептелді, яғни әр жауап түрін пайыздық көрсеткіші белгіленді.

Адекватсыз болып есептелген балалардың жауаптарына өз кезегінде, сандық және сапалық талдау жасалынды. Сөзжасам процесінің түріне қарай, адекватсыз жауаптардың типтері белгіленді, олардың пайда болу себебі мен жолдары талданды, қате жауаптардың кездесетін жиілігі есепке алынды.

Балалардың түсіндіруші әрекетінің нәтижесін талдау кезінде қосымша бағалау критерийі ретінде балалардың өз ойын ашық айтып түсіндіру факторы қосымша алынды. Балалардың ашық айтып түсіндіруінің адекваттылығын және де, ашықтығы жағынан бағалау жағынан талдау қажеттілігі онтогенетикалық даму процесіндегі семантикалық түсіндіру дағдыларын меңгеру заңдылықтары туралы ғылыми түсініктермен белгіленді.

Балалардың әрекетін бағалау критерийлері негізінде эксперимент барысында алынған мағлұматтарды сандық-сапалық жағынан талдау нәтижелері диссертация жұмысының мәтінінде кесте мен гистограмма түрінде берілді. Осыған орай сөзжасам процесінің жағдайының параметрлері айқындалды.

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді талдаудың жоғарыда аталған тәсілдерінен басқа, статистикалық талдаудың тағы бір тәсілі қолданылды. Бұл тәсіл балалардың адекватты және адекватсыз жауаптарының өзара қатысын белгілеуге бағытталды. Сол қатысты белгілеген есептеу нәтижесі, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам процестерінің динамикалық критерийге сай қалыптасуының сапалық ерекшелігін айқындауға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, сандық критерийі 0 ден 1-ге дейін болса, балалардың тапсырма орындауындағы адекватты әрекеттерінің өсу динамикасы мүлдем жоқ екенін білдіреді, адекватсыз әрекеттер адекваттыдан үстем болғанын, немесе оған тең.

Сөзжасам дағдыларын тексеру бойынша анықтауыш зерттеу кезінде жинақтаған мағлұматтарды келесі жүйе бойынша талдадық. Балалардың берілген тапсырмадағы он сұраққа жауап беруін бағалағанда үш ұпайлық жүйені пайдаландық:

10 – 8 дұрыс жауапқа – 3 ұпай берілді

7 – 4 дұрыс жауапқа – 2 ұпай берілді

3 – 1 дұрыс жауапқа – 1 ұпай берілді

1 – 0 дұрыс жауапқа – 0 ұпай берілді

Сөз жасау дағдыларының деңгейін анықтау үшін төмендегі ұпайлық критерийге сүйеніп, төрт деңгейді белгіледік:

1. жоғары деңгей – 3 ұпай (10- 8 тапсырманы орындауы);

2. орташа деңгей – 2 ұпай (7 -4 тапсырманы орындауы);

3. төмен деңгей – 1 ұпай (3 –1 тапсырманы орындауы);

4. өте төмен деңгей – 0 ұпай (1-0 тапсырманы орындауы).

Сонымен қатар, тапсырмаларды мектеп жасына дейінгі балалар орындау барысында оны өз бетімен, бірден орындауы, дұрыс түсінуі, көмектің түрлерін пайдалануы ескерілді.

Біз сөйлеу тілі жалпы дамымаған III-деңгейдегі мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының даму ерекшеліктерін анықтау экспериментінде келесі көрсеткіштерді (критерийлерді) назарға алдық:

- түрлі жұрнақтарды қосып, туынды сөз жасау;
- ұсынылған сөздер қатарынан бастапқы сөзді дұрыс табу;
- ұсынылған туынды сөздің мағынасына сәйкес сөзжасамдық элементті ажырату;
- жасалған туынды сөздің мағынасын түсіну.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының деңгейін анықтау, аталған критерийлерге сүйене отырып 4 деңгейге бөлінді:

- жоғары;
- орташа;
- төмен;
- өте төмен.

Төрт деңгейге бөлген себебіміз, балалардың жасы бірдей болғанымен, сөйлеу мүмкіндіктері, орындау ерекшеліктері әрқалай болды.

Жоғары деңгейге - тапсырманы дұрыс түсініп, бірден, өз бетімен, тек ынталандырушы, эмоционалды көмекті қажет еткен, нәтижесінде 3 ұпай алған балалар жатқызылды;

- *орташа деңгейге* – тапсырманы орындағанда ойланып, кідіріп жауап берген, бағыттаушы көмекті қажет еткен, кейбір тапсырмаларды толық орындамаған, нәтижесінде 2 ұпай алған балалар жатқызылды;

- *төмен деңгейге* – тапсырманы орындағанда көп уақытты қажет еткен, педагогтың бағыттаушы, ұйымдастырылған сұрақ-көмегін қажет етіп, жауап берген, нәтижесінде 1 ұпай алған балалар жатқызылды;

- *өте төмен деңгейге* - тапсырманы орындағанда, ойлануға көп уақыт берілсе де, оқыту экспериментінің элементтерін қолданғанда да, орындай алмаған немесе бас тартқан балалар жатқызылды.

Тапсырмаларды орындауларын әрбір серия бойынша бөліп кестеде көрсеттік. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын анықтау бойынша бірінші сериядағы тапсырмалар арқылы тексеру нәтижелері берілген (кесте 9). Бұл сериядағы бес тапсырманы сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың орындауын төрт деңгей бойынша көрсеттік. Кестеде көрсетілгендей СТЖД балалардың сөздің сөзжасамдық элементін бөлудегі бағдарлау іс-әрекетінің қалыптасу деңгейін анықтауда, зат есімдердің сөзжасаушы жұрнақтарын бөлуін анықтадық. Бұл жерде бірінші тапсырмада берілген сөздерден, мамандықты білдіретін сөздерді жасауы бойынша СТЖД балалардың 6 % – жоғары деңгейде орындады. СТЖД балалардың 16 % – тапсырманы толық орындамағандар, яғни орташа деңгейдегілер. СТЖД балалардың 56 % – төмен деңгейдегі топқа кірді, ал өте төмен деңгейде орындағандар СТЖД балалардың 22% құрады.

Кесте 9 - СТЖД балалардың сөздің сөзжасамдық элементті ажырату іс-әрекетінің қалыптасу деңгейін анықтау (%)

Қағысқан топ	1 тапсырма				2 тапсырма				3 тапсырма				4 тапсырма				5 тапсырма			
	жоғары	орташа	төмен	өте төмен	жоғары	орташа	төмен	өте төмен	жоғары	орташа	төмен	өте төмен	жоғары	орташа	төмен	өте төмен	жоғары	орташа	төмен	өте төмен
СТЖД III-д	6	1 6	5 6	2 2	4	1 4	5 8	2 4	8	2 4	4 4	2 4	1 0	2 2	4 0	2 8	6	2 8	5 6	1 0


Ұсынылған тапсырмаларды қате орындауын балалардың сөздердің сөзжасамдық элементтерін табуда қиналып, жасалған жаңа сөздің мағынасын түсіндіруде, ұсынылған сөздер қатарынан бастапқы сөзді дұрыс табуда қиналып, сынақ және қате әдісі бойынша дұрыс суретті көрсетуге тырысты, оның салдарынан таңдауының тұрақсыздығы байқалып, шешімдері өзгеріп тұрды.

Екінші тапсырмада затты белгілеу үшін, кіші заттық мән білдіретін жұрнақтарды бөлу (зат есімнен зат есім тудыратын *-ша, -ше, -шік*) дағдысын анықтау бойынша кестеде көріп тұрғанымыздай: үйшік, жастықша, кілемше сөздерін жасауда жоғары деңгейде – 4%, орташа – 14%, төмен – 58%, өте төмен – 24%-ды құрады. Балалар *көрпеше, жастықша* сөздерін дұрыс жасағанымен, осы сөздер қатарынан бастапқы сөзді дұрыс табу, жасалған туынды сөздің мағынасына сәйкес сөзжасамдық элементті ажыратуда, оның мағынасын түсіндіруде қателіктер жіберді. Кейбіреулері «*Таяқша ол таяқ*», «*Көлішік ол көлішік қой*» деп жауап берді.

Үшінші *-ғыш* жұрнағы арқылы заттарды сидыратын заттарды атау дағдысын анықтау тапсырмасын орындауын кестеден көріп тұрғандай, жоғары деңгейде – 8%, орташа – 24%, төмен – 44%, өте төмен – 24% көрсеткіштерге ие болды.

Төртінші тапсырма етістіктердің жұрнағын бөлу дағдысын анықтауға арналған еді, туынды етістіктін ішінен суретке сәйкесін таңдау тапсырмасын орындау барысында балалар жоғары деңгейде – 10%, орташа – 22%, төмен – 40%, өте төмен – 28%-ды көрсетті.

Бесінші тапсырманы орындауда балалар мынандай пайызды көрсетті: жоғары деңгейде – 6%, орташа – 28%, төмен – 56%, өте төмен – 10% көрсеткіштерге ие болды. Оған сәйкес гистограмма құрастырдық (сурет 12).



Сурет 12– СТЖД балалардың сөздің сөзжасамдық элементін ажырату іс-әрекетінің қалыптасу деңгейі

Бірінші серияның бірінші тапсырмасында - *ші*, -*шы* жұрнақтары арқылы мамандықтың атауын құрастыру болатын (етікші, оқытушы, жұмысшы, биші т.с.с). Бұл тапсырмада балалардың ұсынылған туынды сөздің мағынасына сәйкес сөзжасамдық элементті ажырата алуын анықтадық. СТЖД балалар бірінші тапсырма бойынша етікші сөзін етік тігетін адам, етік тігетін ағай, жұмысшыны – «жұмыс аға», «жұмыс істейтін аға», бишіні – «билеуші», «билеуші қыз», «бикеши», тігіншіні – «тігіндер», «тігуші», есепшіні – «есептер», «есептеуші», құрылысшыны – «үй салғышы», жүргізушіні – «водителль», «аға», «таксис», оқытушыны – «оқыту апай», «оқыту сабақ», «мұғалім», «апай», «ұстаз», «сабақ тәрбиеші», «тәрбиеші», тіпті «сабақ» деген сияқты жауаптар берді. Орташа деңгейде орындаған балалар сұрақ қойған кезде сатушы, тәрбиеші деп жауап берді. Сиыр сауатын адамды кім дейміз? (сауыншы) деген сұраққа: «сиыршы», «саушы», «сауушы»; Мал бағатын адамды кім дейміз? (малшы) деген сұраққа: «малғашы», «мал бағушы», «ата бағады», «аға бағат»; Үй салатын адамды кім дейміз? (құрылысшы) деген сұраққа: «үй салғышы», «үйші»; Терезеге әйнек салатын адамды кім дейміз? (әйнекші) деген сұраққа: «әйнек салғыншы»; Сабаққа баратын баланы кім дейміз? (оқушы) деген сұраққа: «сабақшы», «бала», – деп жауап берді. Мұндай қателерді жіберу себебі, мұндай сөздерді күнделікті өмірінде бала көп қолданбайды, әрі сөзжасам жасауда қойылған сұрау сөзінің негізін алып, өзгерте салады. Атап айтқанда: сиыр сауатын адамды кім дейміз? сұрағынан: сиыр бағатын сөздерін алып «сиыр бағушы» деп, сабаққа баратын баланы кім дейміз? (оқушы) сұрағынан: сабақ сөзін негізге алып - *шы* жұрнағын қосып сөз жасап отыр: «сабақшы».

Мамандықтарды немесе кәсіп иесін білдіретін сөздерді жасауда балалар көмекті қажет етіп, тек содан соң ғана дұрыс жауап берді.

Сөзжасам дағдыларын тексеру мақсатында – *ші*, -*шы* жұрнақтарын қолдануға арналған тапсырмаларды Айша М. толық дұрыс орындай алды, Айсұлтан Ш. мен Алижан Қ. түсіндіріп, мысал келтірілгеннен кейін барып қолдана бастады. Балалардың бұл тапсырманы басым көпшілігінің дұрыс орындамауы күнделікті өмірде бұл сөздерді қолданбайды, яғни көбіне орыс

тілінде айтады немесе басқа сөздермен алмастыратын болғандықтан деп ойлаймыз.

Екінші тапсырма бойынша, *-ша, -ше, -шік* жұрнақтарын қолданып, затты белгілеу үшін, заттық мән білдіретін жұрнақтарды бөлу дағдысын анықтау болатын. Осы тапсырма бойынша СТЖД балалардың 4 % – дұрыс жауап берген.

Орташа деңгейге СТЖД балалардың 14 % кірді. Мұнда СТЖД балалардың көбі «*-шік*» жұрнағын пайдаланғанда ең көп қатені жіберді (үй- кішкентай үй, көл- кішкентай көл). Тапсырманы орындаған кезде төмен деңгейде орындаған балалар көмекті қажет етті, бірнеше рет: Менде үлкен көрпе бар, ал сенде кіші не бар? Көрпе кішкентай болса, қалай айтамыз? Суреттерден үлкен және кішкентай *көрпе- көрпешені* көрсеткенде айтты. Балаларға туынды сөз бен бастапқы сөздің мағынасын түйсінуге де әрекеттер жасалды. Сондай ақ, кейбір балалар аталған көмек бола тұра, дұрыс жауап бере алмады немесе: Менде кішкентай көрпеше бар, ал сенде үлкен не бар? – дегенде, «үлкен көрпеше бар» - деп жауап берді. Балаларға көмек ретінде нұсқаушы сұрақтар қойып, ынталандыруға тырыстық, мысалы «Сен күнделікті өмірде мына сөздердің қайсысын естідің: «інішек», «ініше», «ініша»? Осы сөздердің қайсысы үйлесімді деп ойлайсың? Балалар осы тапсырма бойынша қойылған сұрақтан кейін шеше сөзіне *-ша* жұрнағын қосып, «*шешеша*», «*шешешы*» деп жауап берді. Сонымен бірге жазушы сөзін «*жазуша*», інішек сөзін «*ініша*», «*інім*», күркешік сөзінің орнына «*күркеша*», «*күркеке*», күртеше сөзін «*күртеша*» деп өзгертіп жауап берді. Мұнын себебі балалардың бұл сөздерді түсінбеуі, күнделікті өмірде қолданбауы себеп болып отыр. Сонымен қоса күрте сөзіне – *ша* жұрнағын қосып, *күртеша* деп атады. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда морфеманы таңдауы шектелген.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда алдында берілген тапсырмадағы сөзжасам тәсілі әсер етеді, яғни балада «тоқтап қалу» байқалады. Мысалы *көлішік* дегеннің орнына балалар «*көліше*» деп алдындағы тәсілде қолданған *-ше* жұрнағын қосып туынды сөз жасап тұр. Сөзжасам әдістерін қолдану дағдысын анықтауда балалар тапсырманы бірден дұрыс орындамады. Қапшаның орнына *қапшы*, кітапшаның орнына *кітапшы*, *кішкентай кітап* деген жауаптар берді. Яғни бұл жоғарыдағы тапсырмалардағыдай: етікші, сиыршы сөздерін жасағандай – *шы* жұрнағын қосып – *кітапшы*, *қапшы* сөздерін туындатып отыр. Туынды сөз жасау үшін балалар жиі қолданатын жұрнақтарды қосады. Төмен топқа СТЖД балалардың 58% кірді; өте төмен деңгейде орындағандар СТЖД балалардың 24%. Төмен деңгейде орындаған СТЖД балалардың біреуі мынандай жауап берді: *қобди- төбелек, қобдик, қап- мешок, қалақ- совок* деген сияқты жауаптар берді. Балалар жұрнақтар арқылы бастапқы сөзден туынды сөз жасап, кейін екеуін ажырата алмай жатты. Біздің тарапымыздан «кішкентай болса қалай атаймыз?» деген сөздік нұсқау балаға едәуір көмек берді. Балалар біздің осы көмекші нұсқауымызға бағдарлап, дұрыс орындауға тырысты. Бұл өз кезегінде, балалардың сөздерді морфемдік талдау мен семантикалық қатынастарды орнату процесін қиындататынын көрсетеді.

Дискретті белгі ретінде морфемада бағдарлаудың болмауы дамудың жақын аймағы аясында бұл міндеттің өзекті еместігімен түсіндіруге болады, себебі бұл балаларға дайын сөздерді жинақтап, оларлы қарапайым сөйлеу тілінде қоллану міндеті маңыздырақ деп ойлауға негіз бар. Сөзді тіл белгісі ретінде, яғни сөздің лексикалық мағынасы ретінде қабылдап, бала біртіндеп әртүрлі тәртіптегі қатынастарды игереді.

Мұның себебі, күнделікті өмірде бұл сөздерді қолданбауы, сөзжасам дағдылары дамымаған және орыс тілінде сөйлесуі деп тұжырымдадық.

Сөзжасам дағдыларын зерттеу мақсатында белгілі аффикстерді дұрыс қолдануына көңіл аудардық. Яғни, үшінші тапсырма бойынша *-ғыш* жұрнағы арқылы заттарды сидыратын заттарды атауын дағдысын анықтауда (*нансалғыш, қантсалғыш*) СТЖД балалардың 8% – дұрыс жауап берді. Орташа деңгейді – СТЖД балалардың 24 % құрады. Төмен деңгейде орындағандар – СТЖД балалардың 44% , ал өте төмен деңгейде орындағандар –24% ие болды.

Төртінші тапсырма бойынша, зат есімнен етістік жасап, етістіктің жұрнағын бөлу дағдысын анықтауда СТЖД балалардың 10% жоғары деңгейде; орташа деңгейде орындағандар СТЖД балалардың 22% құрады. Төмен деңгейде СТЖД балалардың 40%, өте төмен деңгейді көрсеткендер – СТЖД балалар 28%. Сөздерді жұрнақсыз айтуды қажет еткен тапсырманы балалардың кейбіреулері бірден түсіне қоймады.

Бесінші тапсырма бойынша, яғни реттік сан есімнің жұрнақтарын жалғап, жаңа сөз жасауын тексеруде балаларға берілген санға сәйкес жұрнақты (*-ншы, -інші, -ншы, -нші*) сәйкестеп, жаңа сөз жасауы ұсынылды. Мысал ретінде алатын болсақ, дұрыс нұсқада *он-оныншы, бес-бесінші, алты-алтыншы, екі-екінші* деген жауаптар болуы керек еді. Бұл тапсырма бойынша СТЖД балалардың 6% – жоғары деңгейді құрады; орташа деңгейдің көрсеткішіне СТЖД балалардың 28% ие болды. Төмен деңгейдің көрсеткіші бойынша СТЖД балалардың 56%; тапсырманы өте төмен деңгейде орындағандар – СТЖД балалардың 10% құрады.

Балалардың сөздің бастапқы формасынан туынды сөздерді жасау дағдыларын екінші серия бойынша айқындау нәтижелері берілген (кесте 10).

Кесте 10 - СТЖД балалардың балалардың түрлі жұрнақтарды қосып, туынды сөздерді жасау дағдыларын анықтау (%)

Тапсырмалар	1 тапсырма				2 тапсырма				3 тапсырма				4 тапсырма				5 тапсырма			
	жоғары	орташа	төмен	өте төмен	жоғары	орташа	төмен	өте төмен	жоғары	орташа	төмен	өте төмен	жоғары	орташа	төмен	өте төмен	жоғары	орташа	төмен	өте төмен
СТЖД	4	14	64	18	6	16	50	28	4	12	54	30	8	18	48	26	2	40	28	30

Балалардың сөздің бастапқы формасынан түрлі жұрнақтарды қосып, туынды сөздерді жасау дағдыларын анықтау барысында, СТЖД балалардың 5 тапсырманы орындаулары мынандай сандық көрсеткіштерге ие болды.


Бірінші тапсырманы жоғары деңгейде орындағандар – 4%, орташа дейгейде –14%, төмен –64%, өте төмен деңгейде –18% құрады.

Екінші тапсырма түбірлес сөзжасам дағдысын анықтау дағдыларын тексеруге арналған тапсырманы жоғары деңгейде орындағандар – 6%, орташа дейгейде – 16%, төмен – 50%, өте төмен деңгейде орындағандар –28% болды.

Үшінші тапсырма зат есімдерге жұрнақтарды жалғай отырып, туынды сөзжасау дағдыларын анықтауға арналған болды. Оны орындаулары мынандай көрсеткіштерді белгіледі: жоғары деңгейде орындағандар – 4%, орташа дейгейде –12%, төмен –54%, өте төмен деңгейде –30%.

Төртінші тапсырма сөздерден зат есім жасайтын (-ыл, -іл, -у) жұрнақтарды пайдалануын анықтау мақсатын көздеген еді. Оны орындаулары мынандай көрсеткіштерге ие болды: жоғары деңгейде орындағандар – 8%, орташа дейгейде – 18%, төмен – 48%, өте төмен деңгейде –26%.

Бесінші тапсырма зат есімнен (-дай,-дей, -тай, -тей) жұрнақтарымен сын есім жасау дағдысын анықтауға арналған болатын. Оны орындауда балалар келесідей пайыздық көрсеткіштерге ие болды: жоғары деңгейде орындағандар – 2%, орташа дейгейде – 40%, төмен – 28%, өте төмен деңгейде – 30%.



Сурет 13 – СТЖД балалардың түрлі жұрнақтарды қосып, туынды сөздерді жасау дағдыларын анықтау (%)

Екінші серияның бірінші тапсырмасында сөз жасаушы жұрнақтарды дұрыс пайдаланып, зат есімнен сын есім жасау дағдысы анықталды. Балалардан – *лі*, -*лы*, -*ды*, -*ді*, -*ті*, -*ты* жұрнақтарын қосып жаңа сөздерді жасауы сұралды. Олар *өнерлі*, *таулы*, *тасты*, *көрнекті*, *орманды*, *көлді* деп жасаулары керек еді.

Алайда, бұл тапсырманы СТЖД балалардың 4 % ғана – жоғары деңгейде орындады. Тиісті жұрнақтарын дұрыс тауып, жаңа сөзді жасауда қиналды, олардың 14% тапсырманы – орташа деңгейде орындады. Орташа деңгейде орындағандар, тиесілі жұрнақты орынды қолдана алмай, *көлды, тауты, орманлы, көрнекты* деген жауаптар берді.

СТЖД балалардың 64 % – төмен деңгейде, өте төмен деңгейде орындағандар балалардың – 18% құрады. Тәрбиеленушілер тапсырманы бірден орындай алмады, олар көмекті қажет етті, біз көмекші-бағыттаушы сұрақ қойып отырдық. Мысалы: Мына сөз жұптарының қайсысы дұрыс деп ойлайсың, қайсысы дұрыс болып естіліп тұр: «*өнерлі – өнерлы*», «*тасты – тасті*», «*орманды – орманды*»? Осы сөздердің қайсысы үйлесімді деп ойлайсың? Балалар осы тапсырма бойынша қойылған сұрақтан кейін орман сөзіне *-ді* жұрнағын қосып, «*орманді*», «*көл*» сөзіне *-ды* жұрнағын қосып, «*көлды*» деп жауап берді. Сонымен бірге көрнекті сөзін «*көрнекты*», «*көлды*», «*тасты*» деп өзгертіп жауап бергендер де кездесті.

Екінші тапсырма түбірлес сөзжасам дағдысын анықтау болатын. СТЖД балалардың 6% тапсырманы жоғары деңгейде, дұрыс орындады. Бұл балалар *ал-у, ал-ғыш, көр-у, көр-гіш, ал-дыр, ал-ма, ал-ғыз* деген жауаптар берді. Орташа деңгейде СТЖД балалардың 16% орындады. Төмен деңгейде орындағандарды СТЖД балалардың 50% құрады. Олар ұсынылған тапсырманы орындауда мынандай жауаптар берді: *ал, көр* сөздеріне (*-у, -ғыш, -гіш, -ғыз, -гіз, -ым-, ім-, ма,-ме*) жұрнақтарын қосып, сөзжасауда қиналып «*алгіш*», «*көрма*», «*алме*», «*ілге*», «*ілгу*» сияқты жауаптар берді. Өте төмен деңгейде орындағандар – 28 % құрады. Бұл балалардың тапсырманы дұрыс түсінбегендігінен, сонымен қатар оларда сөзжасам дағдылары мен біліктерінің қалыптаспағандығы деп тұжырымдадық.

Екінші серияның үшінші тапсырмасы зат есімдерге жұрнақтарды жалғай отырып туынды (сын есімнен зат есім) сөзжасауын анықтауда балалар тапсырманы қиындықпен орындады. Жоғары деңгейге СТЖД балалардың 4 % дұрыс жауап берді, олар *жақсы-лық, батыр-лық* деп дұрыс жауап берді; орташа деңгейді СТЖД балалардың жауаптары 12% құрады, олардың көбісі берілген сөздерден туынды сөз жасай алды, бірақ батылдық сөзінің орнына *батырлық*, кейбіреулері *жақсыдық* деп жауап берді. Төмен деңгейде орындағандар 54% болып, басым пайызды құрады, өте төмен деңгейде орындағандар СТЖД балалардың 30 % болды. Бұндай төмен көрсеткішті СТЖД балалардың сөйлеу мүмкіндіктерінің төмендігімен, тапсырманың күрделілігімен түсіндіруге болады.

Бұл тапсырма бойынша да, көмекші-бағыттаушы сұрақтар көмегін ұсындық. Көмекші сұрақтар: Сен күнделікті өмірде мына сөздердің қайсысын естідің: *жақсылық, жақсылық, жақсыдық*? Кішіпейілдік сөзін балалардың арасынан «*кішіпейілда*», «*кішіпейік*», «*кішік*», биіктік- «*биіклік*», «*биіктеу*», «*биіктық*» деп жауап бергендер болды. Тапсырмалар күрделенген сайын орындауда балалар қиналды, жоғарыда аталғандай, мысалы үлгі берген немесе сұрақтар қою сияқты көрсетілген көмек түрлерін қабылдамағандар да болды.


Енді, екінші серияның төртінші тапсырмасы еліктеу арқылы сөздерден зат есім жасайтын (-ыл, -іл, -у жұрнақтарын пайдалануын анықтау кезінде көмек бергенде ғана, мысалы: Үш нұсқаудың қайсысы дұрыс? - деп сұрақ қойғанда жауап берді. Дегенмен тапсырма күрделенген сайын балалар оларды орындауда қиналды. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың 8 % ғана тапсырманы жоғары деңгейде орындады, олардың бірден дұрыс жауаптары *гүріл, ырыл, тарсыл* сөздері болды. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың орташа деңгейде орындағандары – 18% көрсетті. Төмен деңгейде орындаған СТЖД балалардың 48 % *гұрыл, ыру, тарс, дүміл* деген жауаптар берді. Ішінара балалар *гүріл, ыріл, тарсіл, шіңкіл* деген туынды сөздер жасауға тырысты, алайда мұндай жауаптары қате екенін, сонымен қоса, бұл балалар ең бірінші *-іл* жұрнағын ұқсатып барлық сөз бөліктеріне жалғап шыққандар. Тапсырманы өте төмен деңгейде СТЖД балалардың 26% орындады. Бұл балалар үшін тапсырма қиын болды, кейбіреуі бас тартып, орындауға шамалары келмеді. Бұл балалардың еліктеу арқылы сөздерден жаңа сөз жасайтын жұрнақтарын қолдану дағдыларының төмен деңгейде қалыптасқандығын көрсетіп отыр. *Гүріл* сөзін «*гүру*», «*гұрыл*», *гүрсіл* сөзін «*гурсу*» деп жасаған сияқты жауаптар берді.

Бесінші тапсырма бойынша, яғни зат есімдерден сын есім тудыратын жұрнақтарды - *дай, -дей, -тай, -тей* пайдаланып сөз жасау дағдыларын анықтауда балалардың көбі жауап беруге тырысты. Алайда ол жердегі көрсеткіштер де мәз емес: нақтырақ айтсақ, СТЖД балалардың 2% – жоғары деңгейдің көрсеткішін берді, олардың жауаптары дұрыс, мысалы: таудай, әжемдей, атамдай, асықтай. Орташа деңгейді сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың 40% – құрағандар ұсынылған кейбір сөздерден туынды сөз жасауларында қате кездесті, мысалы, қырандей, күндай, шыңдай, құлыншақтей. Төмен деңгейді СТЖД балалардың 28% көрсеткендер орташа деңгейге қарағанда сөзжасаулары нашарлау болды. Оларға үлгі ретінде көмек берілді. Өте төмен деңгейде орындаған сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың 30% болды, олардың зат есімнен сын есім жасаушы *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтарын қосуда жіберген қателері мынандай болды: әжемдей –*әжемдай*, атамдай-*атамдей* немесе тапсырманы түсінбей, үлгі ретіндегі көмек көрсетілгеннің өзінде қате жауап берді.

Туынды сөзжасау дағдыларын анықтау бойынша берілген бес тапсырманың ішінде балаларда зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақтарды пайдаланып сөзжасау дағдылары жақсырақ қалыптасқан десек болады.

Кесте 11 - СТЖД III-д. балалардың бастапқы формасынан туынды сөздерді жасау және жаңа сөзді түсіну дағдыларының қалпы (%)

Қатысқан топ	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	өте төмен деңгей
СТЖД III-д. балалар	12	18	44	26



Сурет 14 – СТЖД III-д. балалардың бастапқы формасынан туынды сөздерді жасау және жаңа сөзді түсіну дағдыларының қалпы (%)

Көріп тұрғанымыздай, мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың бастапқы формасынан туынды сөздерді жасау және жаңа сөзді түсіну дағдыларының қалпы бойынша көрсеткіштері берілген (кесте 11). Яғни, СТЖД балалардың 12 % -ында сөзжасам дағдылары жоғары деңгейде қалыптасқан. Орташа деңгейді СТЖД балалардың 18% -ды құрап отыр. Яғни тапсырманы толық және дұрыс орындамағандар. СТЖД балалардың 44%-ында сөзжасам дағдылары төмен деңгейде қалыптасқанын көрсетіп отыр, өте төмен деңгейде орындағандарды СТЖД балалардың – 26% -ы құрады. Жоғарыда берілген сөзжасам бойынша көрсеткіштерге көз жүгіртетін болсақ, СТЖД балаларда сөзжасам дағдылары төмен деңгейде қалыптасқан десек болады.

Бірінші және екінші серия бойынша құрастырылған екі кестедегі тапсырмалардың сандық пайыздарын әрбір деңгей бойынша қосып, арифметикалық ортақ санға бөлгенде, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларының жағдайы жөнінде мынандай көрсеткіштерді көріп, оны төмендегі кестеге салдық (кесте 12).

Тексеру кезінде алған мағлұматтарды талдау барысында балалардың сөзжасам дағдыларының бұзылыстары туралы қорытынды жасауға мүмкіндік туындады. Сөзжасам дағдысы бойынша көрсеткіштері сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың 5,8% жоғары деңгейді көрсетті.


Кесте 12 - Сөзжасам дағдыларының қалпы (1,2 серия бойынша) (%)

Қатысқан топ	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	өте төмен деңгей
СТЖД III-д. балалар	5,8	18,4	49,8	26

Тексеру кезінде алған мағлұматтарды талдау барысында балалардың сөзжасам дағдыларының бұзылыстары туралы қорытынды жасауға мүмкіндік туындады. Сөзжасам дағдысы бойынша көрсеткіштері сөйлеу тілі жалпы

дамымаған балалардың 5,8%-ы жоғары деңгейді көрсетті. Орташа деңгейде СТЖД балалардың 18,4% -ы құрады. Төмен деңгейде СТЖД балалардың 49,8%-ы көрсетсе, өте төмен деңгейде СТЖД балалардың 26% -ы құрады.

Балалардың сөзжасам дағдыларын қарастырып, әр серия бойынша талдау жасап нәтижесін жоғарыда көрсеттік. Енді СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларының жағдайын диаграммада белгілесек, ол мынандай көрініске ие болды: СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларының салыстырмалы көрсеткіштері гистограммада берілді (сурет 15).



Сурет 15 – СТЖД III-д. балалардың сөзжасам дағдыларының салыстырмалы көрсеткіштері

Балалар тапсырманы орындауда сөздің семантикасын ескермегінін белгілеуге болады. Яғни жұрнақтардың мәнін толық түсінбей, сөздерде дұрыс қолданбайды.

Осы екі серия бойынша ұсынылған тапсырмалардағы балаларға қиын болғаны түбірлес сөзжасау және зат есімдерге жұрнақтар жалғай отырып, туынды сөз жасау, ұсынылған сөздерге жұрнақтарды қосып, сөз жасау болды. Сонымен бірге – *ша*, *-ше*, *-шік* (1 серия бойынша, 2 тапсырма) жұрнақтары арқылы сөзжасам дағдысын анықтау кезінде үйде, күнделікті сөйлеу тілінде ондай сөздерді көп қолданбағандықтан тапсырманы балалардың көбі дұрыс орындамады. Сонымен қоса, *-ші*, *-шы* (1 серияның 3-ші тапсырмасы) жұрнақтарын пайдаланып мамандық, кәсіп иесін атауда балалар қате жіберді. Мысалы: етікшіні- «*етік тігетін адам*», «сауыншыны – «*саушы*», «*сауғыншы*» т.с.с. Мұнын себебі балалар бұл маман иелерін білмейді. Күнделікті өмірде көрмегендіктен, бұл сөздерді қолданбағандықтан деп ойлаймыз. Көбіне етікшіге аяқ киім жөндету үшін аналары өздері ғана барады, балаларын ертпейді, тағы сол сияқты себептері көп. Дегенмен, бұл тапсырма бойынша балалар біршама жақсы нәтиже көрсеткенімен, жалпы олар сөздерді морфема арқылы құрастыруға дайын емес.

Екінші серия бойынша тапсырмалар ауызша түрде берілгендіктен де, бірінші серияға қарағанда қиындау болды. Зерттеу барысында алынған мағлұматтарды талдай келе мектеп жасына дейінгі балалар зат есім, сын есімдерге жұрнақтарды жалғап, сөз жасау іскерліктерінің қалыптаспағандығына көз жеткіздік. Оның негізгі себебі балалар сөзге жұрнақтар жалғауды ұзақ меңгереді, шатастырады, басқа сөздермен алмастырады. Қателердің көптігі балалардың сөзжасам функцияларын тексеру барысында анықталды. Біздің ойымызша аталған топтағы балалардың сөзжасам қабілетінің төмен болуында. Сонымен бірге, тапсырманың мәнін толық түсінбеуі орын алды деген ойдамыз. Жоғарыда көрсетілген қателері бар балалармен жүргізілген іс – қағазды талдауда сөз құрастырушы, жасау аффикстері арқылы пайда болатын грамматикалық дағдыларының біршама сақталғанын көрсетті. Бірақ морфеманы түсінуінде қателер байқалды. Бұл балалардың импрессивті сөйлеу тілінде аз болуын дәлелдейді. Сөйтіп жүргізілген зерттеу негізінде біз сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөз құрастыруда, сөзжасауда әр түрлі қателерді байқап, ауызша сөйлеу тілінде сөз жасау жұрнақтарын дұрыс қолданбайтынын, берілген грамматикалық түрлердің қалыптаспағандығын белгіледік.

Бұл жағдайда бала негіздерге дыбысталу жағынан сәйкес аффиксті қолдана алмайды. Біздің ойымызша бұл қазақ балаларда ана тілінің морфологиялық жүйесінің дамымауын және тілдің ерекшелігін түйсінбеуін дәлелдейді.

Біздің ойымызша СТЖД кезінде бұндай құбылыс сөйлеу тілінің даму бұзылысының негізгі көріністерінің бірі.

Сонымен, СТЖД қазақ балалардың сөзжасам дағдылары ресейлік авторлардың зерттеуіне сәйкес, орыс тілінде оқытылатын балалар жіберген қателері тән болатынын біздің зерттеуіміз дәйекті түрде анықтады. Сонымен бірге, зерттеу нәтижелерін талдау барысында мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілі дамымаған үшінші деңгейдегі балалардың грамматикалық құрылымдағы қателері алуан түрлілігіне көз жеткіздік.

СТЖД балаларда сөзжасам кездейсоқ жағдай, сондықтан оны пайдалануда қателер жібереді. Заттың орнын, түр- түсін, тұлғасын, білдіретін сөздерді орнымен дұрыс қолдануды әр уақытта толық біле білмейтіндігі байқалады. СТЖД балаларда сөзжасамның алатын орны ерекше. Ол зат есімнің жекеше және көпше түрін, септік жалғауларын дұрыс қолдануға, яғни байланыстырып сөйлеу тілінің дамуына, сөздік қорының жағдайына өз әсерін тигізеді.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасамының ерекшеліктерін зерттеу нәтижесі келесі қорытынды жасауға негіз болды:

- СТЖД балаларда сөзжасам дағдылары өте кеш қалыптасады;

- СТЖД балалардың көпшілігінде: мамандықты білдіретін сөздер жасау, зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақтарды пайдалану және түсіну дағдыларының біршама қалыптасқандығы анықталды;

- зат есімнен кішірейткіш мән беретін жұрнақ арқылы зат есім тудыру, еліктеу арқылы сөзден зат есім жасайтын (-ыл, -іл, -у) жұрнақтарын пайдалану, түсіну дағдылары төмен деңгейде дамығаны байқалды;

- сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар үшін біршама қиындық тудыратыны *-шек, -ке, -шең, -шік* жұрнақтары арқылы күнделікті сөздігінде қолданбайтын сөздерді жасау; *ал, көр, іл* сөз негізіне жұрнақтар қосып, түбірлес сөз жасауы; зат есімдерден жұрнақтар арқылы туынды сөз жасау дағдыларының өте төмен деңгейде екені анықталды;

СТЖД балалар кейбір тапсырмаларды әр түрлі көмекті пайдаланып орындағанымен, жаңа сөздің мағынасын толық, саналы түрде түйсінбейтіні анықталды.

Зат есімдерден етістік тұлғаларын жасау дағдылары қалыптаспаған. *Шеге-шегеле, су-суар, суғар, тұз- тұзда*. Кішірейткіш мән беретін жұрнақтардың көмегімен жасалған зат есімдерді қолдану балалардың көпшілігінде қалыптаспаған: «Мен үлкен заттарды атаймын, ал сен оларды кішірейтіп айт: кітап – *кітапше*; кілем – *кілемша*, қап – *қапшиқ*, үй – *үйк*». Жинақтық сан есімдерді жасауы дамымаған: бір – біреу - *бір*, екі – екеу - *екі*, төрт– төртеу - *төрт*, бес– бесеу - *бесе*; қатыстық сын есімдердің жасалуы:суы жоқ жер – сусыз – *су жоқ*, үйі бар – үйлі – *үй бар*; қатыстық сын есімдердің жасалуы төмен:тоғайы көп жер – тоғайлы- *тоғай көп*, күші көп бала – күшті – *күш көп, мықты*.

Жоғарыда аталғаннан басқа да, ерекшеліктер атайтын болсақ: СТЖД балалардың әртүрлі сөйлеу әрекетінде, тіл белгісі ретіндегі сөзжасам морфемаларын меңгеруі төмен; анықталған жетіспеушіліктер сөзжасамның барлық үрдістерінің жасқа сай келмей, кешігіп қалыптасуында, сөз құрамындағы сөзжасам морфемаларын бөлу мен түйсінудегі қиындықтар, сөзді жасаумен жасалған сөздердің атауларын түсіндіруде қиналады; балалар сөзжасамның когнитивті-сөздік алғы шарттарының (сөзжасауға мотивацияның әлсіздігі, балалардың жаңа сөздердің негізіне (түбіріне) қарап бағдарлауы, сөзжасам моделі мен жұрнақты тандаудағы қиындықтар, жаңа сөздерді талдау тәсілдері мен ережелерін бұзу, сөзжасамдық құрылымға қарай сөзге семантикалық талдау жасау қабілетінің мүлдем жоқтығы) жетілмеуі.

Сөзжасамды зерттеу нәтижелерін талдағанда балалардың грамматикалық формаларды ажырату процесі семантика жоспарында арнайы ерекшеліктер анықталады, атап айтқанда:

- а) сөз негізін «теңестіру», сөз түбірін (негізін) бекіту;
- ә) семантика жоспарында және тілдік өңдеу жоспарында қарапайымды ғана қолдану;
- б) флексиялармен басқа морфемаларды біріктіру;
- в) жаңа сөзжасаушы өнімсіз морфемаларды өнімділерге алмастыру, нөлдік жалғауларды нөлдік емес жалғауларға алмастыру.

Балалардың кейбіреуінде сөзжасауының морфологиялық заңдылықтарын игерудегі ерекше белгілер:

- а) тілде бар морфемаларды қолдана отырып, кездейсоқ сөзжасамның басым болуы;
- ә) тілде жоқ морфемаларды қолдану;
- б) семантикалық жағынан алыс, осы мағынадағы морфемалардың түріне жатпайтын морфемалық өзгертулердің санының көптігі;

в) сөзжасам кезінде сөздердің байланысын қайта қарастыру механизмінің болмауы;

г) балалардың сөзжасамының генерализациясы әлсіз, яғни, тілдік бірліктері қызметінің заңдылықтары мен сөйлеу тілінің даму процесінде жалпылау ережелерін анықтау.

СТЖД балалар сөздің дыбыстық құрамында бағдарлауы нашар, олар сөздегі сөзжасамдық аффикстерді естіп қабылдап, ажырата алмайды. Сондықтан, балаларға суреттер ұсынылып, қайталап айтылып отырылды.

Біздің зерттеуіміз бойынша мектепке дейінгі жастағы СТЖД балалар үшін, зат есімдерден сөзжасау процесі қиын екенін көрсетті. Көптеген балалар импрессивті сөйлеу тілінде сөзжасамның ұсынылған формаларын дұрыс түсінеді және ажырата алды. Алайда, зат есімдердің кішірейткіш мән беретін жұрнақтарымен жасалған формаларын ажыратуда едәуір артта қалған мектеп жасына дейінгі балалар да болды.

Балаларда *-шік, -ше, -ша* жұрнақтары бар зат есімдерден сөз жасауы қиындық тудырды (көрпеше-көрпешік; үйшік-үйлер, таяқша-таяқтар).

СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардағы сөзжасам дағдыларын тексеру нәтижелерін талдау бойынша бірнеше қателіктер анықталды:

1) бір мағынадағы жұрнақтарды қате қолдануы, оның себебі қазақ тіліндегі жұрнақтар синонимдермен негізделген;

2) сөзжасамды сөзөзгертумен алмастыру (қате флексия қосу жиі кездесті) (көрпеше - көрпелер);

3) *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтарын қате қолдану

Балалардың жіберген қателерін талдап, олар қоршаған адамдарлық сөйлеу тілінен туынды сөздерді ала салатынын, алайда сөзжасам ережелерін сақтамай, естігенін бұрмаланған түрде қайталайтыны туралы айтуға болады. Бұл өз кезегінде аталған балалардың фонематикалық талдау мен жинақтау дағдыларының жетілмеуімен негізділеді.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың экспрессивті сөйлеу тілінде импрессивтіге қарағанда қателер көп болды, ол өз кезегінде екінші жағдайда кейбір сөзжасамдық бірліктердің қалыптасқанына қарамастан, айтылмайтынын көрсетеді.

СТЖД балалардың ойын немесе басқа іс-әрекет барысындағы сөйлеу белсенділігі төмендейді, себебі бұл жаста сыртқы сөйлеу тілі ішкі сөйлеу тіліне айналады. Бұл жастағы балалардың тілі грамматикалық жағынан күрделі және лексикалық жағынан жетілмегендіктен, досына бір нәрсені түсіндіру жағдайлары азаяды. Ойын кезіндегі өзбетінше сөйлеуі ретінде өтініштері мен тілектерін білдіре алмайды. Балалар ойын әрекеті барысында грамматикалық жағынан кедей, қарапайым тілді қолданады.

Сөйлемде синтаксистік қатынастар грамматикалық жағынан қате болады.

Жоғарыда айтылғанның бәрі, СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам үрдісінің тапшылығы жүйелі, терең сипатқа ие және баланың жасы есейе келе, әдеттегі арнайы коррекциялық тәрбиелеу мен оқыту әдістерінің әсерінен өз бетінше қалыптаспайтынын дәлелдейді.

Арнайы біз жүргізген зерттеу СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының қалыптасқан жағдайын тексеру жаңа сөздерді саналы түрді қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған логопедиялық жұмысқа жаңа бөлімдерді қосу үшін қажет болды. Сөзжасам заңдылықтарын тәжірибелік деңгейде меңгеру, морфемаларды ажырату және жинақтау, олардың ортақ мағыналарын белгілеу өз кезегінде туынды сөздер есебінен сөздік қорын молайтуға, тілдің грамматикалық жүйесін игеруге қажетті жағдай болып табылатыны мәлім.

Біз жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесінде, жаңа сөздердің семантикасын, сөзжасамның тәсілдері мен құралдарын меңгеру деңгейі төмен болу салдарынан СТЖД балалардың ауызша сөйлеу тілінің дамуы артта қалып, сөз қоры да аз болып, балабақша бағдарламасында қойылған білім, білік, дағдыларды меңгеруге кедергі болатынына көз жеткіздік.

Эксперимент қорытындысына сәйкес, мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың сөзжасамының ерекшеліктерін ескеріп, алдағы кезеңде сөзжасам дағдыларын дамыту әдістемелерін құрастырып, түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындайды.

Сонымен, біз сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін зерттеу жұмысын қарастырдық. Ең алдымен зерттелетін балаларға клиникалық, психологиялық-педагогикалық сипаттама берілді, эксперименталды зерттеу жұмысының әдістері, зерттеудің ұйымдастырылуы мен алынған материалдар негізінде нәтижелерді талдау жүргізілді.

Зерттеуде қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес әдістер қолданылды, атап айтқанда: балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктері жөніндегі шет елдік және отандық әдебиеттер көздерімен танысып, салыстыру әдісі, құжаттармен танысу әдісі, балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтау мақсатында логопедиялық тексеру әдісі, СТЖД балалардың сөзжасау білігінің деңгейін белгілеп, анықтауға мүмкіндік беретін констатациялық эксперимент әдісі.

Зерттеуде балаларға екі сериядан құралған, әр серияда бес тапсырмадан ұсынылды. Олар мынаны көздеді: жасалған сөздегі сөзжасаушы морфемаларды түйсінуі мен ажырату мүмкіндіктерін зерттеу; СТЖД III-деңгейдегі МЖДБ жасалған сөздің семантикасын түсіну мүмкіндігін анықтау, жасалған сөздің мағынасын түсіндіру ерекшеліктерін анықтау, аталған категориядағы балалардың зат есім, сын есім, етістіктерді жұрнақтар арқылы жасау мүмкіндіктерін анықтау, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам әрекетінің ерекшелігін белгілеу, сөзжасам процесін жеңілдететін жағдайларды анықтау.

СТЖД балалардың сөзжасам процестерін дамыту әдістемесін құру мақсатында қалыптастыру эксперименті әдісі логопедиялық жұмыстың тиімділігін дәлелдейтін анықтауыш және қалыптастыру эксперименттерін талдау әдісі қолданылады.

3 СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗЖАСАМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

3.1 Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту әдістемесі

Бұл тарауда сөзжасам қабілетін құрайтын, мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың сөзжасам туралы түсініктерін, білім, білік, дағдыларын дамыту жұмысының бағыттары ашылмақ.

Мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту тәжірибе жұмысының негізгі мақсаты – сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту. Алдағы тарауда көрсетілген тексеру қорытындыларына сай, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту үрдісін іс-жүзінде қолдануда аса маңызды, мынандай тұжырымдамалар жасалынды:

- сөзжасам дамуының ауызша сөйлеу тілінің әбден жетілуіндегі маңыздылығы туралы;

- сөзжасамның сөйлеу арқылы қарым-қатынастың дамуы мен сөйлеу қабілеттілігіне әсері туралы;

- сөйлеу тілінің онтогенезде дамуындағы сөзжасамның даму кезеңділіктері мен заңдылықтары туралы;

- мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың сөзжасам қабілетін құрайтын, сөзжасам туралы түсініктерін, білім, білік дағдыларының ерекшеліктері жөнінде;

- аталмыш тәрбиеленушілердің сөзжасам дағдыларының дамымауының ауызша сөйлеу тілінің жағдайына тигізетін әсері туралы;

- балабақшаларда оқыту тәрбиелеу үдерісінде қолданылатын бағдарламаларындағы сөзжасам аясында СТЖД балалардың білім алу қажеттіліктері туралы;

- ауызша сөйлеу тілінің дамымауын жоюдың маңызды құралы ретіндегі, сөзжасам дағдыларын дамыту қажеттілігі туралы.

Сонымен, жоғарыда айтылғанның бәрі, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөзжасам мүмкіндігін дамыту әдістемелерін құру мен коррекциялық жұмысқа еңгізу проблемасының өзектілігі мен маңыздылығын белгілейді.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалармен түзеу-педагогикалық жұмыс баланың тіліне, оның ішінде грамматикалық жағының бір бөлігі ретінде, сөзжасам дағдыларын дамытуға, оның тұлғасына, жетекші іс-әрекетті қалыпқа келтіру және жетілдіруді көздейді. Мұндай балалармен түзете-дамыту әрекетін логопед, тәрбиеші, психолог т.б түзеу процесіне қатысушы мамандар және ата-ана қатысымен аса тиімді іске асырылады.

СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға бағытталған педагогикалық іс-шаралар жүйесін қойылған мақсатқа жету үшін негізгі бағыт, жағдайлар, әдіс-тәсілдер түрінде көрсеткен дұрыс деп санаймыз.

Педагогикалық жүйе белгілі бір әлеуметтік жағдайдағы педагогикалық іс-әрекеттің барлық құрама бөлімдерін жалпылама сипаттайтын өзара байланысты компоненттер жиынтығы (Гершунский Б.С. [232,с. 1]) екенін еске ала отырып, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрдық.

В.А.Штофф айтуынша, «... модель зерттеу объектісін бейнелейтін немесе қайта шығаратын және оның зерттеуі осы объект туралы жаңа ақпарат беретіндей ауыстыруға қабілетті ақылға қонымды немесе елеулі түрде іске асатын жүйе болып табылады» дейді [233]. Жалпы нысанда модель зерттеу объектісінің кейбір қатынастары мен функцияларының элементтер жүйесі ретінде анықталады. И.П.Подласыйдың ғылыми модель жасау жөніндегі еңбектеріне сүйеніп, біз модельді зерттеу тақырыбы туралы жаңа ақпаратты алуға мүмкіндік беретін, зерттелетін тақырыпты дұрыс көрсететін және оны алмастыруға қабілетті психологиялық жүйе деп білеміз [234].

Біз сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құру кезінде, қойған мақсатқа жетуге бағытталған тұжырымдамалық қағидаларды негізге алдық: Л.С.Выготскийдің адамның тәртібі мен психикасын дамытудың мәдени-тарихи теориясы, «сензитивтік кезеңдер», «дамудың жақын аймағы», «дамыта оқыту» теориясы; А.Н. Леонтьевтің әрекет бала дамуының шарттары, құралы және даму көзі екендігі туралы ілімі; П.Я.Гальпериннің ойлау әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы, Н.Н.Поддьяковтың еңбектері, Л.А.Венгердің мектепке дейінгі кезеңде баланың интеллектуалды даму ерекшеліктері туралы еңбектері; А.В. Запорожецтің мектепке дейінгі балалық шақта бала дамуының теориясы; Д.Б.Элькониннің бала ойынының психологиясы және психикалық даму кезеңдері туралы теориялары негізге алынды.

СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың мақсаты олардың туынды сөздер арқылы сөздік қорының молаюын, байланыстырып сөйлеуін, грамматикалық жағының дамуын, жалпы тілінің дамуын көздейді. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін сөзжасам дағдыларын, тілін дамытуға, тіл арқылы қарым-қатынас жасауға тиімді психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалуы керек. Бұл аталғандар СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес, сөзжасам дағдыларының дамуына ықпал ететін арнайы педагогикалық кеңістік құру қажеттілігін көздейді. Ол арнайы құрылған заттық-дамыту ортасы аясындағы оқу-тәрбиелеу жағдайлар жүйесін қамтуы керек. Демек, дамыту сипатына педагогикалық жүйені ұйымдастыру ие болады. Заттық және оның мазмұнының материалдық жақтары да, педагогикалық жүйенің құрамдас біліктері арасындағы байланыстар жүйесі де ескерілгенде мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың педагогикалық жүйесін осылайша ұйымдастыру дамытушы сипатқа ие болады. В.П.Беспальконың пікірі бойынша «...кез келген дидактикалық процесс белгілі бір уақытта балалардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру сапасы бойынша белгілі мүмкіндіктерге ие», яғни кез

келген оқыту нәтижесін жоспарлауда, осы нәтижеге сәйкес болатын дидактикалық жүйе қажет [235].

Біздің зерттеуіміздің тақырыбына сәйкес, СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту мақсаты жаңа жүйені құру қажеттілігін туындатып, біз оны модель түрінде ұсындық.

Педагогикалық жүйені түйсініп, СТЖД балаларда сөзжасам дағдыларын дамыту процесінің моделі белгіленді:

- аталған моделді құруды белгілейтін теоретикалық ұстанымдар;
- дамытудың мазмұнды компоненті;
- ұсынылған моделдің қолдануды қамтамасыз ететін дидактикалық жағдайлар мен әдістемелік тәсілдер.

СТЖД балаларда сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құруға, анықтаушы эксперимент материалдарын талдау негіз болды. Анықтаушы эксперимент нәтижелері арнайы мектепке дейінгі жастағы СТЖД балалардың сөйлеу тілін, оның ішінде сөзжасам дағдыларын жетілдіру қажеттілігін туындатады. Осыған орай, мақсат, мазмұны бар арнайы жүйе ретінде іс-шараларды жүргізу көзделеді.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың бағыттары ретінде қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды атауға болады. Бұл іс-әрекет бағыттарының ұйымдастырылған кезектілігі оның бағдарламасын құрайды. Жағдайлар ретінде білім беру аясын атауға болады, онда саналы бағытты әрекет қалыптасады. Жағдайлар СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған педагогикалық іс-шаралар ретіндегі әртүрлі құралдар арқылы іске асырылады. Белгілі жағдайлар аясында құралдар әдістер мен тәсілдер арқылы қолданылады.

Біз құрастырған сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық -мазмұндық моделінде СТЖД балаларды мектепке дейінгі оқытудың қажеттіліктері, мақсаты, қағидалары, дидактикалық жағдайлар мен дамытуда қолданылатын әдістер мен тәсілдер, сөзжасам дағдыларын дамыту жұмысының мазмұны, логопедиялық жұмыстың кезеңдері, сөзжасам дағдыларын дамытудағы оқыту формалары, СТЖД сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған интербелсенді жаттықтырғыштың қызметтері (түзету, білімділік, тәрбиелік міндеттер көзделді), көрсеткіштері, интербелсенді жаттықтырғышты қолдану жұмысын алгоритмдеу қарастырылды. Түзету міндеттері СТЖД балалардың таным әрекеттерін (естіп есте сақтауын, есту зейінін, логикалық ойлауын) дамыту; білімділік міндеттері сөзжасам дағдыларын дамыту, сөздік қорын түбірлес сөздермен молайту, дыбыстық жағын, грамматикалық жағын дамыту; тәрбиелік міндеттерге логопедті тындауға, сөйлеммен және толық жауап беруге, табандылыққа тәрбиелеуді көздейді.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауындағы балалардың сөйлеу мүмкіндіктерінің сипатын ескере отырып, олардың таным әрекеті, эмоция-ерік аясының тұлғалық ерекшеліктерін ескеріп, СТЖД балалардың мектепке дейін оқытудың қажеттіліктері былайша қарастырылады:

- сөйлеу тілінің барлық құрама компоненттерін, сөйлеу құзыреттілігін дамыту;

- лексикалық-грамматикалық категорияларды меңгерудегі қиындықтар күрделі грамматикалық құрастырулар, лексикалық толықтырылуын, байланыстырып сөйлеуін дамытуға қажеттілік туындатады;

- талдау әрекеттерін (фонематикалық, тілдік талдау мен жинақтау, естіп қабылдауын) дамыту қажеттілігі;

- оқу материалын меңгеруде жеке және дифференциалды түрде ықпал ету қажеттілігі;

- баламен түзете-дамыту жұмысына белсенді қатыстыру мақсатында отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау қажеттілігі.

СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасамға дайындығын белгілейтін сөздік алғышарттарды дамытуға біз келесілерді жатқыздық:

- сөздік қорын молайту;

- туынды сөз атауларын өңдеу дағдыларын дамыту;

- туынды сөздердің мағынасын түсіндіру дағдыларын дамыту;

- ауызша сөйлеу тілінде сөзжасам дағдыларын қолдануды бекіту;

- мектепке дейінгі тәрбие-оқу бағдарламасын меңгеру барысында сөзжасау білімдері мен дағдыларын қолдануын дамыту.

Заттармен әрекет негізінде балалар заттық іс-әрекет дағдыларын игереді.

Қоршаған адамдармен қарым қатынасы және баланың сөздермен белсенді әрекеті сөздің дыбыстық құрамында бағдарлауының қалыптасуына әкеледі. Сөзде бағдарлаудың өзі екі кезең бойынша өтеді: танып білу, белгілерді айту үшін формаларды тандау, басқаларға ақпарат беру үшін нысандарды бөлу. Заттармен әрекеттер жасау негізімен бірге ерікті қимылдарды дамыту екі процесте жүреді: нысандарды спецификациялау, жағдайдан оларды бөліп алу және жағдай элементтеріне ат қою.

СТЖД балаларда сөзжасам дағдыларын дамыту процесінің моделінің негізіне, арнайы 4 қағида алынды.

Арнайы әдістемелік қағидалар:

1. Онтогенетикалық қағида. СТЖД балаларда сөзжасам процестері бұзылу себебі, оларда бұл процесс морфема деңгейінде өз бетімен дамымайды. Бұл қағида бұзылыстың механизмін білгілеп, сөзжасам процестерінің онтогенезде дамыуының заңдылықтарын ескеріп, эксперименталды анықталған ерекшеліктерін ескеріп, аталған операцияларды біртіндеп дамытудың ғылыми негізделген әдістемесін, тапсырмалар жүйесін құрастыруды көздейді.

2. Сөздердің сөзжасамдық құрылымын моделдеу тәсілдерін көрсететін көрнекі-графикалық белгілердің арнайы жүйесіне сүйену.

3. Сөздің семантикалық аясын кеңейту қағидасы. Логопедиялық жұмыста сөзжасам бұзылыстары сөздік қорымен тікелей байланыстылығын ескеру қажет. Сөзжасам дағдыларына үйрету алдында жаңадан пайда болған сөздердің мағынасын түсінуін дамыту керек.

4. Материалды журналдардың күрделілігіне қарай ұсыну. Қазақ тіліндегі журналдардың алуан түрін ескеріп, жеңілден күрделіге қарай материалды ұсынуды көздейді (Балаларға сөзжасам біліктеріне үйрету мен сөзжасам дағдыларын дамыту тапсырмаларын жеңілден күрделіге қарай ұсынуды ескеру).


5. Психикалық функцияларды кезең бойынша қалыптастыру қағидасы. Сөзжасам дағдыларының бұзылыстарын түзеу барысында логопедиялық жұмыстың белгілі кезеңдерін бөлу. Сөзжасам дағдыларын дамытуда алдымен көмекші құралдарға сүйеніп, кейін, сөзбен үйлестіріп, машықтандырып, одан соң, ойлау әрекетін ішкі жоспарға ауыстыру кезеңімен аяқтауды көздейді.

СТЖД балаларда сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі басқа да кез келген моделдер сияқты, көрсеткіштерге ие. Біз ол көрсеткіштерді былайша белгіледік: түрлі журналдарды қосып, туынды сөз жасау, ұсынылған сөздер қатарынан бастапқы сөзді дұрыс табу, ұсынылған туынды сөздің мағынасына сәйкес сөзжасамдық элементті ажырату, жасалған туынды сөздің мағынасын түсіну.

Жоғарыда баяндалғанның барлығы сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрама компоненттердің өзара байланыстылығы бар бірлік ретінде қарауға мүмкіндік береді. Олар өз кезегінде, СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларының дамуына, сөзжасам – сөздік қорды молайтудың маңызды көзі ретінде лексиканың молаюына, сөйлеу тілінің грамматикалық жағының жетілуіне өз үлесін қосады.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуда баланың сөйлеу тілінің дамуындағы жалпы тенденцияларға сүйену, оның практикалық әрекетімен немесе қатынас барысындағы көрнекі жағдайға байланысты сөйлеу тілінің басым болуы маңызды. Сөзжасам біліктері мен дағдыларын дамытуда баланың көрнекі түсініктері мен заттық-практикалық әрекеттеріне сүйеніп, эксперимент кезінде айқындалған сөзжасам операцияларын меңгерудегі қиындықтарды ескеру қажет. Сонымен қоса, баланың когнитивті дамуымен ана тілінің сөзжасамын меңгеру арасындағы тығыз байланысты ескеріп, сөзжасам біліктері мен дағдыларын меңгеру көлемі мен темпін біртіндеп көбейтуді ескерген жөн. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуда көрнекілікке сүйену (сюжетті, заттық суреттерді, әрекеттерді, жесттерді және арнайы белгілерді көріп қабылдау), үйретудің осы түріне тұрақты мотивация құру және оқыту барысында дұрыс сөйлеу үлгісінің болуы қажет.

Ұсынған оқу материалын меңгергенде балалар кездесетін қиындықтарды ескеріп, біздің алдымызда сөзжасам операцияларын меңгеру процесін жеңілдету мен балаларға жағымды көңіл-күй жағдайын туғызу міндеті тұрды.



Сурет 16 – СТЖД балаларда сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуда біз арнайы қағидалармен қатар жалпы қағидаларды да ескеруді жөн көрдік:

1. Сөзжасам түсінік, білім, біліктерін дәне практикалық дағдыларын дамытудағы кешенділік және жүйелілік.

2. Жаттығуларға арналған лексикалық материалдарды іріктеу кезінде бағыттылықты ескеру:

3. Сөздерді семантикалық жағынан және дыбыстық жағынан біртіндеп салыстыру.

4. Тілге қатысты әр түрлі міндеттерді (жаңа сөздердің мағынасын анықтау, туынды бір түбірлес сөздерді іріктеу, оларды қолдану аясын белгілеу) шешкен кезде сөзжасамдық талдау-жинақтау операцияларға сүйену.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту жұмысының алғашқы кезеңдерінде, әр сабақта сөзжасаушы бір ғана аффиксты қолданып сөзжасам моделін құруға үйретіп, әр сабақты жаңа сөзде сөз негізі - жеке толық сөз болуынан бастау, лексикалық материалды топтастыру: алдымен мағынасы бойынша (-шік, -ше жұрнақтары арқылы), кейін – кәсіп иелерін (-ші, -шы), одан ары қарай күрделі жұрнақтармен сөзжасау. Баланың белсенді сөйлеу тәжірибесінде бір түбірлі сөздерді қайталау, оларды әр түрлі мәтіндерде қолданып, сөзжасам әрекеттерінің алдында және кейін жасалатын жағдайдың сөйлеу тілін талдауды дамытудың бағыттылығын ескеру. Кейін балаларды сөзжасамға алынатын сөздердің жалпы және әр түрлі элементтерін практикалық түрде бөлуге үйрету, балалардың сөзжасам мүмкіндіктерін дамыту арқылы сөйлеу мүмкіндіктерін дамыту.

Аталған қағидалар оқыту әдістері – көп аспектілі және көп өлшемді педагогикалық құбылыс екенін ескеріп іске асырылды. Осыған сәйкес, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту процесінде әдіс – белгілі қағидалар бойынша түзете білім беру процесінің коррекциялық міндеттерін іске асыруға бағытталған, педагогпен баланың өзара ұйымдастырылған әрекеті болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту шаралары заттық-практикалық, көрнекі, ойын, сөздік және шығармашылық әдістеріне сүйенді. Осыған орай, біз әдістемеге ойын элементтерін енгізуді қажетті деп көрдік.

СТЖД балалармен жұмыс барысында төмендегідей заттық-практикалық әдістер мен тәсілдер қолданылды:

- ойын әдісі,
- көрнекілік әдісі.
- сөздік әдісі,
- шығармашылық әдісі.

Баланың ойлау және практикалық әрекеттерді көп қайталауы сияқты жаттығулар, сөздік, ойындар, еліктеп орындау, шығармашылық сипаттағы әр түрлі дидактикалық материалдармен бағытты әрекеттер, жаңа сөздердің

мағынасын түсінуін қалыптастыру арқылы оқыту барысында сөзжасам түсініктерін, білік пен дағдыларын қолдану үшін жағдай туғызу маңызды.

Ойын әдісі. Сөзжасам біліктері мен дағдыларын меңгеру процесінде ойын әрекетінің элементтерін қолдануды көздейді. Эксперименталды оқыту барысында мұндай тәсілдерді қолдану сөзжасам дағдыларын қолдануды талап ететін жағдайларды моделдеуге ықпал етті. Мектепке дейінгі жаста негізгі әрекет ойын болғандықтан және де балалар ойын барысында толыққанды қатынасқа түстіндігін ескеріп, біз ойынды қолдандық. Ойын әрекеті жан жақтылықты қамтыған, сондай-ақ, әртүрлі шығармашылық түрлерінің элементтерінен құралған, яғни сөздік, қимылды, музыкалық. Ойынға қызығушылық танытпайтын бала болмайды. Ал қызығушылық деген – балалардың білімге құштарлығын және ой-өрісін кеңейтуге ең маңызды. ынталандыру. Қызығушылықтар психикалық дамудың барлық жақтарымен тығыз байланысты, ал шығармашылық белсенділік іс-әрекетте жақсы қалыптасады. Ойын, баланың шығармашылық шешімін іске асыруға үйренетін орта болып табылады. Ойын балаға инициативті, еркін болуға, өз күші мен мүмкіндіктеріне сенімді болуына мүмкіндік береді [236].

Эксперименталды оқыту кезінде негізгілердің бірі болған *көрнекілік әдісі*.

Бұл әдісте - оқыту процесінде әрекеттерді, арнайы іріктелген заттық және сюжетті суреттерді, сызбалар мен белгілерді демонстрациялау және қазақ тілінің негізгі сөзжасамдық моделдеріне сәйкес келетін сөзжасам тендеулерін құру қолданылды. Олар сөзжасаушы сөздердің формасы, мәні, мазмұны туралы түсініктердің қалыптасу процесінде көрнекілік сүйеніш ретінде қолданылды. Балаларға заттық-практикалық моделдер, графикалық моделдер (сызбалар, сюжетті және заттық суреттер, белгілер, көрнекі-графикалық сөзжасамдық тендеулер) ұсынылды.

Сонымен, балалармен түзете-дамыту жұмысы барысында әрекеттер тілдік және нақты құбылыстарға деген танымдық қызығушылықтың қалыптасуының негізі болды. Олар, өз кезегінде, ана тілінің сөзжасамын меңгерудің қажетті когнитивті алғышарттары болып табылады.

Экспериментальды оқыту процесінде *сөздік әдістер* қолданылды: сөзжасамды қажет ететін сөйлеу жағдайын талдау мен оның құрылымына сүйену арқылы жасалған жаңа сөздің мағынасын кеңінен талдау; сөздердің жасалу заңдылықтары мен тәсілдерін түсіндіру, сұрақтар – оқытудың сөздік тәсілі ретінде (дәлелді қажет ететін репродуктивті; ой түйіндеуді қажет ететін ізденімпаздық; тікелей және көмек беретін); өзіндік сөйлеу тілінде жаңа сөздерді пайдалануға үйрету.

Шығармашылық әдістер балаларды белгілі және өнімді сөзжасаушы моделдер бойынша сөз жасауға итермелеуге, жаңа сөздерді шығармашылық жұмыстар (әңгімелеу, айтып беру) барысында қолдануға бағытталды. Бұл әдістер СТЖД балалардың сөз шығармашылығын дамытуға өз үлесін қосты. Ал, сөз шығармашылығы – ана тілінің сөзжасамын меңгеруде қажетті кезең болып табылып, лексикалық қорын молайтуға және белсендіруге, жаңа сөздерді байланыстырып сөйлеуінде қолдануға ықпалын тигізеді.

Аталған әдістер дамыта- оқыту процесінде іске асырылды. Оның мақсаттары:

1. СТЖД балаларда сөзжасамдық қабілеттілікті құрайтын: түсінік, білім, білік, дағдыларын дамыту;

2. Балалардың ауызша сөйлеу тілінің дамымауын жою және алдын алу.

Қойылған мақсаттарға жету үшін арнайы құрастырған моделін еңгізу ықпал етті.

Соның аясында логопедиялық жұмыстың мынандай кезеңдерін бөлдік:

1. Дайындық: мотивациялық лексиканың базалық сөздігі мен сөзжасамды меңгеруге деген когнитивті-сөздік алғышарттарды, грамматикалық жағы, семантикасы мен дыбысталуындағы айырмашылықты салыстыру дағдыларын дамыту;

2. Негізгі: сөйлеу тіліндегі әр түрлі сөз таптары материалында сөзжасам дағдыларын, туынды (жаңа) сөздердің семантикалық жағын түсіндіру дағдыларын дамыту.

3. Қорытынды: Сөзжасам біліктерін ауызша сөйлеу тілінде қолдану дағдыларын дамыту.

Осы әдістеме бойынша оқыту процесінде жалпы және жеке міндеттер шешілді.

Жалпы міндеттер:

1. Балаларды ең өнімді сөзжасамдық моделдер бойынша әр түрлі сөз таптарына қатысты сөздерді жасауға үйрету.

2. Жаңа сөздерді белсенді қолдану есесінен балалардың сөз арқылы жасалатын қарым-қатынас процесін жетілдіру.

3. Сөзжасам дағдыларын дамыту арқылы балалардың сөйлеу мүмкіндіктерін жетілдіру.

4. Сөзге қатысты әр түрлі міндеттерді шешуде, сөздің лексикалық мәні мен қолдану аясын анықтағанда, сөзжасамдық талдау мен жинақтауға сүйену білігін дамыту және бекіту.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған жұмыстың кезеңдерінің әрқайсысында, оқыту кезеңінің нақты мазмұнымен байланысты, жеке міндеттер шешілді.

СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту бойынша логопедиялық жұмыстың жеке міндеттері мен мазмұнын қарастырайық.

Жоғарыда аталған қағидаларды ескеріп, біз сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту жұмысының мазмұнын үш кезеңге бөлдік: дайындық кезеңі, негізгі кезең, қорытынды кезең [237].

Әрбір кезеңде жұмыс сатылар бойынша жүргізілді. Әр кезеңде бес сатыдан құралған жұмыс мазмұны болды.

І-ші кезең - Дайындық кезеңі

Осы кезеңнің негізгі мазмұны төмендегідей міндеттерде көрсетілген:

- балаларда мотивациялық лексиканың базалық сөздігі мен сөзжасамды меңгеруге деген когнитивті-сөздік алғы шарттарды дамыту;

- жаңа сөздерді әр түрлі грамматикалық категорияларда қолдануға үйрету;

- түбірлес сөздерді олардың семантикасы мен буын шекарасының ұзақтығын ескеріп салыстыру дағдыларын дамыту;
- түбірлес сөздердің дыбысталуындағы жалпы және әр түрлі компоненттерін жұптарды салыстыру арқылы белгілеуге үйрету;
- жаңа сөздің жеке бөлімдерінің байланысы жөнінде практикалық түсініктерін дамыту.

Қойылған міндеттерді шешу үшін сөйлеу тілінің қалыпты даму процесіндегі сөзжасамды меңгеру заңдылықтарын ескеріп лексикалық материал іріктелді. Осыған орай, бірінші кезеңде белгіленген түзете-дамыту жұмысы біртіндеп, келесі сатылар бойынша іске асырылды.

1-ші саты

Сөйлеу тілінде алғашқы бөлшектенетін сөздерді қолдану мен сөзжасаудың практикалық дағдыларын бекіту және мағынасын анықтау:

Сөз тудырушы жұрнақтар арқылы зат есімдерді жасау: *үй-шік, көрпе-ше* т.б.

2-ші саты

Өзіндік сөйлеу тілінде өткен сатыда үйретілген сөз тудырушы жұрнақтар көмегімен зат есімдерді қолдану дағдыларын бекіту.

Келесі қағидаларға сай зат есімдердің мағынасын анықтау және қолдану дағдыларын бекіту:

1) сөз тудырушы жұрнақтармен: *таяқ-ша, күрте-ше*.

2) әрекеті бойынша жұрнақ қосып затты атауын атау: *қант салғыш, су құйғыш* т.б.

3-ші саты

Жасаушы негіздермен айтылған өзіндік сөздерді туынды зат есімдермен салыстыру (көрпе-көрпеше т.б.). Үйретілген сөздер формаларын өзіндік сөйлеу тілінде қолдану біліктерін бекіту.

4-ші саты

Жұрнақтар қосу арқылы сапалы сын есімдерді жасаудың практикалық тәсілдеріне үйрету (қып-қызыл, аппақ, жап-жасыл).

5-ші саты

Сөйлеу тілінде жұрнақ арқылы әр түрлі грамматикалық формаларда сөздер жасаудың практикалық дағдыларын кеңейту және белсендіру. Заттардың атауларын түсіну және қолдану дағдыларын бекіту: мамандығы немесе әрекеті бойынша (оқытушы, бақташы, сатушы).

II кезең –Негізгі кезең

Сөйлеу тіліндегі әр түрлі сөз таптары материалында сөзжасам дағдыларын, туынды (жаңа) сөздердің семантикалық жағын түсіндіру дағдыларын дамыту.

Логопедиялық жұмыстың бұл кезеңінде төмендегідей міндеттер шешілді:

- сөзжасау біліктерін жаңа лексикалық материалға көшіру дағдыларын қалыптастыру;
- аналогиялық, кейін – корреляциялық тәсіл бойынша сөзжасау дағдыларын бекіту;
- жасалған жаңа сөзге қатысты жағдайды (ситуацияны) талдауға үйрету;

- сөйлеу тілін талдау және көрнекі-графикалық белгі негізінде әр түрлі сөзжасаушы морфемалардың жаңа сөз белгілейтін сипаттамалармен байланысы туралы практикалық түсініктерін дамыту;

- ұзақ уақыт есте сақтауында сөзжасам ұяларының жүйесін қалыптастыру. Қойылған міндеттерді шешу оқытудың келесі сатыларында іске асырылды:

1-ші саты

Өзіндік сөздермен жасалған сөздерді жасалатын сөздермен салыстыру дағдыларын бекіту. Салыстырып талдау критерийлері: сөздердің мазмұндық аспектісі және дыбыстық-буындық контурының ұзақтығы. Мұндай салыстыру барысында ұзындығы әр түрлі қағаз жолақшалары көрнекілік - материалды тіректер ретінде қолданылды.

Заттың атауын білдіруде маңызды компонентті бөлу арқылы сөзжасауды талап ететін сөйлеу жағдайын талдауға үйрету

Сөздерді жасау дағдыларын дамыту арнайы көрнекілік-графикалық белгілер мен сызба жүйесіне сүйену арқылы, мынандай сөзжасаушы моделдер бойынша жасалды:

- 1) кішірейткіш мән беретін жұрнақтар арқылы зат есімдерді жасау;
- 2) мамандық немесе кәсіп иесін атау арқылы зат есім жасау.

2-ші саты

Өткен сатыда үйретілген моделдерге сәйкес, зат есімдерді жасау дағдыларын бекіту (сөзді талдау және көрнекілік-графикалық белгі жүйесіне сүйену арқылы).

Жаңа сөздердің құрамындағы, графикалық моделдегі жалпы және әр түрлі компоненттерді бөлу және саналы түрде түйсіну дағдыларын жетілдіру.

3-ші саты

Түбірлес сөздерді біріктіру (сөздер «тізбегін» жасау) дағдысын дамыту. Деформацияланған «тізбекте» артық сөзді табу білігін дамыту. Ол сөзді талдау мен көрнекілік-графикалық белгіге сүйену арқылы жасалады.

4-ші саты

Жаңа сөздердің құрамындағы әр түрлі және жалпы компоненттерін және көрнекілік-графикалық сөзжасам тендеулеріне сәйкес сөздерді саналы түрде түйсіну дағдыларын бекіту. Онын негізінде –зат есімдер үйретілген тәсілдер бойынша және аналогия тәсілі бойынша жасалады. Сөзжасам моделдері бойынша жасалған жаңа сөздерді ажырату олардың семантикалық құрылымы мен құрам айырмашылығын бөлу негізінде іске асырылады. Сөзжасауда аналогиялықтан корреляциялық тәсілге біртіндеп көшу (яғни балаларда бар сөзжасам түсініктері, білімдері мен біліктері негізінде) болады. Бұл жерде бастапқы көрнекілік-графикалық тіректі трансформациялау сияқты әдістемелік тәсіл қолданылады (мысалы, сөзжасам тендеуінде элементтер –суреттер мен белгілер біртіндеп ауыстырылады, алып тасталынады).

Сонымен, бұрын үйретілген модель-типтер бойынша сөзжасам тәсілдері ажыратылып бекітіледі. Одан басқа, бала жаңа лексикалық материалда қалыптасқан сөзжасам дағдыларын қолдануға мәжбүр болатындай жағдайлар

туғызылады. Мұндай әрекеттер сөзжасам саласына деген баланың қызығушылығының қалыптасуына әсерін тигізеді.

5-ші саты

Корреляциялық тәсіл бойынша сөздерді жасау дағдыларын бекіту көрнекілік-графикалық сөзжасам тендеулерін «шешу» негізінде іске асырылады.

Күрделі атауларды жасау дағдыларына үйрету сөзге талдау жасау және көрнекілік-графикалық сызбасына сүйену арқылы іске асырылады.

III-ші кезең- Қорытынды кезең

Сөзжасам біліктерін ауызша сөйлеу тілінде қолдану дағдыларын дамыту

Жаңа сөздердің мағынасын талдау біліктерін дамыту бойынша бастапқы жұмыс сөзжасауды дамытудан жеке емес, параллелді түрде жүргізіледі. Бұл жұмыс, бала жаңа сөздердің атауын сөз қорында жинап, сөзжасамның практикалық тәсілдеріне үйреніп, олардың семантикасы жөнінде алғашқы түсініктері қалыптасқанда, практикалық түрде ең алғашқы кезеңдерден басталады. Бұл алғашқы түсініктері балалардың заттық-практикалық әрекеттері, педагогикалық үрдістің ересек қатысушыларымен қарым-қатынасқа түсу барысы негізінде құралады. Ол қарым-қатынас нақты жағдайдағы сөйлеуді талдау және арнайы құрастырылған көрнекілік-графикалық белгілер жүйесіне сүйеніп бекітіледі.

Бірінші-екінші кезеңдер барысындағы логопедиялық жұмыстың жоғарыда аталған мазмұны балалардың жаңа сөзге тілдің номинативті бірлігі ретінде ерекше назарын дамытуға тиімді болады.

Саналы түрдегі түсіндіру дағдылары баладан талап етеді: біріншіден, жаңа сөздің құрамындағы кодталған мазмұның толық түсінуін, екіншіден, дамыған байланыстырып сөйлеу дағдыларын. Ол дегеніміз, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда оқыту барысында жаңа сөздің мәнін толық түсіндіру білігін қалыптастыруды білдіреді. Сөздің мәнін толық түсіндіру, бастапқы бірліктің формантты бөлігіне бағдарланған дефиниция арқылы жасалады. Дәл сондықтан, сөздің мағынасын жайылма сөйлемдер арқылы түсіндіру білігін дамытуға бағытталған жұмыс, жеке кезең ретінде бөлініп отыр. Бұл кезеңде маңыздысы-баланы жаңа сөз белгілеген сөйлеу жағдайын, құбылысты және құрылымын әбден талдауға үйрету. Мысалы, егер бала «тігінші» сөзін түсіндіруге қиналатын болса, сәйкес суретті көрсетіп қана қоймай, сөздің «кейіпкері» белгісін көрсетіп, бірнеше сұрақтар қою керек: Бұл кім? Не істеп жатыр? Оны қалай деп атаймыз? Тігін (тігу) дегеніміз не?

1-ші саты

Өткен кезеңдердегі жұмыстардан балаға таныс, жаңа сөздерді сәйкес заттармен, нысандармен, бейнелерімен сәйкестендіру дағдыларын бекіту. Кейбір жағдайларда, бір сөзге бірнеше сурет, сызба, көрнекілік-графикалық моделдер ұсынылады. Оның мақсаты, балаға жаңадан жасалған сөзге ұсынылғанның ішінен ең нақты сәйкесін (сурет, сызба, көрнекілік-графикалық моделдер) табуға мүмкіндік беру. Мысалы, кішірейткіш мән беретін жұрнақтардың көмегімен сөз жасағанда, әр түрлі көлемді заттар бейнеленген суреттер ұсыну керек. Ол

суреттер белгіленген көлем критерийін максималды түрде айқын көрсетіп тұруы тиіс.

2-ші саты

Берілген сөздерге сәйкес сурет және көрнекілік-графикалық белгілермен бірге сөздер іріктеу дағдыларын бекіту.

Осы сатыда белгілер қолданылады, оларға сүйену арқылы жаңа сөздің формантты бөлімі ашылады. Мысалы, «қапша, таяқша» сияқты сөздерге сәйкес суреттер мен қатар осы топ сөздеріне тән заттың кішкентай көлемді белгісі іріктеледі. «Етікші, бақташы, сиыршы» сияқты сөздерге жұмысты атқарушының белгісі алынады. Аталған әрекеттер баламен бірге жағдайдағы сөзге талдау жасауды көздейді. Мысалы, «сиыршы – ол адам, етікші – ол адам т.б.».

3-ші саты

Жасалған жаңа сөзбен аталатын жағдайдағы сөзді ашық талдау білігін дамыту. Балалар жаңа сөздің бастапқы және формантты бөлігіне сүйеніп, мағынасын талдауға үйренеді. Сөздің формантты бөлігі сөздің және көрнекілік-графикалық тендеудің құрамында берілген. Мысалы, «орманшы-ол адам. Ол не істейді? Ол орманды күзетеді. Яғни, орманшы –ол орманды күзететін адам».

4-ші саты

Әр түрлі дыбысталатын форманттары бар және әр түрлі семантикалық жүктемені атқаратын жасалған жаңа сөздерді дифференциалды түрде талдау мен түсіндіру білігін дамыту. Мысалы, «қант салғыш» –ыдыс түрі ме, әлді сол әрекетті атқаратын адам ба? т.б.

5-ші саты

Көрнекілік-графикалық сызбаларды біртіндеп алып тастап, жаңа сөздердің семантикалық жағын түсіндіру дағдысын бекіту.

Аталмыш кезеңде мынандай міндеттер шешілді:

- балалардың ұзақ уақыт есте сақтауында сөзжасам ұялары жүйесін қалыптастыруды жалғастыру;

- арнайы көрнекілік-графикалық белгілерге сүйеніп жаңа сөздердің атауына семантикалық талдау жасауға үйрету;

- сөз құрамындағы морфемалар, тіл мағынасының жүйесі ретінде, жаңа сөз туралы практикалық түсініктерін дамыту;

- сөзге қатысты әр түрлі міндеттерді (сөздің лексикалық мәнін анықтау, оны қолдану аясы) шешуде сөзжасамдың талдау мен жинақтауға сүйену біліктерін қалыптастырып, бекіту;

- берілген жағдайға сай сөздің сөзжасамдық парадигмасынан тандау жасауға үйрету;

- жаңа сөздің мағынасын талдап бөлуге үйрету.

Қойылған міндеттер әртүрлі оқыту формаларында, атап айтатын болсақ, арнайы логопедиялық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде (жеке, топтық сабақтарда) және одан тыс уақыттарда (түзету сағаты, ойын, еңбек ерекеттерінде) іске асырылады. Логопед тіл дамыту, сауат ашу бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында интербелсенді жаттықтырғыштағы ойын тәсілдерін қолданып, сөзжасам дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөліп

отыру тиіс. Логопедтің тапсырмасы бойынша түзету сағатында топ тәрбиешісі логопедтің берген тапсырмалары бойынша немесе өз бетінше интербелсенді жаттықтырғышпен баланың сөзжасам дағдыларын дамыту мақсатында әрекет жасайды. Сонымен қоса, топ тәрбиешісі, басқа да, білім беру салаларында, серуен кезінде т.с.с. кездерде, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арнаған ойындарды жүргізуіне болады.

Аталған оқыту формаларын жүргізу барысында сөйлеу тілінің жалпы дамымауының құрылымын ескеріп, баланы тапсырмаларға қызықтыру, орындауға ынталандырып отыру қажет. Жаңа сөздерді қолданып сөз тіркестерін, сөйлем құрау біліктерін дамытып отыру маңызды. Осы орайда талдау және жинақтау сипаттағы жаттығулар беріледі. Бірінші (талдау) жаттығулар сөз тіркестері құрамынан жаңа сөзді бөлу дағдыларын бекітуге бағытталған. Екінші (жинақтау) жаттығулар – жаңа сөздерді сөз тіркестерінің құрамына енгізуге бағытталған. Сөз тіркестерін құрастыруға үйрету жұмысы, жаңа сөздер әр түрлі грамматикалық категорияда (жақтар, септіктер бойынша өзгертіліп) қолданылатындай етіп жүргізіледі. Бұл жерде балалар сәйкес заттық-графикалық әрекетпен логопедия тәжірибесінде дәстүрлі қолданылатын белгілер жүйесіне сүйенеді. Келесі кезекте тілдің жаңа бірліктерін қолданып, әртүрлі сөйлемдер (қарапайымнан күрделіге қарай) құрастыру біліктерін дамыту жүргізіледі. Жай, кейін күрделі сөйлемдерді құрастыру жұмысы сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыста қолданылатын әдеттегі әдістер бойынша іске асырылады. Алайда, осы әдістеме аясында жұмыстың бұл тарауы өзгертіліп кеңейеді. Жаңа сөздерді сөйлемдердің әр түрлі типтерінің құрамына қосу нәтижесінде жайылма сөйлемдер жасалады, салалас-құрмалас, кейін сабақтас-құрмалас сөйлемдер әртүрлі сөз таптарымен кеңейеді. Бұл жерде қолданылатын жаттығулар, шартты түрде үш нұсқада ұсынылуы мүмкін: үлгі негізінде, құрылымдық және шығармашылық жаттығулар. Олардың арасындағы шекара қатаң емес, алайда әр топ өз ерекшеліктерімен және жалпы белгілерімен сипатталуы мүмкін. Үлгі негізіндегі жаттығулар (немесе еліктеуіш) көрнекілік-графикалық және сөйлеу үлгісіне сүйену арқылы, жаңа атауларды қолданып, сөйлемдерді дұрыс құрастыруды көздейді. Берілген үлгілерге қарап, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар, дәл сондай сөйлемдерді құрауға үйренеді. Бұл жаттығуларда балалардың өз бетінше еңбек жасау элементтері бар, алайда, олардың әрекеттерінің негізінде педагогикалық үрдістің ересек қатысушысы берген үлгі әрдайым орын алады. Құрылымдық жаттығуларда басқа танымдық міндет түр – меңгерген заңдылықтар негізінде жаңа сөздермен сөйлемдер құрастыру. Осындай сөйлемдер көмегімен СТЖД балалар үлгіге жартылай сүйеніп немесе өз бетімен, сөйлемдерді құрастыруға үйренеді; сөйлемдегі сөздер орнын ауыстыруға, кеңейтуге, екі сөйлемді бір сөйлем етіп қосуға, сөйлемнің элементтерін ауыстыруға үйренеді. Шығармашылық жаттығуларда ересектің көмегі көрсетілмейді және жеке конструктивті міндеттер шешілмейді. Ондай жаттығулар барысында сөйлемдерді құрастырғанда балалар бұрын меңгерген заңдылықтар мен өздерінің сөйлеу мүмкіндіктеріне сүйенеді.

Баланың тілдің жаңа бірліктерін қолданып, әр түрлі типтегі сөйлемдерді еркін құрастыру білігі, сөзжасамды әбден меңгергенін дәлелдейді. Кейін жаңа сөздерді байланыстырып сөйлеуінде қолдану білігін дамыту жұмысы жүргізіледі. Логопедиялық жұмыстың осы түрі ең ұзақ болып табылады және оқыту кезеңі бойы жалғастырылуы керек. Балалар сұрақтарға жайылма сөйлемдермен жауап беруге үйренеді; заттар мен құбылыстарды сипаттауға, оқылғанның мазмұнын айтып беруге, әңгімелер құрастыруға, шығармашылық әңгімелеулер (мысалы, мәтінді қайта құру және импровизациялау) құрастыруға үйренеді.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмысын жүргізгенде диалогтік және монологтік сөйлеуінде жаңа жасалған зат есім, сын есім, етістік, үстеулерді қолдануға үйренеді. Балалардың байланыстырып сөйлеуінде мұндай сөзжасам дағдыларын кеңінен, еркін қолдануы сөзжасам процестерінің жоғары деңгейде машықтандырылғанын дәлелдейді.

Жоғарыда баяндалған логопедиялық жұмыстың мазмұны мынандай әдістемелік тәсілдер көмегімен іске асырылады:

1. туынды сөзге синонимдер іріктеу және логика бойынша табу тәсілі;
2. туынды сөздің мағынасын түсіндіру тәсілі (толық сипаттамасы бойынша туынды сөзді түсіндіру);
3. туынды сөзді сөйлемге енгізу тәсілі;
4. көрнекілік-графикалық моделдеу тәсілі (моделге сүйеніп, сөздің морфологиялық құрылымын талдап, туынды сөздің мағынасын түсіндіру; жасалған сөзді сәйкес көрнекілік-белгі тіректермен салыстыру тәсілі (ұзындығы әр түрлі жолақшалар, сөзжасамдық графикалық тендеулер т.б.));
5. салыстыру және талдау тәсілі (туынды сөзді бастапқы сөз негізімен салыстыру); талдау тәсілі (баланың өзіндік сөйлеуін өзі, құрдасының сөзін талдау, баланың сөздері жазылған аудио-, видео түсірілімдерді талдау). Аталған тәсіл бірнеше түр бойынша іске асырылуы мүмкін. Біріншіден, үйретудің бастапқы кезеңдеріндегі баланың сөзжасамдық мүмкіндіктері жазылған материалдар мен арнайы оқыту нәтижесіндегі жетістіктерін салыстыру тиімді болады. Екіншіден, аудио- және видео материалдарды талдау баланың назарын сөз әрекетіндегі өнімдерді талдауға аударуға мүмкіндік береді. Оның нәтижесінде оқу материалын меңгеруі бекіп, баланың қадағалау әрекеттері жоғарылайды; қате сөз үлгілерін талдау тәсілі (педагогикалық үрдіске қатысушы ересек адамның қате сөз үлгілерін талдау); түбірлес сөздерді топтастыру тәсілі. Оның мақсаты арнайы көрнекілік-графикалық белгі негізінде сөздерді біртұтас сөзжасам ұясын біріктіру.
6. сөз тіркесін жаңа (туынды) сөзбен аяқтау тәсілі (ұсынылған сөз тіркесін (сөйлемді, әңгімені) туынды сөздермен аяқтау). Бұл тәсіл баланың өз бетімен сөйлеу әрекетінде сөзжасамдық білік, дағдыларын іске асыруда әсіресе өзекті.

Біз жасаған құрылымдық –мазмұндық модель мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың теориялық, әдіснамалық

негіздерінен мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік өлшемдерден құралған біртұтас құрылым болып табылады.

Біздің зерттеу жұмысымызда моделдің құрама бөліктеріне сипаттама берілген. СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың мотивациялық өлшемі дегеніміз, баланың сөзжасау әрекеттеріне ынталандыратын ойы, итермелейтін сезімдері. Мотивациялық өлшем ұйымдастырылуы түзету-педагогикалық оқыту барысындағы сипатталатын себептердің жинағы ретінде көрініске ие.

Мазмұндық өлшемге СТЖД баланың сөзжасамды дамытуға арналған әдістемелерді орындауы, ынталандыруға арналған ойындарды ойнауы, топтағы құрдасына, логопедке еліктеуге ұмтылысы, түзете-дамыту жұмысының мазмұны жатады.

Іс-әрекеттік өлшем СТЖД мектеп жасына дейінгі баланың тапсырмаларды орындау үшін ұйымдастырудың әртүрлі формалары қолдануды көздейді. Оларға жеке, топтық сабақтар, түзету сағатындағы логопедтің тапсырмасы бойынша тәрбиешінің баламен жұмысы, сабақтан тыс уақыттағы жұмыс түрлерін жатқыздық.

3.2 Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту моделінің іске асыруда қолданылатын әдістемелік тәсілдер

Біз сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын логопедиялық жұмыста дамыту моделін іске асыру үшін қолданған арнайы әдістемелік тәсілдерді ашып көрсетейік.

1. туынды сөздерге синонимдер іріктеу және логика бойынша табу тәсілі. Синонимдерді іріктегенде, олардың түсіндірілетін сөзге тәуелді емес екенін ұмытпаған дұрыс: олардың әр қайсысының өзінің «реңктік» мәндері бар. Осындай айырмашылық үшін синонимдерді таңдау тәсілі басқа аталған тәсілдер бойынша жасалуы тиіс, мысалы, нысанды немесе онымен жасалатын әрекетті көрсету, сөздің мағынасын оның морфологиялық құрамына сүйеніп түсіндіру т.б.; *туынды сөзді логика бойынша (табу) тәсілі.* Нысан (кұбылыс, әрекетті) және оған сай атауының сипаттарын ашу. Мысалы, «етікші» суретіне сәйкес белгі- әрекет жасаушының белгісі ұсынылып, түсіндіріледі: «етікші – ол етік жөндейтін адам (етіктерді, аяқ киімнің басқа түрлерін жөндейді)»;

2. туынды сөздің мағынасын түсіндіру тәсілі (толық сипаттамасы бойынша туынды сөзді түсіндіру). Ол сипаттама бірнеше сөйлемнен тұрады, кейбір жағдайда, жаңа сөз немесе оның бастапқы қалпы сөйлеу тәжірибесінде сирек кездесетін болса, оны саналы түрде түсіну үшін «көп сатылы» түсіндіру қажет болады. Мысалы, «бақша», «бақшашы», «бақ», «бағбан» сөздерінің мағынасын түсіндіргенде, сәйкес суретті көрсетумен ғана шектелмей, келесі мәтінді ұсынамыз: «Адамдар көктемде өз үйлерінің жанындағы шағын жерге көкөністер егеді, оларды суғарып, баптайды. Көкөністер өсетін жер - бақша деп аталады. Ауылда үлкен бақша бар. Оның аумағы өте үлкен. Ондағы көкөністерді баптап, суғаратын адамды – бақшашы дейді». «Алма, алмұрт тағы басқа

жемістер өсетін жер бақ деп аталады. Бақты күтіп, бағатын адамды бағбан деп атаймыз»;

3. *туынды сөзді сөйлемге енгізу тәсілі*. Фразаны құрудың өзі, оның жалпы мағынасы баланы жаңа сөзді анық түсінуге итермелейді. Мысалы, «Анам қантты қант салғышқа салды», «Айсұлу тұзды тұз салғышқа салды» т.б. Бұл жерде маңыздысы сөйлемде сөзжасаушы негіз де, жаңа сөзде бар. Оған қосымша сәйкес суреттер мен сурет-белгілер де ұсынылады;

4. *көрнекілік-графикалық моделдеу тәсілі* (моделге сүйеніп, сөздің морфологиялық құрылымын талдап, туынды сөздің мағынасын түсіндіру; жасалған сөзді сәйкес көрнекілік-белгі тіректермен салыстыру тәсілі (ұзындығы әр түрлі жолақшалар, сөзжасамдық графикалық тендеулер т.б.));

Көрнекілік-графикалық моделдер негізінде балалар жаңа сөз қай негізден жасалғанын, оның құрылымының қандай екенін, қоршаған ортада қандай өзгерістер болғанын және ол өзгерістер тіл құбылыстарында қалай болғанын анықтайды (*атам-дай, әжем-дей, Тілек-тей, асқабақ-май*).

5. *салыстыру мен талдау және топтастыру тәсілі* (туынды сөзді бастапқы сөз негізімен салыстыру); бұл жерде туынды сөзді бастапқы сөз негізімен салыстыру жүргізіледі. Аталған тәсіл логопедиялық жұмыстың барлық көрсетілген кезеңдерінде қолданылады. Кейіннен, балалар жаңа жасалған сөзбен оның бастапқы негізін белгілерге сәл де болса сүйеніп салыстыруға үйренеді, одан соң – өз бетімен салыстырады («ал»- деген бір затты ұсынғанда айтылатын сөз, «алма»- деген сөз ол бір затты алма, тиіспе деген мағынаны білдіреді). Талдау тәсілі (баланың өзіндік сөйлеуін өзі, құрдасының сөзін талдау, баланың сөздері жазылған аудио-, видео түсірілімдерді талдау). Аталған тәсіл бірнеше түр бойынша іске асырылуы мүмкін. Біріншіден, үйретудің бастапқы кезеңдеріндегі баланың сөзжасамдық мүмкіндіктері жазылған материалдар мен арнайы оқыту нәтижесіндегі жетістіктерін салыстыру тиімді болады. Екіншіден, аудио- және видео материалдарды талдау баланың назарын сөз әрекетіндегі өнімдерді талдауға аударуға мүмкіндік береді. Оның нәтижесінде оқу материалын меңгеруі бекіп, баланың қадағалау әрекеттері жоғарылайды; қате сөз үлгілерін талдау тәсілі (педагогикалық үрдіске қатысушы ересек адамның қате сөз үлгілерін талдау).

Аталған тәсіл балаларды үлгіге қарап жаңа сөз жасау және кейін корреляция тәсілі бойынша сөзжасауға үйретуде қолданылады. Үйретудің бастапқы кезеңдерінде сөзжасаудың ең қол жетімді тәсілі қолданылады – аналогия бойынша. Бұл тәсіл, педагогикалық процеске қатысушы ересектің, сөз үлгісімен қатар, сәйкес көрнекілік-графикалық сөзжасамдық тендеуді енгізуді көздейді. Мұндай белгілеуді қолдану, баланың сөзжасам тәсілдері мен ережелерін негізінде, меңгеруіне мүмкіндік береді;

6. *сөз тіркесін жаңа (туынды) сөзбен аяқтау тәсілі* (ұсынылған сөз тіркесін (сөйлемді, әңгімені) туынды сөздермен аяқтау). Бұл тәсіл баланың өз бетімен сөйлеу әрекетінде сөзжасамдық білік, дағдыларын іске асыруда әсіресе өзекті.

Ұсынылған әдістеме аясындағы жұмыстың аталған тәсілдері бір жағынан баланың когнитивті дамуын қалыптастырады, екінші жағынан, сөзжасамды дамыту тәсілдерімен бірге баланың психикалық функцияларын (қабылдаудың әр түрлері; көру, есту және вербалды-логикалық есте сақтауы; ойлаудың аналитикалық және синтетикалық операцияларын дамыту; қиялын дамыту т.б.) дамытуға зор ықпал тигізеді.

Аталған тәсілдерді, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту үшін жүргізілетін логопедиялық жұмыстың барлық кезеңдерінде қолданылатын болса, кейін мүмкін болатын жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының белгілерін жою мен алдын алуға бағытталған логопедиялық әсер ету тиімділігі артады. Сондай-ақ, балаларда сөзжасамдық парадигмалар қалыптасады, оның мүшелері арасындағы байланыстар мен қатынастар анықталып, нығаяды. Бұл өз кезегінде түбірлес сөздерді іріктеу дағдыларының қалыптасуына әсер етеді.

Жүргізілген эксперимент нәтижелерін және теорияны ескеріп, біз түбір сөздер материалында сөзжасам дағдыларын дамыту жүйесін құрастырдық. Біз құрастырған дидактикалық ойындар мен жаттығулардың ұсынылған жүйесі сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағын дамыту бойынша топтық сабақтарда іске асырылады. Интербелсенді жаттықтырғыштағы ойындар мен жаттығуларды іріктегенде мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың жас ерекшеліктері, тапсырмалардың күрделілігі, қазақ тіліндегі жұрнақтардың тіл біліміндегі күрделілігі ескерілді.

Бұл жұмыстың негізіне біз дамытуға арнап, өзіміз құрастырған интербелсенді жаттықтырғышты қолданудағы жұмыстың міндеті болып: туынды сөздердің мағынасын анықтау, сөздерде морфеманы тану және мағынасымен сәйкестендіру, сөзге морфологиялық талдау жасау т.б. табылды.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған біз құрастырған интербелсенді жаттықтырғыш 62 ойын тәсілдерінен құралды. Барлық ойын-тапсырмаларын біз екі блокқа бөлдік. Блоктың әрқайсысы сөзжасам дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінде көрсетілген қағидаларға сәйкес жүйеленді. Олар: онтогенетикалық, түрлі жұрнақтарды жеңілден күрделіге қарай ұсыну, сөздің семантикалық аясын кеңейту, материалды жұрнақтардың күрделілігіне қарай ұсыну.

Сонымен қоса, біз интербелсенді жаттықтырғыштағы тапсырмалар мен ойындарды құрастырғанда, СТЖД балалардың таным әрекеттерінің ерекшеліктерін ескеріп, балаға қызықты болатындай, суреттердің ашық түсті болуын, тапсырмалардың қолжетімділігін назарға алдық. Жаттықтырғышты қолдану моделде көрсетілген логопедиялық жұмыстың үш кезеңін қамтыды: дайындық, негізгі, қорытынды кезең.

Тапсырмалар әртүрлі сөз таптарынан алуан түрлі нұсқада жұрнақтар арқылы туынды сөздер жасауға, яғни сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған, атап айтқанда: зат есімнен зат есім, зат есімнен сын есім, зат есімнен етістік, етістіктен зат есім т.б. Сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалармен

логопедиялық жұмыс әртүрлі сөз таптарынан (зат есімнен зат есім, зат есімнен сын есім, зат есімнен етістік, сын есімнен зат есім, есім сөзден сын есім, есім сөзден етістік т.б.) жаңа сөз жасауға арналған тапсырмалар мен әдістемелерді қамтыды.

Сөзжасамды дамыту жұмысы келесіні көздейді:

- логопедтің көмегімен берілген мәні бойынша сөздер жасау. Сонымен қатар бірдей сөзжасамдық аффикстері бар сөздер іріктеледі (мағынасы және дыбысталуы бойынша);

- ортақ морфеманы табу;
- аффикстің мағынасын бекіту;
- морфеманың дыбыстық құрамын талдау;
- берілген аффикспен өзбетінше сөз жасау.

Біз логопедиялық жұмыста сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған мультимедиялық жаттықтырғышты қолданудың алгоритмін мынандай түрде ұсынып отырмыз:



Сурет 17 – СТЖД балалардың сөзжасамын дамыту алгоритмі

СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту алгоритмін қолданатын болса біршама сәттіліктерге қол жеткізуге болады (сурет 17). Онда ең алдымен логопед балаға ойын тәсілінің атауын айтып, мақсатын баяндайды. Кейін мазмұнын түсіндіріп, сөздік нұсқау береді. Баладан түбір сөзді, сөз жұрнағын («кішкентай сөз») атауын сұрап, жаңадан жасаған туынды сөзді атауын және оның мағынасын түсіндіруін өтінеді. Ұсынылған сөз бен туынды сөздің айырмашылығын атап, екі сөздің екі түрлі мағынаға ие болуына не себепші болғанын түсіндіруді сұрайды. Ең соңында, логопед баланың сөз жасауға арналған тапсырманы орындауын бағалап, мадақтайды.

Өзбетінше сөзжасау үшін балалар естігенін түсінуі керек, сондықтан, сөйлеу тілін естуін дамытып, барлық сөз таптарындағы сөздерге бай сөздік қорына сай қоршаған орта туралы түсініктері мен білімдерін кеңейту және грамматикалық құралдарын молайту қажет.

Мысал ретінде бір әдістемені көрсетіп отырмыз.

Ойын атауы: «Жаңа сөз жаса»

Мақсаты: Зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақтарды дұрыс пайдалану дағдысын дамыту.

Ойын мазмұнын түсіндіру: Берілген сөздерге тиісті жұрнақтарды қос. Мына сөздерге (бас, қой, би, ән) тиісті жұрнақтарын жалғап көрші. Бізге көмекке *-шы, -ші* жұрнақтары келеді. Қай жұрнақты қосқанда дұрыс сөз шығады деп ойлайсың?


Түбір сөзді /жұрнақты атауын сұрау: қандай екі сөзді бөліп айтуға болады? (бас+шы, қой+шы, би+ші, ән+ші).

Туынды сөзді атауын, мағынасын түсіндіруін сұрау: қандай жаңа сөз пайда болды? Қандай сөз жасадың? Бірінші сөз нені білдіреді? Екінші сөзді қалай түсінесің? Ұсынылған сөз бен туынды сөздің айырмашылығын ата. Екі сөздің екі түрлі мағынаға ие болуына не себепші болғанын түсіндіріп берші.

Сөзжасам дағдыларының дамуын логопедтің бағалауы: Тамаша, сен жаңа сөз жасай алдың, оның екі бөлігін жеке атап, мағыналарын түсіндіре білдің.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуда көрнекілік-графикалық белгілер жүйесі мен әдістерді қолданған өте тиімді [238].

1. Заттың көлемінің белгісі (зат есімдерді жұрнақтармен өзгерту және ажырату үшін).



Сандық



сандықша

Сурет 18 – Заттың көлемінің белгілеу

2. Сөз негізі және жаңадан жасалған сөздердің ұзындығының айырмашылығын белгілеуге (тірек белгілер) арналған ұзындығы әр түрлі жолақшалар.



етік
жұмыс



етікші
жұмысшы

Сурет 19 – Сөз негізі мен туынды сөздің ұзындығының айырмашылығын белгілеуге арналған белгі

3. Графикалық белгісі-штрихталған (боялған) ұзындығы әр түрлі жолақшалар. Аталған белгілер сөз негізі мен жаңадан жасалған сөздің жалпы (түбірін) бөлігін көрнекі түрде бөліп белгілеу үшін қолданылады.




Сурет 20 – Графикалық белгісі-штрихталған (боялған) ұзындығы әр түрлі жолақшалар белгісі

4. Іс-әрекетті орындаушы адамның белгісі. Аталмыш белгі іс-әрекетті орындаған адамның атауын айту үшін қолданылады (етікші, сылақшы, егінші т.б.).




Сурет 21– Іс-әрекетті орындаушы адамның белгісі

5. «Салғыш» ыдыс белгісі. Ыдыстардың атауын жаңа сөздермен атағанда қолданылады (қант салғыш, нан салғыш, май салғыш).




Сурет 22– «Салғыш» ыдыс атауының белгісі

6. Кез келген әрекетті белгілеуге арналған белгі. Осы белгі сөйлеу тілінің жалпы дамымауында логопедиялық әсер етудің дәстүрлі әдістемесінен алынған.



Сурет 23– Кез келген әрекетті белгілеуге арналған белгі


7. Үйретілген бірнеше сөзден құралған сөзжасам ұясын талдауға арналған сызба.



Сурет 24 – Үйретілген бірнеше сөзден құралған белгі

8. Сөзжасам ұясын нақты талдау сызбасы.


Сызба түрінде бейнеленген сөзжасам «ағашы» алғашқы демонстрация кезінде және бір сөзжасамдық ұядағы түбірлес сөздердің арасындағы ұқсастықты түсінуін белгілеу (бекіту) үшін қолданылады.



Сурет 25 – Сөзжасам «ағашы»


9. Күрделілік деңгейі әр түрлі көрнекілік-графикалық сөзжасамдық тендеулер. Олар жаңа сөздің құрылымы мен оның жасалу тәсілін демонстрациялайды. Аталған сөзжасам тендеулерін қолдану сөздің морфемдік құрамында бағдарлау және сөздің формантты бөліктерін бөлу дағдыларын бекітуге мүмкіндік береді. Бір сөзжасамдық модель бойынша құралған тендеуді қолдану тапсырманың типіне байланысты өзгертілуі мүмкін. Мысалы:

а) тендеудің негізгі моделі, оның мынандай құрамы белгілі:




Сурет 26 – Тендеудің негізгі моделі, құрамы

ә) тендеудің трансформалды моделі. Онда сөздің белгісіз аффиксін белгілеу керек:




Сурет 27 – Сөздің белгісіз аффиксін белгілеу

б) тендеудің трансформалды моделі. Онда әрекет жасаушының белгісіз атауын белгілеу керек:



Сурет 28– Әрекет жасаушының белгісіз атауын белгілеу

в) тендеудің трансформалды моделі. Онда сөздің белгісіз түбір бөлігін белгілеу (табу) қажет.



Сурет 29 – Сөздің белгісіз түбір бөлігін белгілеу (табу)

Сөзжасам түсініктерін, білік пен дағдыларын дамыту процесінде қолданатын көрнекілік-графикалық белгілер жүйесімен қатар, СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының қандай деңгейде екеніне анықтауыш зерттеу жұмысы жүргізіліп, олардың сандық және сапалық көрсеткіштері анықталған соң, олармен сөзжасам дағдыларын дамытуға бағытталған сынақ әдістемелері құрастырылды.

СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту жұмысына анықтау жұмысына қатысқан балалар алынды. Бұл кезеңде СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дұрыс қолдана білуге арналған әдістемелер алынды. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту жұмысында сынақ ретінде әдістемелік ойындар қолданылды. Сынақ оқыту бөлімінің міндеттерін шешуде сөйлеу тілі жалпы дамымаған үшінші деңгейіндегі балалар алынды. Жасалған сөзжасам дағдыларын дамыту әдістемелері он тапсырмадан құрылған. Тапсырмаларды құру барысында біз балалардың жас ерекшеліктеріне, сөйлеу мүмкіндіктеріне, тапсырмаларды қалай түсінетініне, белсенді және енжар сөз қорының қалпына назар аудардық; осы мақсатта төрт тапсырма бойынша суреттер ұсынылды. Тапсырмалар ауызша және көрнекілік арқылы берілді.

1 – тапсырма

Ойын «Мұқият бол».

Мақсаты: *-ша, -ше, -шік, -шық* жұрнақтарын қолдану арқылы зат есімнен зат есім жасау дағдыларын дамыту.

Құрал – жабдықтар: екі дөңгелек пішін, біреуі үлкен, екіншісі кіші.

Сипаттамасы: балаға екі дөңгелек пішін беріледі, біреуі үлкен, екіншісі кіші. Логопед балаға сөздік нұсқау береді.

Сөздік нұсқау: Мұнда екі дөңгелек берілген. Біреуі кіші, екіншісі үлкен. Осы үлкен дөңгелекке үлкен заттарды, кіші дөңгелекке кіші заттарды атып қойып шық. Үлкен дөңгелектегі затты ата. Оны қалай түсінесің? Кіші дөңгелектегіні

қалай атаймыз? Оны қалай түсінесің? Алғаш сөзбен және жаңа сөзбен сөйлемдер құрастыр.

Мысалдар: көрпе - көрпеше, жастық - жастықша, көл- көлшік, бал - балшық.
2 – тапсырма

Мақсаты: Зат есімнің – *ші, -шы* жұрнақтарын қолданып, кәсіп иесін білдіретін сөз жасау дағдыларын дамыту.

Құрал – жабдықтар: екі пойыздың суреттері.

Сипаттамасы:

Сөздік нұсқау: Мұнда екі пойыз бар. Біреуі ұзын, екіншісі қысқа. Осы пойыздардың біріне ұзын сөзді, екіншісіне қысқа сөзді қойып атап бер. Қысқа/ұзын сөзді қалай түсінесің? Қысқа (ұзын) сөздерді қосып, сөйлем құрастыр.

Мысалдар: етік- етікші, қой – қойшы.

3 – тапсырма

Мақсаты: зат есімдерге тиісті жұрнақтарын жалғап, туынды етістік жасау білігін дамыту.

Құрал – жабдықтар: бас, көз, қол, аяқ, тіс, сабын, тұз, ара, қап, ара, шеге, арқанның суреттері және – *ла, -ле, -да, -де, -та, -те* жұрнақтары.

Сипаттамасы: балаларға зат атауларының суреттері мен олардан туынды етістік жасайтын жұрнақтар жазылған парақша беріледі.

Сөздік нұсқау: суреттегі зат атауларына –*ла,-ле, -да,-де,-та,-те* жұрнақтарының тиістісін жалғап, туынды сөз жаса. Қандай сөз жасадың? Түсіндіріп бер. Осы сөзбен сөйлем құрастыр.

4 – тапсырма

Мақсаты: Зат есімнен сын есім түбірлес сөзжасам дағдысын дамыту.

Құрал – жабдықтар: ата, іні, әженің суреттері немесе ауызша ойнатуға болады.

Сипаттамасы: Логопед балаға суреттер ұсынады, сөздік нұсқау береді.

Сөздік нұсқау: Мен саған сөздер айтамын. Сен сол сөздерге –*дай, -дей, -тай, -тей* қосып айт. Қандай сөз пайда болды? Оны қалай түсінесің? Мысалдар: ата-атамдай, іні-інімдей. Сол сөзбен сөйлем құрастыр.

5 – тапсырма

Мақсаты: Етістіктен етістік жасау дағдыларын дамыту.

Құрал – жабдықтар: сызбалар, ұзын жолақша, қысқа жолақшалар.

Сипаттамасы: Логопед балаға «ұзын» сөздерді айтады, буындарды («қысқа» сөздерді) айтады, бала «қысқа» сөздерді «ұзын» сөздерге қосып, жаңа сөзді атауы керек.

Сөздік нұсқау: Мен саған сөздер айтамын, сен –*ма, -ме* жұрнақтарын қосып, жаңадан сөз жаса. Жаңа сөзді ата, ол нені білдіреді? Түсіндір. Сол сөзбен сөйлем құрастыр.

Мысалдар: алма, берме, ойнама, билеме.

Қалыптастыру жұмысының нәтижесі

Біз зерттеу жұмыстарында педагогикалық, әдістемелік, арнайы әдебиеттерді талдау және сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын

дамытуға бағытталған жоспармен танысу нәтижесінде, аталмыш балалармен жүргізген сөзжасам дағдыларын дамытуға бағытталған әдістемелерді сынақтан өткіздік.

Біз арнайы және әдістемелік әдебиеттерді қарастырып, талдай отырып, мынадай қорытындыға келдік: қазіргі уақытқа дейін сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту жолдарын анықтау және бұл маңызды мәселеге жеткілікті түрде назар аудару, әрі қарай дамытып, жетілдіруге қандай жағынан әсер ету керектігін анықтау мәселелері толық ашылып, ғылыми тұрғыдан зерттелмеген. Осының барлығын басшылыққа ала отырып, бірнеше әдістемелер ұсынылды және тәжірибеден өткізілді. Ол үшін біз екі зерттеу жұмысын жүргіздік:

- анықтаушы зерттеу (диссертацияның 2.2. бөлімінде көрсетілген),
- қалыптастырушы зерттеу.

Қалыптастырушылық зерттеудің мақсаты – арнайы ұйымдастырылған әдістемелерді қолдана отырып, сөзжасам дағдыларын дамыту.

Қалыптастырушы экспериментінде мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамытудың біз құрастырған моделі іске асырылды.

Сынақ оқыту Алматы қаласы Білім Басқармасы «Түзеу үлгісіндегі сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған №66 бөбекжай балабақшасы» ММ жүргізілді.

Оны логопедтер қойылған мақсат, міндеттер, қағидалар мен жұмыс кезеңдеріне сай сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларға түзету-тәрбиелеу ықпал ету жағдайында жүргізді. Біз логопедтермен қосылып, сөзжасамды дамыту моделін іске асыру процесіне қатысып, жүйелі түрде басшылық жасап, эксперимент барысын бақылап, сынақ оқыту нәтижелеріне талдау жасадық.

Сынақ оқыту процесінде біз құрастырған әдістеменің оптималды іске асырылу және арнайы тіл бұзылыстары бар балаларға арналған мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы логопедтердің кәсіби дайындық деңгейін арттыру мәселелеріне, ерекше назар аударылды. Осы мақсатта логопедтерді эксперименталды зерттеуге дайындау жүргіздік. Атап айтқанда, конференциялар, семинарлар, кеңестерді ұйымдастырып, жүргізу барысында оларға құрастырған модель аясындағы жұмыс бағыттарымен таныстырылып, СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуда жаңа әдіс, тәсілдерді қолдануы түсіндірілді. Балалармен жүргізілген сабақтар мен тапсырмаларды орындаулары жазылған аудио және бейнетаспалар талданды.

Сөзжасам дағдыларын дамытуда әдістемелік ойындар алдық. Қалыптастырушы зерттеуіне алынған топ эксперименталды топ (сөйлеу тілі жалпы дамымаған III-деңгейдегі балалар) ретінде қарастырылды. Ал, бақылау тобы ретінде, қалыптастыру экспериментіне қатыспаған, сөйлеу тілі жалпы дамымаған III-деңгейдегі балалар қатыстырылды.

Екі зерттеу жұмысында алынған нәтижелерді бірдей көрсеткіштер бойынша бағаладық:

- түрлі жұрнақтарды қосып, туынды сөз жасау;

- ұсынылған сөздер қатарынан бастапқы сөзді дұрыс табу;
- ұсынылған туынды сөздің мағынасына сәйкес сөзжасамдық элементті ажырату;
- жасалған туынды сөздің мағынасын түсіну.

Бірінші кестедегі (анықтаушы зерттеу) орташа нәтижесі, қалыптастыру экспериментінің нәтижесімен салыстырылды.

Сонымен қорыта келе, біз мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу тілінің сөзжасам дағдыларын дамытуда әрбір баланың жеке ерекшеліктері, жас ерекшеліктері, сөйлеу тілінің деңгейі, қажеттіліктері мен берілетін тапсырмалардың көлемі ескерілуі тиіс екендігін айтамыз.

Зерттеудің қалыптастыру жұмысында сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту ерекшеліктерін және сөзжасам дағдыларының қаншалықты деңгейде қалыптасқандығын байқадық.

Зат есімнен етістік жасауда балалардың көбісі ұзақ уақыт ойланбай бірден жауап берді. Ал, кейбір балалар біраз уақыт ойланып, бұл тапсырманы жеткілікті дұрыс орындай алмағандығына көз жеткіздік. Сонымен бірге сингармонизм заңының бұзылуы байқалды. Дегенмен өз қатесін түсініп қайта түзеткендер де болды.

Сөзжасам дағдыларын дамыту бойынша дидактикалық ойындарды қолдандық (қосымша Д). Яғни «Мұқият бол»; «Сөзді қалай жасадық?»; «Мен айтамын, сен жалға»; «Қосып айт», «Қайсысы дұрыс?» ойыны. Бұл ойындардың мақсаты балалардың сөзжасаушы жұрнақтарын дұрыс қолдануын қалыптастыру болатын. Ең алдымен бірінші ойын бойынша, балаларға екі дөңгелек берілді. Біреуі кіші, екіншісі үлкен. Сонымен қоса, заттық суреттер ұсынылды. Балалардан заттық суреттердің кішісін кіші дөңгелекке, ал үлкенін үлкен дөңгелекке қоюды сұрадық. Осы суреттерді дөңгелекке қойып болған соң. Оларды атап беруін сұрадық. Мысалы: Үлкен дөңгелекке қойған суреттерді атап шықшы! «Үлкен дөңгелекте – көрпе, жалау, қалақ т.с.с» жауап берді. Ал енді, кіші дөңгелектегі заттарды аташы: көрпеше, жалауша, күрекше т.с.с. жауап түрлерін берді.

Тапсырманы орындау барысында балаларға *-ша*, *-ше*, *-шік* жұрнақтары арқылы сөздердің кішірейткіш мәні туатындығы жайлы түсіндіріп өттік. Сонымен қоса, ол сөздердің екі бөліктен тұратындығын көрсеттік. Яғни вагондар мен паровоздың көмегімен.

Ал, келесі ойын «Сөзді қалай жасадық?». Бұл ойынның барысында балаларға мамандық және кәсіп иелерінің суреттері мен заттық суреттер берілді. Осы суреттерді сәйкестендіре отырып, бала сөзді атады. Сөздің құрамдық бөліктерін ажыратып, қанша бөліктен тұратындығы мен ұпай жұрнақтар арқылы сөздің өзгергендігі жайлы түсіндіріп өттік. Түсіндірілген мағлұмат бойынша балалар тапсырманы өз бетімен орындады. Сонымен бірге сөзжасам дағдыларын қалыптастыру бойынша берілген «Мен айтамын, сен жалға»; «Қосып айт», «Қайсысы дұрыс?» ойындарын қолдануда балалар тапсырманы бірден орындап жақсы нәтиже көрсетті.

Сөзжасамға арналған кейбір ойын тапсырмаларды орындауда балалар аздап қиналды. Оған қарамастан тапсырманы қызығушылықпен ат салыса орындады. Балаларда сөзжасам, яғни туынды сөздің жасалуы жайлы, сөздің бөлшектері жайлы ұғымдары қалыптасты десек те болады.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру әдістері туралы мәселе жалпы және арнайы әдебиеттерде қарастырылған.

Бірақ, қарастырылған зерттеу жұмыстары тек ана тілі орыс тілді балалардың осы мәселесіне арналғандықтан, ал ана тілі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтауға және дамыту жолдарын қарастырған зерттеулер болмауы себептен, біз зерттеу жұмысымызды осы өзекті болып отырған мәселеге аудардық.

Біз сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға ықпал ететін жұмыс тәсілдерін анықтап, педагогикалық тұрғыдан негіздеп, дәлелдедік. Әрине бұл көрсеткіш оң болғандықтан тиімді деп айта аламыз.

Қорыта келгенде, біздің зерттеу жұмысымызға қойылған мақсатты, міндеттерді іске асыра алдық.

Болашақта, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға, біздің сынақ оқыту жұмысымызда пайдаланған әдістер мен тәсілдерді қазақ тілінде оқитын сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалармен логопедиялық түзету жұмысы барысында қолдануға болады.

Зерттеу бойынша мынандай қорытынды жасауымызға болады:

Зерттеу жұмысы барысында алынған мағлұматтарға сәйкес қазіргі таңда СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларының қандай деңгейде екенін анықтадық. СТЖД балалар көптеген сөздердің мағыналарын түсінбеді, оның себебі ол сөздерді күнделікті тұрмыста қолданылмауында деп түсіндіруге болады. Бірнеше авторларының жұмысын талдай отырып, қазақ тілінің грамматикалық құрылымын қарастырып, осыған байланысты СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын тексерудің бірқатар әдістемелерін ұсындық. Мектепке дейінгі білім беретін мекемелерде балалардың қазақ тіліндегі сөзжасам дағдыларын дамыту мақсатында көптеген жұмыстар жүргізу керек.

Диссертациялық жұмысымыздың бірінші бөлімінде сөзжасам грамматиканың бір бөлігі болғандықтан, алғашқыда сөзжасамға түсінік берілді. Содан соң, қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесіне тоқталып өттік.

Жұмысымыздың екінші бөлімінде СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін арнайы құрастырылған әдістемелер арқылы анықтау мақсатында зерттеу жұмысы жүргізілді.

Анықтауыш зерттеу жұмысында алынған екі сериялы әдістеме сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтауға тиімді болды.

Ол зерттеу жұмысында біз, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін сандық және сапалық түрде анықтадық.

Сонымен, мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасамының кейбір ерекшеліктерін зерттеп келесі қорытындыға келдік. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам ерекшеліктерін зерттеу нәтижесі келесі қорытынды жасауға негіз болды:

- СТЖД балаларда сөзжасам дағдылары өте кеш қалыптасады;

- СТЖД балалардың көпшілігінде: мамандықты білдіретін сөздер жасау, зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақтарды пайдалану және түсіну дағдыларының біршама қалыптасқандығы анықталды;

- зат есімнен кішірейткіш мән беретін жұрнақ арқылы зат есім тудыру, еліктеу арқылы сөзден зат есім жасайтын жұрнақтарды (-ыл, -іл, -у) пайдалану, түсіну дағдылары төмен деңгейде дамығаны байқалды;

- СТЖД балалар үшін біршама қиындық тудыратыны -шек, -ке, -шең, -шік жұрнақтары арқылы күнделікті сөздігінде қолданбайтын сөздерді жасау; ал, көр, іл сөз негізіне жұрнақтар қосып, түбірлес сөз жасауы; зат есімдерден жұрнақтар арқылы туынды сөз жасау дағдыларының өте төмен деңгейде екені анықталды;

- СТЖД балалар кейбір тапсырмаларды әр түрлі көмекті пайдаланып орындағанымен, жаңа сөздің мағынасын толық, саналы түрде түйсінбейтіні анықталды.

Үшінші бөлімде алынған мағлұматтарға сүйеніп, дамыту әдістемесін құрастырдық. Құрастырылған әдістеме бойынша сынақ оқыту жұмысын жүргіздік. Нәтижесін салыстыру үшін екі топқа бөлдік. Біріншісі, бақылау тобы, ал екіншісі эксперименталды топ. Екі топтың нәтижесін салыстыра отырып, оқыту және түзету жұмысының қаншалықты маңызды екендігіне тағы да көз жеткіздік. Сонымен біз мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөйлеу тілінің сөзжасам дағдыларын дамытуда әрбір баланың жеке және жас ерекшеліктері, сөйлеу тілінің даму деңгейі, қажеттіліктері мен берілетін тапсырмалардың көлемі, жұрнақтардың күрделілігі ескерілуі тиіс екендігін айтамыз.

СТЖД балалар сөз түрлендіруші жұрнақтарды қолдануда қиналады (үйшік, жолақша, тақтайша). Сөзжасам дағдыларын игеруде балалар сөздердің көпмағыналылығын жеткілікті түсіне алмайды. Балалар көпше түрдегі сөздердің атау, табыс, барыс септіктеріндегі формаларын игерумен шектелді. Қажетті септікке қоюды талап ететін сұрақтарға жауап беруде балалар қиналған жоқ.

СТЖД балаларда үстеу мен зат есімнен сөз тіркесін құрғанда, атау септіктен басқазат есімді көпше түрде септегенде қиындықтар туындайды. Сонымен қатар, зат есімнен сын есімді құрағанда сөзжасам дағдыларын жеткіліксіз меңгергендігі байқалады (гүл-гүл-ді, ою-ою-лы, тау-тау-лы, жаңбыр-жаңбыр-лы).

Әдетте балалар сөздерді құрау немесе түрлендіру мақсатында жұрнақтарды қолданады. Алайда мұндай жұрнақ түрлері шектеулі.

Бала сөзжасамды өз бетімен меңгеруі үшін естігеннің мағынасын түсінуі қажет, сондықтан оның естіп-қабылдауын дамыту керек; балалардың қоршаған орта жайлы түсініктерін толықтырып, сәйкесінше қажетті сөздерді (басқа сөз таптарынан құралған), басқа сөз табындағы сөздерді көп қолданатындай етіп, грамматикалық құралдардың мағыналық жағын игере отырып, сөздік қорын байыту қажет.

СТЖД балалар психикалық үрдістердің әртүрлі даму дәрежесімен ерекшеленеді. Сондықтан, тәрбие үрдісін тек әр баланың индивидуалды психофизиологиялық ерекшеліктерін білу арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Сөзжасам қалыпты болсын, патологиялық даму жағдайында болсын, көпжақты күрделі үрдіс болып табылады. Бала бес жасында сөзжасам түрлерін қарқынды меңгере бастайды. Сөзжасам мен сөз түрлендіру тез қалыптасады: балалар барлық сөз таптарын белсенді қолдана бастайды.

СТЖД-ын тек педагогикалық ұжым бірыңғай, тығыз байланысқан үйде жұмыс істегенде және балаға бірдей талаптар қойған жағдайда ғана түзетуге болады. Сөйлеу тілін түсіну және қабылдаудың дамуы нәтижелі әрекетте анағұрлым тезірек қалыптасады, себебі әрекет барысында ғана сөйлеу тілі тәжірибелік маңызға ие болады. Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың сөздерді құрастыруында ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік берді: СТЖД балалар көп жағдайда жаңа сөздерді құрау барысында қиналады, себебі, сөзжасам жалпылау, талдау, жинақтау секілді ойлау үрдістерінің негізінде жүзеге асырылады және сөйлеу тілі мен интеллектуалды ойлау әрекеттерінің жоғары деңгейде болуын қажет ететін үрдіс. Мұндай қиындықтар өз ойларын айтуда грамматикалық құралдарды таңдауда, сөйлем құрау барысында оларды байланыстыруда, морфемаларды ерекшелеуде және мағынасын дыбыстық айтылуымен сәйкестендіруде көрініс табады.

Біздің құрастырған сөзжасам қабілеттерін зерттеуге арналған әдістемелерді құрастырып, қазақ тілінің сөзжасамының ерекшеліктерін ескеріп, және арнайы жаттығуларды қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын тексеру СТЖД балалармен жүргізілетін қажетті жұмыстың негізгі түрлері мен бағыттарын анықтады. Жүргізілген эксперимент төмендегіні көрсетті:

- сөзжасамның кейбір элементтері және сөзжасамды қолданудың жалпы деңгейі айтарлықтай жоғарылады;

- сөзжасам үрдісі балалар үшін үйреншікті үрдіске айналды және қиындық туғызбайтын болды;

- өз бетімен жұмыс істеу, алынған білімдерді жаңа жағдайларда қолдану, оларды түрлендіру және шығармашылық элементтерін қосып (тапсырманы өзбетінше орындау, жаңа амалдар ойлап шығару), бала шығармашылығы нәтижелі дамиды.

Осылайша, жүргізілген жұмыстың мақсатына жетіп, болжамды дәлелдедік. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың жаңа сөз жасауға дайындығын дамыту әдістемесі бойынша:

Бағыттаушы әрекет.

Жұмыстың аталған тарауының негізгі міндеті болып балалардың бағыттаушы-зерттеушілік іс-әрекетінің негізінде сөзжасам дағдыларының қалыптасуына қажетті негізгі жағдайларды айқындау болды. Тарау мазмұнында *екі нақты бағытты* ажыратуға болады.

Біріншісі- балаларда сөздердің формальді-семантикалық құрылымына алдын ала бейімделу келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады: сөздердің буындық ұзындығы, түбір сөздердің дыбыстық жағынан ұқсастығы.

Балаларды сөздердің морфемдік құрамына бейімдеу мақсатында бинарлы (жұп) қарама-қайшылық әдісі қолданылды. Ол өз алдына мазмұндық аспектімен салыстырылады. Арнайы жаттығуларға арналған лексикалық материалдарды таңдаудың ерекшелігіне тоқтала кетейік. Заманауи лингвистика саласында сөздердің бөліну деңгейіне қарай екі топ ажыратылады: негізгі түбір сөздер: «үй», «гүл»; және туынды сөздер: «үйшік», «гүлді». Сөздерді аталған қағида бойынша жіктеу бейімделуге қажетті критерийлердің дұрыстығын айқындады.

Түбір сөздер мен туынды сөздерді жұптарға біріктіре отырып, келесі шарттарды сақтау қажет:

- сөздер арасында айтарлықтай семантикалық айырмашылық болуы тиіс, мысалы, «домбыра-домбырашы». Сөз түрлендіруші жұрнақтар сөздің мағынасын толықтай өзгертпейді, тек сапалық мағынасына әсер етеді; сондықтан қарама-қайшы мағыналы сөздерді жұптастыруды дұрыс шешім ретінде қарастыруға болмайды.

- түбір мен туынды сөздер арасында кинестетикалық өзгешеліктердің болуы. Бірқатар жағдайларда айырмашылық тек бір дыбысқа сүйенген кезде, бала сөздер арасындағы айырмашылықты аңғармайды.

- нақты сөзжасам қағидаларын пайдалану: жұрнақтар-зат есімдер мен сын есімдер үшін қолданылады.

- бөлінуге оңай келетін сөздерді таңдау: «үй-үйшік».

Жұмыстың бірінші бағытының мазмұны жеке және топтық сабақтарда жүзеге асырылады. Мұндай сабақтар аптасына 2-3 рет өткізіледі, сабақ ұзақтығы 10-15 мин аралығын құрайды.

Экспериментті жүргізу нәтижесінде жалпылау, морфологиялық элементтерінде сөздерді бекітіп, семантикалық, фонетикалық ережелерді балаларға үйрету керек. Кейіннен бұл «мәтіндік сөйлеу» дағдыларын бекітуге ықпалын тигізеді.

3.3 Эксперименталды оқытуды талдау

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арнап құрастырылған әдістеме, аталған балаларға арналған мектепке дейінгі мекемедегі жалпы коррекциялық-тәрбиелеу процесі барысында іске асырылды. Эксперименталды оқытуға мектеп жасына дейінгі (5 жас) сөйлеу тілі жалпы дамымаған 56 бала қатысты. Сөзжасам дағдыларын дамыту әдістемесінің тиімділігі бақылау тапсырмаларын балалардың жоғары дәрежеде орындауымен дәлелденді. Сондай-ақ, оларды орындау сапасындағы оңды динамика сөзжасам

операцияларын жасаудың жақсы көрсеткіштерінің көбеюінде көрінді. Және де, тапсырмаларды орындауды бағалаудың сандық көрсеткіші жоғары болды, ол балалардың адекватты және адекватсыз әрекеттерінің қатынасын көрсетті. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

- сөзжасам әрекеттерінің алдындағы және соңындағы сөзге талдау жасау білігі;
- жаңа сөздердің семантикалық түсіндіру дағдыларын меңгеруі;
- жаңа сөздердің дыбыстық және морфемдік құрамында адекватты түрде бағдарлауы;
- тілдің әр түрлі сөзжасамдық моделдеріне сәйкес жаңа сөздерді жасау тәсілдері мен құралдарын меңгеруі;
- балалардың сөзшығармашылық белсенділігінің туындауы;
- әр түрлі тіл міндеттерін шешкенде сөзжасамдық талдау мен жинақтау дағдыларын қолдану білігі;
- сөзжасау әрекеттерін орындағанда қателердің саны мен түрлерінің азаюы;
- сөйлеу тілінде жаңа сөз бірліктерін белсенді қолдану;
- жалпы оқу әрекетіне деген танымдық қызығушылығының артуы.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың бақылау тапсырмаларын орындауларын нақты қарастырайық. Біз құрастырған әдістеме бойынша барлық бөлімдерде балаларды толық оқытудың тиімділігі оқуға дейінгі кезбен салыстырғанда жоғары деңгейді көрсетті.

Сөзжасамды дамыту әрекеттерін жүргізудің сәттілігінің көрсеткіштері пайызбен салыстырғанда дәлелденіп тұр.

Кесте 13 - СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың тапсырмаларды ЭТ және БТ сәтті орындауының салыстырмалы талдауы (%)

Тапсырма	1- тапсырма				2- тапсырма				3- тапсырма				4- тапсырма				5- тапсырма			
	жоғары	орташа	төмен	өте төмен деңгей	жоғары	орташа	төмен	өте төмен ей	жоғары	орташа	төмен	өте төмен нгей	жоғары	орташа	төмен	өте төмен гей	жоғары	орташа	төмен	өте төмен
ЭТ	18	26	4 8	8	1 6	3 4	3 2	1 8	2 4	3 6	2 8	1 2	40	3 2	1 8	10	2 4	4 6	2 6	4
БТ	8	19	5 1	1 2	1 1	1 8	5 0	2 1	1 2	2 8	4 0	2 0	14	2 8	3 6	22	8	3 2	5 2	8

13-шы кестеде көрсетілгендей СТЖД балалардың сөздің морфемдік элементін бөлудегі бағдарлау іс-әрекетінің қалыптасу деңгейін анықтауда, зат есімдердің сөзжасаушы жұрнақтарын бөлуін анықтауда бірінші тапсырмасы берілген сөздерден мамандықты білдіретін сөздерді жасау бойынша ЭТ 18 % -ы жоғары деңгейде, (анықтаушы экспериментте 6% еді), 26 %-ы орташа деңгейде, (анықтаушы экспериментте 16% еді), төмен деңгейде -48%, (анықтаушы экспериментте 56% еді), өте төмен деңгейде 8 % (анықтаушы экспериментте 22% еді), орындағанын көріп отырмыз. Бақылау тобы соған сәйкесінше анықтаушы эксперименттен сәл жақсырақ көрсеткішке ие болып отыр, сондай-ақ 8 % - жоғары деңгейде, 19 %- орташа деңгейде, төмен деңгейде -51%, өте төмен деңгейде 12 % орындағанын көріп отырмыз. Оның себебі, бақылау топ балалары бір орында тоқтап қалмай, анықтаушы эксперименттен оқу жылының соңына дейінгі уақытта арнайы балалар бақшасындағы түзете-дамыту процесіне қатыспы, оның нәтижесі деп білеміз. Эксперименталды топ балалары ұсынылған тапсырмаларды орындау жетістіктері жоғарылығын біз құрастырған моделдің тиімділігі деп түсінеміз. Ұсынылған тапсырмаларды орындауда алдағыдан айырмашылығы, балалар сөздердің морфемдік бөліктерін табуда сәл де болса жоғарырақ көрсеткіштерге қол жеткізді.

Ұсынған екінші тапсырманы орындауда ЭТ балалары затты белгілеу үшін, кіші заттық мән білдіретін жұрнақтарды бөлу (зат есімнен зат есім тудыратын -*ша*, -*ше*, -*шік*) дағдысын анықтау бойынша кестеде көріп тұрғанымыздай: жаңа сөздерді жасауда жоғары деңгейде 16%, (анықтаушы экспериментте 4% еді), орташа 34% (анықтаушы экспериментте 14% еді), төмен 32%, (анықтаушы экспериментте 58% еді), өте төмен 18% (анықтаушы экспериментте 24% еді) құрады. Бақылау тобы соған сәйкесінше анықтаушы эксперименттен сәл жақсырақ көрсеткішке ие болып отыр, сондай-ақ 11 %-ы – жоғары деңгейде, 18 %-ы – орташа деңгейде, төмен деңгейде -50%, өте төмен деңгейде 21 % орындағанын көріп отырмыз.

Үшінші тапсырманы ЭТ орындауы мынандай көрініске ие болды: жоғары деңгейде 24% (анықтаушы экспериментте 8% еді), орташа 36% (анықтаушы экспериментте 24% еді), төмен 28%, (анықтаушы экспериментте 44% еді), өте төмен 12% (анықтаушы экспериментте 24% еді). Бақылау тобы соған сәйкесінше анықтаушы эксперименттен сәл жақсырақ көрсеткішке ие болып отыр, сондай-ақ 12 % -жоғары деңгейде, 28 %- орташа деңгейде, төмен деңгейде -40%, өте төмен деңгейде 20 % орындағанын көріп отырмыз.

Төртінші тапсырманы ЭТ балалары жоғары деңгейде 40% (анықтаушы экспериментте 10% еді), орташа 32% (анықтаушы экспериментте 22% еді), төмен 18% (анықтаушы экспериментте 40% еді), өте төмен 10% (анықтаушы экспериментте 28% еді). Бақылау тобы соған сәйкесінше анықтаушы эксперименттен сәл жақсырақ көрсеткішке ие болып отыр, сондай-ақ 14 % - жоғары деңгейде, 28 %- орташа деңгейде, төмен деңгейде -36%, өте төмен деңгейде 22 % орындады.

Бесінші тапсырманы ЭТ балалары жоғары деңгейде 24% (анықтаушы экспериментте 6% еді), орташа 46% (анықтаушы экспериментте 28% еді), төмен

26% (анықтаушы экспериментте 56% еді), өте төмен 4% (анықтаушы экспериментте 10% еді). Бақылау тобы соған сәйкесінше анықтаушы эксперименттен сәл жақсырақ көрсеткішке ие болып отыр, сондай-ақ 8 %-жоғары деңгейде, 32 %- орташа деңгейде, төмен деңгейде – 52%, өте төмен деңгейде –8 % орындады.

Бұл экспериментте балалардың көпшылығы жоғары деңгейге өткенін анықтап отырмыз. Дегенмен, ішінара бірінші тапсырма бойынша етікші сөзін етік тігетін ағай, жұмысшыны деген сөздің орнына «жұмыс аға», «жұмыс істеуші аға» т.б. деген сияқты жауаптар бергендері де кездесті. Орташа деңгейде орындағанда балалар сұрақ қойған кезде сатушы, тәрбиеші деп жауап берді. Бірақ кейбіреулері екі сөздің айырмашылығын айтуда қиналып, «сиыр ол үй жануары», «ал сиыршы- ол сиырды қораға қамайтын адам» дегендер де болды. Сауыншы деген сөздің орнына «сиыршы», «сау», «сауушы»; Мал бағатын адамды кім дейміз? (малшы) деген сұраққа: «малғашы», «мал бағушы», «ата бағады» деп жауап бергендер де болды. Үй салатын адамды кім дейміз? (құрылысшы) деген сұраққа: «үй салғыш», «үйші»; Терезеге әйнек салатын адамды кім дейміз? (әйнекші) деген сұраққа: «әйнек салғыншы», «айна салатын», «стекло салады» деген жауаптар кездесті. Балалар жаңа (туынды) сөз жасағанымен, бастапқы берілген сөз бен туынды сөздің айырмашылықтарын түсіндіруде қиналды. Яғни сол кейбір балалар берілген сөз бен өздері жасаған сөздердің мағынасын түйсінбейді, айырмашылықтарын былай деп түсіндіргендер кездесті: «Көрпе – ол жамылатын, ал көрпеше отыратын». Балалар берілген және жасалған сөзді, мысалы «көрпе-көрпеше» сөздерін көлеміне қарай қолданылуын да үйлестіруге тырысып, қате жауаптар берді. Туынды сөз жасау үшін балалар жиі қолданатын жұрнақтарды қосады.

Кесте 14 – СТЖД балалардың балалардың бастапқы формадан туынды сөздерді жасау, мағынасын түсіндіру дағдыларын анықтау (%)

топ	1- тапсырма				2- тапсырма				3- тапсырма				4- тапсырма				5- тапсырма			
	жоғары	орташа	төмен	өте төмен деңгей	жоғары	орташа	төмен	өте төмен сй	жоғары	орташа	төмен	өте төмен нгей	жоғары	орташа	төмен	өте төмен гей	жоғары	орташа	төмен	өте төмен
ЭТ	12	28	56	4	1 8	3 6	3 0	1 6	1 8	3 8	2 6	1 8	1 8	3 4	3 6	1 2	1 0	5 2	2 0	1 8
БТ	6	18	62	1 4	8	2 2	4 6	2 4	8	1 8	4 8	2 6	1 0	2 2	4 4	2 2	4	4 6	2 6	2 4

Балалардың сөздің бастапқы формадан туынды сөздерді жасау дағдыларын айқындау барысында 14-ші кестеде көрсетілгендей, ЭТ балалардың 5 тапсырманы орындаулары мынандай сандық көрсеткіштерге ие болды. Бірінші тапсырманы жоғары деңгейде орындағандар 12% (анықтаушы экспериментте 4% еді), орташа деңгейде -28% (анықтаушы экспериментте 14% еді), төмен -56% (анықтаушы экспериментте 64% еді), өте төмен деңгейде -4% құрады (анықтаушы экспериментте 18% еді). Дәл осы тапсырманы БТ орындау нәтижелері кестеде көрсетілгендей, мынандай болды: жоғары деңгейде орындағандар 6%, орташа деңгейде -18%, төмен -62%, өте төмен деңгейде -14% құрады.

Екінші тапсырма түбірлес сөзжасам дағдысын анықтау дағдыларын тексеруге арналған тапсырманы жоғары деңгейде орындағандар 18% (анықтаушы экспериментте 6% еді), орташа деңгейде -36% (анықтаушы экспериментте 16% еді), төмен -30% (анықтаушы экспериментте 50% еді), өте төмен деңгейде -16% (анықтаушы экспериментте 28% еді) болды. БТ орындау нәтижелері кестеде көрсетілгендей, мынандай болды: жоғары деңгейде орындағандар 8%, орташа деңгейде -22%, төмен -46%, өте төмен деңгейде -24% құрады.


Үшінші тапсырма зат есімдерге жұрнақтарды жалғай отырып, туынды сөзжасау дағдыларын анықтауға арналған болды. Оны орындаулары мынандай көрсеткіштерді белгіледі: жоғары деңгейде орындағандар 18% (анықтаушы экспериментте 4% еді), орташа деңгейде -38% (анықтаушы экспериментте 12% еді), төмен -26% (анықтаушы экспериментте 54% еді), өте төмен деңгейде -18% (анықтаушы экспериментте 30% еді). Дәл осы тапсырманы БТ орындау нәтижелері кестеде көрсетілгендей, мынандай болды: жоғары деңгейде орындағандар 8%, орташа деңгейде -18%, төмен -48%, өте төмен деңгейде -26% құрады.

Төртінші тапсырма жұрнақтарды пайдалануын анықтау мақсатын көздеген еді. Оны орындаулары мынандай көрсеткіштерге ие болды: жоғары деңгейде орындағандар 18% (анықтаушы экспериментте 8% еді), орташа деңгейде -34% (анықтаушы экспериментте 18% еді), төмен -36% (анықтаушы экспериментте 48% еді), өте төмен деңгейде -12% (анықтаушы экспериментте 26% еді) құрады. БТ орындау нәтижелері кестеде көрсетілгендей, мынандай болды: жоғары деңгейде орындағандар 10%, орташа деңгейде -22%, төмен -44%, өте төмен деңгейде -22% құрады.

Бесінші тапсырма зат есімнен (-дай, -дей, -тай, -тей) жұрнақтарымен сын есім жасау дағдысын анықтауға арналған болатын. Оны орындауда балалар келесідей пайыздық көрсеткіштерге ие болды: жоғары деңгейде орындағандар 10% (анықтаушы экспериментте 2% еді), орташа деңгейде -52% (анықтаушы экспериментте 40% еді), төмен -20% (анықтаушы экспериментте 28% еді), өте төмен деңгейде -18% (анықтаушы экспериментте 30% еді) құрады. Дәл осы тапсырманы БТ орындау нәтижелері кестеде көрсетілгендей, мынандай болды: жоғары деңгейде орындағандар 4%, орташа деңгейде -46%, төмен -26%, өте төмен деңгейде -24% құрады.

Кесте 15 – ЭТ және БТ сөзжасам дағдыларының салыстырмасы (%)

Қатысқан топ	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	өте төмен деңгей
ЭТ	19,8	36,2	32	12
БТ	6	20,4	49,6	21,8




Сурет 30– ЭТ және БТ сөзжасам дағдылары салыстырмасының диаграммасы.

Жоғарыдағы 15-кесте мен 30-суретте көріп тұрғанымыздай, ЭТ және БТ балаларының сөзжасам дағдыларының қалпының айырмашылықтарын көріп отырмыз, ЭТ балаларының жоғары деңгейде орындауы 19,8 % -ды құраса, БТ балаларының деңгейі 6 % -ын құрады. Орташа деңгейді құрағандары ЭТ 36,2%, БТ 20,4%; төмен деңгейдегілер ЭТ 32 %-ды, БТ 49,6%-ды; өте төмен деңгей ЭТ 12%-ды, ал БТ 21,8%-ға ие болды. Эксперименталды оқытуға қатысқан балалардың сөзжасам дағдылары жоғары деңгейде орындағандар бақылау тобынан 3,3 есеге артық, ЭТ орташа деңгейдегілері де БТ-нан 15,8% –ға артық, ЭТ-тың төмен деңгейіндегілер 32, ал БТ-дағылар 17,6% - ға көп, өте төмен деңгейдегілердің 9,8%-ға аз екенін байқап, яғни, арнайы, біз құрастырған әдістеменің тиімділігі бар екеніне көз жеткізіп отырмыз.

Кесте 16 – ЭТ және БТ сөзжасам жұрнақтарын қолдану және түсіну және жаңа сөздің мағынасын түсіндіру қалпы (%)

Қатысқан топ	жоғары деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	өте төмен деңгей
ЭТ	15	27	52	6
БТ	12	18	44	26



Сурет 31– ЭТ және БТ сөзжасам жұрнақтарын қолдану және түсіну және жаңа сөздің мағынасын түсіндіру қалпы

16-ші кестеде сөзжасам жұрнақтарын қолдану және түсіну және жаңа сөздің мағынасын түсіндіру қалпын пайыздық сәйкестендіруін көріп тұрғанымыздай, ЭТ балаларының жоғары деңгейде орындауы 15 % -ды құраса, БТ балаларының деңгейі 12 % -ды құрады. Орташа деңгейді құрағандары ЭТ 27%, БТ 18%; төмен деңгейдегілер ЭТ 52%, БТ 44%; өте төмен деңгей ЭТ 6%, ал БТ 26% құрап отыр.

Кесте 17 - СТЖД мектеп жасына дейінгі балалардың әртүрлі сөз таптарынан сөзжасауларының эксперименталды оқытуға дейін және кейін орындауының салыстырмалы талдауы (%)

Тапсырмалар	нақтылығы			түсіндіруі	сөзжасауы		
	Зат есім	Сын есім	Етістік		Зат есім	Сын есім	Етістік
Оқытуға дейін	62	52	64	13	51	41	64
Оқытудан кейін	68	59	58	19	59	49	68

Сызбадан СТЖД балалар нақтылауға, семантикалық түсіндіруге және сөзжасауға бағытталған бақылау тапсырмаларын жақсы орындағанын байқадық. Сондай-ақ, мұндай тапсырмаларды мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар барлық жағдайларда адекватты түрде орындады, қате жауаптары аз болды. Әсіресе, балалардың жаңа сөздердің семантикасын және мағынасын түсіндіру дағдыларын меңгергенінде позитивті өзгерістер байқалады (13% сәттілік оқытуға дейін, 19 %- оқытудан кейін). Жаңа сөздердің семантикалық аспектісін меңгеру көрсеткішінің мұндай шұғыл көтерілуі, сөзжасау дағдыларын жалпы меңгеруге оңды әсер етті: сөзжасауға бағытталған

тапсырмаларды орындаудағы нәтиже жоғары және бірқалыпты ситаппа. Бұл көрсеткіштер, ұсынып отырған әдістеменің сөйлеу тілінің жалпы дамымауындағы коррекциялық ықпал етудің жалпы жүйесінде, тиімділігі мен пайдалы екенін дәлелдейді [239].

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам үрдістерін меңгеруінің динамикалық аспектісінің сипаттамасына жеке тоқталайық.

Кесте 18 - СТЖД мектеп жасына дейінгі балаларды эксперименталды оқытуға дейін және кейін белгіленген сандық көрсеткішін талдау

Тапсырмалар	нақтылығы			түсіндіруі	сөзжасауы		
	Зат есім	Сын есім	Етістік		Зат есім	Сын есім	Етістік
оқытуға дейін	2,0	1,5	2,4	0,3	1,3	1,0	2,2
оқытудан кейін	22,0	23,3	47	30,3	17,16	16,6	47,0

Балалардың қалыптастыру экспериментіндегі дағдыларының жоғарылағанын байқадық, олар тапсырманы орындауда сөздің семантикасын ескеріп, белгілеуге логопедке түсіндіруге тырысып, жақсы жауаптар берді. Яғни анықтаушы экспериментке қарағанда, жұрнақтардың мәнін түсініп, сөздерде дұрыс қолданды.

Біз ұсынған екі серия бойынша тапсырмаларды балалар жақсы орындауы түбірлес сөзжасау және зат есімдерге жұрнақтар жалғай отырып, туынды сөз жасауы болды, ұсынылған сөздерге жұрнақтарды қосып, жаңа сөз жасауын байқадық. Сонымен бірге – *ша*, *-ше*, *-шік* жұрнақтары арқылы сөзжасауда қазақ тіліндегі әртүрлі жұрнақтарын пайдаланып мамандық, кәсіп иесін атау, қос сөздерден сөз жасау, кішірейткіш мән беретін жұрнақтарды қосып, жаңа сөз жасаулары жоғары көрсеткіштерге ие болғанын байқадық. Бұндай тапсырмалар бойынша балалар жақсы нәтиже көрсеткенімен, ішінара сөздерді морфема арқылы құрастыруға дайын еместері де кездесті.

Қалыптастырушы зерттеу барысында алынған мағлұматтарды талдай келе мектеп жасына дейінгі балалар зат есім, сын есімдерге жұрнақтарды жалғап, сөз жасам дағдыларының ерәуір қалыптаспағанына көз жеткіздік. Сөйтіп жүргізілген зерттеу негізінде біз сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөз құрастыруда, сөзжасауда дағдыларын едәуір жоғарылап, түрлі жұрнақтармен жаңа сөз жасауы жақсарғанын, ауызша сөйлеу тілінде сөз жасау жұрнақтарын дұрыс қолданып бастағанын, берілген грамматикалық түрлердің қалыптасқанын белгіледік.

Бұл жағдайда бала негіздерге дыбысталу жағынан сәйкес аффиксті қолданып үйренді. Балаларда ана тілінің морфологиялық жүйесі дамыған және тілдің ерекшелігін сезіне бастағанын дәлелдейді.

Көрсетілген сандық көрсеткіштер арнайы оқытудың нәтижесінде мектеп жасына дейінгі СТЖД балалардың күрделілігі әр түрлі сөзжасам операцияларын орындағандағы адекватты әрекеттерінің үстем болуының нәтижесін көрсетеді.

Аталған сандық көрсеткіштерден басқа, сынақтан өткен әдістеменің нәтижелілігі балалардың сөйлеу әрекетіндегі сапалық өзгерістермен дәлелденеді. Сондай-ақ, балалардың түсіндіру жауаптары көп сөзден құралды және жайылма сипатта болды. Балалардың әңгімелеулерінің ашықтығы сөзге айналдырумен емес, балалардың сөзжасамдық талдау негізінде, жаңа сөздің мағынасының көп аспектілігін адекватты түрде, ашуға ұмтылыстарымен белгіленді.

Арнайы оқытудан өткен мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларда, сөйлеу тіл жағдайының құбылыстарына танымдық қызығушылығының артуы байқалды. Осы тұжырымды тілдің жаңа бірліктерінің көмегімен белгіленген жағдайлардағы сөздерді талдауды белсенді түрде қолдануы дәлелдейді.

Эксперименталды оқытудың оңды нәтижесі – ол балалардың жалпы сөйлеу белсенділігінің артуы. Оны балалардың жаңа сөздерді мәтіндік сөйлеу тілінде адекватты түрде қолдануында, белсенді сөз шығармашылық әрекеттерінде, сөзжасамның алдында және кейін сөзге ашық, тиянақты талдау жасау білігінде байқауға болады.

Эксперименталды оқыту нәтижелері, балалардың оқыту барысында көп аспектілі сөзжасамдық түсініктер, білім, білік, дағдыларды және оларды практикалық түрде қолдануды толық меңгергенін дәлелдейді. Сонымен, балаларда сөйлеу мүмкіндіктерінің жалпы құрамындағы сөзжасам дағдылары қалыптасқандығы туралы айтуға болады.

Осындай сәттілік, сөйлеу тілінің жалпы дамымауын түзетуге бағытталған логопедиялық жұмыстың тиімділігін арттыруда өз орнын тапты.

Сонымен, қалыптастыру экспериментінің нәтижелерін талдай келе, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық модель негізгі және тиімділігі дәлелденді деп сенімді айтамыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту» тақырыбындағы зерттеу жұмысында алынған нәтижелер бойынша төмендегідей қорытындылар жасауға болады. Зерттеу тақырыбы аясында нормативтік құжаттар мен ғылыми еңбектерге шолу жасалып, талданды, мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту мәселесінің өзектілігі дәлелденді.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту мәселесінің теориялық- әдіснамалық негіздері айқындалды, психологиялық-педагогикалық, арнайы, лингвистикалық ғылыми еңбектерге талдаулар жасалды.

Анықтаушы эксперимент екі блоктан құрылды: бірінші блок – логопедтерге арналған сауалнама. Оның мақсаты СТЖД балалардың сөзжасам дағдыларын анықтау/дамыту мәселелеріндегі логопедтердің құзыреттіліктерін анықтау және логопед мамандардың «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» мазмұнын айқын білуін анықтау болды. Логопед мамандардың басым пайызы «Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» мазмұнын айқын білетінін, ал ішінара логопедтер нақты білмейтіндері анықталды.

Кейбір әріптестердің СТЖД балалармен түзету-педагогикалық жұмыста сөзжасам дағдыларын анықтау/дамытуда құзыреттілігі жеткіліксіз, ал келесілері сөзжасам дағдыларын дамытуға көңіл бөліп, түзету логопедиялық жұмысын жүргізгенімен, нақты әдіс-тәсілдер қазақ тілінде тапшы екеніне көз жеткіздік.

Екінші блок – СТЖД III-деңгейдегі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктерін анықтау эксперименті болды.

Жоғарыда айтылғанды ескеріп және сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөз арқылы қарым-қатынас жасауын дамытуға сөзжасамды меңгеруінің маңыздылығын ескеріп, аталған категориядағы балалардың сөзжасам процестерін зерттеудің ғылыми-негізделген әдістері құрастырылып, қолданылды.

Жүргізілген зерттеу, мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың әр түрлі сөйлеу әрекетінде, тіл белгісі ретіндегі сөзжасам морфемаларын меңгеруінің төмен екенін анықтауға мүмкіндік берді.

Анықталған жетіспеушіліктер сөзжасамның барлық процестерінің жасқа сай емес болып, кешігіп қалыптасуында, сөз құрамындағы сөзжасам морфемаларын бөлу мен түйсінудегі қиындықтар, сөзді жасау мен жасалған сөздердің атауларын түсіндірудегі қиындықтарда байқалды.

Аталған жағдайлар эксперименталды зерттеу барысында алғаш жүйеленді, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасаудағы қателерінің топтастырылуымен дәлелденді.

Жоғарыда айтылғанның бәрі, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам процестерінің жеткіліксіздігінің жүйелі, терең сипатқа ие және баланың жасы есейе келе, әдеттегі арнайы түзете тәрбиелеу мен оқыту әдістерінің әсерінсіз, өзі қалыптаспайтынын дәлелдейді.

Бұл тұжырым мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ тілді балалардың сөзжасам мүмкіндіктерін эксперименталды зерттеу барысында толық дәлелденді. Балалардың тәжірибелік тапсырмаларды орындау нәтижесі олардың сөзжасам дағдыларының жетілмеген, сөздің дыбыстық және морфемдік құрылымында бағдарлағанымен, туынды сөз құрамындағы сөздің лексикалық-мағыналық жағының көпсаласын толық игере алмайтындығын көрсетті.

Диссертациялық жұмыста мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған қазақ тілді балалардың ана тіліндегі сөзжасамды меңгеруі артта қалатыны дәлелденіп отыр. Зерттеуіміз көрсеткендей, мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың туынды сөздің семантикасын және сөзжасаушы құралдар мен тәсілдерді меңгеру төмендігі аталған балалардың ауызша сөйлеу тілінің дамуына, атап айтқанда сөздік қоры жағына да, мектепке дейінгі білім беру ұйымының бағдарлама талаптарын меңгеруге де, әсер етеді.

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасамды меңгерудегі қиындықтарын талдау барысында сөзжасамды толық меңгеру тек туынды сөз жасаушы әдіс тәсілдерді игеру ғана емес екенін дәлелдеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде, жаңа сөздердің семантикасын, сөзжасамның тәсілдері мен құралдарын меңгеру деңгейі төмен болу салдарынан СТЖД балалардың ауызша сөйлеу тілінің дамуы артта қалып, сөз қоры да аз болып, балабақша бағдарламасында қойылған білім, білік, дағдыларды меңгеруге кедергі болатынына көз жеткіздік.

Сонымен, жүргізілген зерттеуде біз сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту мәселесін егжей –тегжейлі зерттеп, анықтадық. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың сөзжасам дағдылары–сөзжасамдық түсініктер, білім, білік және оларды ауызша, кейін жазбаша сөйлеу тілінде, практикалық түрде қолдану дағдыларының қосындысы. Бұл түсінікті негіздей отырып, сөйлеу тілі жалпы дамымауындағы коррекциялық-дамыта оқытудың жаңа аспектілерін белгілеуге болады.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі қазақ тілді балалардың сөзжасам дағдыларының жағдайын зерттеп, ерекшеліктерін белгілеп, аталған дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрылып, іске асырылды. Ол зерттеу жұмысымыздың мақсатына сәйкес келеді.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын дамыту моделін құру негізіне жалпы және жеке қағидалар алынды. Олар заттық - практикалық, көрнекілік, ойын, сөздік және шығармашылық әдістер негізінде қамтылды.

Біз құрастырған әдістер эксперименталды зерттеу барысында іске асырылды.

Қойылған мақсаттарға жету үшін, арнайы құрастырылған сөзжасамды дамыту моделін қолдандық.

Оның аясында логопедиялық жұмыстың келесі кезеңдері белгіленді:

- бірінші – дайындық – мотивациялық лексиканың базалық сөздігі мен сөзжасамды меңгеруге деген когнитивті-сөздік алғышарттарды, грамматикалық жағы, семантикасы мен дыбысталуындағы айырмашылықты салыстыру;

